

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Қорғауға жіберілді»

«__» _____ 2015__ж

«Журналистика және филология»

кафедрасының меңгерушісі,

филол. ғ. д., проф.

_____ А.Р.Бейсембаев

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**Тақырыбы: «Ұлттық мінез көрінісі ретіндегі фразеқордағы
тілдік бірліктер (Оралхан Бөкей шығармалары бойынша)»**

Мамандығы: 6М020500 – Филология

Орындаған ФИЛк(М)-201

тобының магистранты _____ **К.К.Негманова**
(қолы)

Ғылыми жетекшісі

филол. ғ. д., профессор _____ **Б. Сағындықұлы**
(қолы)

Павлодар 2015

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

К.К.Негманова

**Ұлттық мінез көрінісі ретіндегі фразеқордағы тілдік бірліктер
(Оралхан Бөкей шығармалары бойынша)**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

мамандық – 6М020500 «Филология»

Павлодар 2015

АННОТАЦИЯ

Данная магистерская диссертация рассматривает нацию и ее национальные особенности.

Актуальность магистерской диссертации определяется тем, что национальный характер определяется в прозе в виде фразеологизмов.

В первой главе магистерской диссертации раскрываются понятия нации и характерные черты, особенности, интересы.

Вторая глава магистерской диссертации раскрывает фразеологизмы национального характера в произведениях, в прозе. Определяет степень национально-культурных особенностей в тексте.

Теоретическая значимость магистерской диссертации определяется ее рассуждением идеи, творческих поисков, присущих казахской литературе, дифференциация тематических, познавательных направлений в годы независимости. Результаты исследования могут служить пособием для будущих соискателей.

Практическая значимость работы состоит в возможности использования ее материалов и результатов в практике, анализ произведений может найти применение на уроках казахской литературы.

Бұл магистрлік диссертацияда ұлттың елдік негіздері қарастырылып, ұлттық болмыстың тіл арқылы шығармадағы көрсеткіштері айқындалады. Яғни ұлттық болмыстың көркем мәтіндегі көрінісі фразеологизмдердің ерекше орын алуымен танылады. Зерттеу жұмысында ұлттық мінез көрінісіндегі фразеологиялық қордағы тілдік бірліктерді анықтауға баса назар аударылады.

Магистрлік жұмыстың өзектілігі зерттеу жұмысымыздың негізі – ұлттық мінез көрінісіндегі фразеқордағы тілдік бірліктерді анықтау. Қазақ халқының ұлттық танымын, яғни рухани-мәдени құндылықтарын тіл арқылы жеткізген деректерді талдау. Көркем прозада осы ұлттық болмысты ашып көрсететін фразеологиялық бірліктерді анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстанымы болып табылады, әрі оның өзектілігін айқындайды.

Магистрлік жұмыстың бірінші тарауында ұлт және оның елдік негіздері ашып көрсетіледі. Мұнда ұлттың ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілері қарастырылған.

Жұмыстың екінші тарауында ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінетін болғандықтан, сол тіліміздің байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдерді қарастырады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері тіл білімінің фразеология аясында белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады деп ойлаймыз. Зерттеу барысында талдау жасалынған тілдік деректерді қазақ тілінің түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерін құрастыруға пайдалануға болады деп есептейміз.

ANNOTATION

The Master's thesis examines the foundations of the state of people, as well as examines vernacular poetry. In folk idioms literatures occupy a significant role. The scientific work pays considerable attention to the idioms.

The relevance of master's work is the basis of scientific work. This is based on the background of the character of the people.

Calculate the data that describe information about the Kazakh people. Determine phrase logical unit that show the national life in the prose.

The first chapter of master's work shows national and foundations of the state.

The second chapter covers the basics of national culture, the literary life, idioms that replenish and enrich native language.

During the study we examined the language data explain the Kazakh language that may be useful in the future.

КІРІСПЕ.....	7
1 Ұлт және оның елдік негіздері.....	11
1.1 Ұлттық мінез белгілері.....	11
1.2 Ұлттық психология мәні.....	19
1.3 Ұлт – мемлекеттің мәдени-әдеби зоры.....	23
2 Көркем шығармадағы ұлттық болмыстың тілдік бірліктер арқылы көрінісі.	29
2.1 Фразеологизмнің құрылымы	29
2.2 Фразеологизм – адам ой-негізін қалыптастырудың тілдік бірлігі.....	38
2.3 Көркем шығармадағы фразеологизмнің қолданысы.....	44
ҚОРЫТЫНДЫ.....	60
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	67
МАЗМҰНЫ	

КІРІСПЕ

Әрбір халықтың өзіндік тілдік ерекшелігін анықтайтын дәстүр болмысы, ұлттық нақышы, ұлттық сипаты таным түсінігімен ерекшеленеді. Әр ұлттың, өзіне тән айырмашылығын, елдік негіздерін айқындайтын болмысы, дәстүрі, ұлттық мінезі, ұлттық танымы мен сипаты, ұлттық намысы, ұлттық мүддесі, ұлттық психологиясы мен өзіндік санасы, ұлттық рухы сол халық пайда болғаннан бастап қалыптасады.

Сондай-ақ ұлттың ұлт болып қалыптасуына тікелей байланысты әрі маңызды рөл атқаратын елдік негіздің басты нышаны ұлттық тіл деп айтуға болады. Ұлттық тіл ұлт болып қалыптасқан халықтың рухын, ділін, мәдениетін көрсететін қарым-қатынас құралы, ұлттық бірегейліктің қажетті де, ең маңызды нышаны. Өзінің даму дәрежесіне қарай тіл: ру тілі, тайпа тілі, ұлт тілі болып бөлінеді. Ұлттық тілдің жасалуының бір белгісі – жазба әдеби тілдің қалыптасуы. Ұлттық тіл қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайға байланысты өзгеріске ұшырап, дамып, түрленіп, жаңарып отырады».

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи белестер, ұлы өзгерістер сыры ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тіліміздің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдер екені даусыз. Әлем жұртшылығы жиырма бірінші ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тіліміздің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынана да өз негізі бар.

Жалпы, тіл білімінде фразеология мәселесі көп зерттеліп келеді десек те, әрбір әдеби тіл кезең ерекшелігін ашатын оның бай фразеологиялық қоры мен құрамы туралы арнайы зерттеулер жүргізілген емес. Яғни біздің бұл тақырыпқа арнайы баруымыздың себебі, әдеби тіл дамуының ұлттық кезең сипатын танытатын алғашқы көркем қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер ғылыми тұрғыдан зерттеу нысаны болған емес. Бұл – бір. Екіншіден, жиырмамыншы ғасыр барысындағы қазақ прозасы тілі әр түрлі себептермен толыққанды зерттелмей келеді.

Тілдегі фразеологизмдер – тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойына пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамаас бөлігі. Әр жазушы өз өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады. Шын мәніндегі қазақ көркем прозасының алғашқы қарлығаштары ретінде танылып, Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаев негіздеген жазба әдеби тіл дәстүрін әрі қарай жалғастырған жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ жазушылары осы тіл қазынасын мәнді материал, көркем құрал етіп, әдеби тілдің көркемдік дамуын ілгерілетті.

Сөз өнеріне өткен ғасырдың соңын ала келген, шығармаларының негізгі бөлігін жаңа ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазақ оқырманына ұсынған, қазіргі кезеңде қазақ прозасының көшбасшыларының ізін баса

өздері де көштің алдыңғы қатарында жол бастап жүрген орта буын өкілдері шығармаларының басты нысаны ретінде адам жан дүниесін алып, оның қайшылыққа толы ішкі әлемін барынша шынайы, тереңнен толғап жеткізуге күш-жігерін салды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Әрбір халықтың өзіндік тілдік ерекшелігін анықтайтын дәстүр болмысы, ұлттық нақышы, ұлттық сипаты таным түсінігімен ерекшеленеді. Әр ұлттың, өзіне тән айырмашылығын, елдік негіздерін айқындайтын болмысы, дәстүрі, ұлттық мінезі, ұлттық танымы мен сипаты, ұлттық намысы, ұлттық мүддесі, ұлттық психологиясы мен өзіндік санасы, ұлттық рухы сол халық пайда болғаннан бастап қалыптасады.

Ұлт ұлт болып қалыптасқаннан бастап пайда болатын ұлттық болмыс сол халықтың тұрмысында, тілінде, ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларында көрініс таппауы мүмкін емес. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізі ретінде алып, соған байланысты туындаған тақырыптардың бірі – ұлттық мінез көрінісіндегі фразеордағы тілдік бірліктер. Негізінде қазақ ұлтының тарихы мен мәдениетіне ой жүгіртсек, ұлттық рухты ғасырлар бойы сақтап ұрпағына таныта білген. Ұлттық танымын, яғни рухани-мәдени құндылықтарын тіл арқылы да жеткізген. Көркем прозада осы ұлттық болмысты ашып көрсететін фразеологиялық бірліктерді анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстанымы болып табылады, әрі оның өзектілігін айқындайды.

Зерттеу нысаны. Ұлттық болмысты, ұлттық психологияны, ұлттық мінездің ерекшеліктерін, қазақ мәдениетін көркем шығармада тілдік бірліктер арқылы айқындау. Көркем шығармада орын тепкен фразеологиялық тіркестердің ұлттық мінезді ашатындығын, ұлттық болмыстың нышандарын танытатындығын дәлелдейтін деректерді, фразеордағы тілдік бірліктерді зерделеу.

Зерттеу пәні. Қазақтың прозасының тілі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Ұлттық мінездің ерекшеліктері шығармада тілінде фразеологиялық бірліктер арқылы көрінетінін зерттеу, соған байланысты тұрақты тіркестерді айқындау. Ұлттық болмысты сипаттайтын тілдік бірліктердің рөлі мен шығармадағы алатын орнын түсіндіру. Аталған мақсатты орындауда алға қойылатын *міндеттері*:

- Ұлт ұғымын ашу және оның елдік негіздерімен анықтау;
- Ұлттық мінездің ерекшеліктерін айқындау;
- Ұлттық мінездің, ұлттық психологияның шығарма тіліндегі көрінісін айқындау;
- Фразеологиялық бірліктердің шығармадағы рөлін түсіндіру;
- Фразеологиялық тіркестердің ұлттық сипатын көрсету;
- Көркем мәтінде ұлттық мінезді сипаттайтын деректерді, тұрақты тіркестерді жинақтау;

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Жазушылардың көркем туындылары, фразеологиялық, энциклопедиялық түсіндірме сөздіктер, ғалымдардың еңбектері.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері. Зерттеу, сипаттама, түсіндіру, талдау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Жұмыста көркем прозадағы фразеологиялық бірліктер ұлттық мінез көрінісі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеудің нәтижелері тіл білімінің фразеология аясында белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады. Зерттеу барысында талдау жасалынған тілдік деректерді қазақ тілінің түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерін құрастыруға пайдалануға болады.

Зерттеудің нәтижелері – этнос тарихын, ұлттық дүниетанымды, ұлт мәдениетін тіл арқылы танытуға арналған дәрістерде, көркем мәтінді фразеологиялық талдауға қатысты арнайы курстарды жүргізуде, «Этнолингвистика пәндерін» оқытуда тәжірибеде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері. Бұл жұмысты жазу барысында ұлттық ұғымының мәнін ашуда Қ. Салғараұлының «Ойлан, қазақ!», Р. Сыздықованың «Сөз құдіреті» т.б. әдебиеттер негізге алынды. Теориялық тұжырымдар жасауда Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақ ұлттық энциклопедиясы, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары жинақталды. Ал фразеологиялық бірліктердің көркемдігін ашуда І. Кеңесбаевтың, З. Ахметовтің, Қ. Жұмалиевтің, З. Қабдоловтың т.б. еңбектерін негізге алдық.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Ұлттың ерекшелігі, дүниетанымы, мінезі, тілдік көрінісі;
- Шығармадағы ұлттық сананы ашатын тілдік құралдар, яғни фразеологиялық тіркестер;
- Көркем мәтінде тілдік бірліктер арқылы көрінген ұлттық танымның рөлі, қызметі;

Зерттеу жұмысының жариялылығы. Ғылыми басылымдарда, жинақтарда диссертация тақырыбына қатысты мақалалар жарияланды. Диссертациялық жұмыс келесідей публикация ретінде жарияланды:

- «Шығарма тіліндегі фразоқолданыс»// «С. Дөненнтаев мұрасы: таным және тағылым» ғылыми-практикалық конференция. – Павлодар қ., 2014 ж. – 153-156 б.
- «Ұлт және оның елдік негіздері»// «Collegy.ucoz.ru» интернет-журналы. 15.02.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2)
- «Көркем шығармадағы ұлттық болмыс»// «Collegy.ucoz.ru» интернет-журналы. 10.04.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1)

Кілтті сөздер. Ұлт, ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық мүдде, ұлттық психология, ұлттық сана, этнопсихология, фразеологиялық тіркес, тілдік бірлік, тұрақты тіркес.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 Ұлт және оның елдік негіздері

1. 1 Ұлттық мінез белгілері

Әр ұлттың, әр халықтың өзіне тән ерекшелігін, елдік негіздерін айқындайтын болмысы, дәстүрі, ұлттық мінезі, ұлттық танымы мен сипаты, ұлттық намысы, ұлттық мүддесі, ұлттық психологиясы мен өзіндік санасы, ұлттық рухы сол халық пайда болғаннан бастап қалыптасады. Ұлт дегеніміздің өзі – адамдардың тарихи қалыптасқан жері, тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті ортақ қауымдастық бірлестік. Ұлттық жан күйі үйлесімі үш бөліктен тұрады: олар – ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық мінез.

Салт-дәстүрлер халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, өзгеріп, жаңарып отырады. Кез келген оқушының кез келген энциклопедиялық немесе философиялық сөздіктерден «ұлт» сөзіне берілген анықтаманы оқып білу мүмкіндігі баршылық. Сол берілген анықтамалардан ұлтқа тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір аумақты тұрақты мекендеп иеленуі арқылы тілдің, діннің, мәдениеттің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ортақтастығы негізінде қалыптасып, елдік мүддесі біріккен халықтардың жиынтығы деген тұжырым айтуға болады.

Кейбір педагог ғалымдар: «Ұлттық сана, ұлттық мінез бен ұлттық сезім, психикалық құрылымның негізгі компоненті, – дей келе, ұлттық сезімге анықтама береді: Ұлттық сезім – адамдардың туған елге, өскен жерге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігі».

«Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ұлттық сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана» [6, 17 б.]. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Ұлттық сана ұлттық ортаның әсерінен ғана қалыптасады. Ал энциклопедиялық сөздікте ұлттық өзіндік санаға берілген анықтама ұлттық қоғамның шындықты өзінше қабылдап, салт-дәстүр, ұлт тілі, ұлттық өнер арқылы білдіруі. Ұлттық өзіндік сана – ұлттық идеологиямен объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестерінің бірлігін көрсетеді. Ұлттық өзіндік сана ұлттық сананың ықпалымен қалыптасады [3, 33 б.]. Жалпы өз ұлтыңа деген құрметтің белгісі – ол адамның ұлттың сана-сезімінің қалыптасуына тікелей байланысты деп есептейміз. Ұлттық санадан ұлттық рух түсінігі туындайды. Ұлттық рух дегеніміз – белгілі бір этностың мүддесіне құрылған тұтас халықтың белсенді сана-сезімінің айқы көрінісі, – деп анықтама беруімізге болады.

Қ. Салғараұлының еңбегін негізге ала отырып осы ұлт ұғымына байланысты біршама жазған ойларын зерделесек, соның ішінде ұлт, ұлттық

сана, ұлттық мүдде, ұлттық намыс, ұлттық мінез т.б. Осы ұғымдардың әрқайсысына анықтама беріп көрсеткен. Ұлттық сана абстрактілі ұғым емес дейді автор, ол ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі деген пікірін жазды.

Әрі қарай ұлттық мүдде ұғымына көңіл бөлсек автор «ұлттық мүдде дегеніміз – сол ұлттың құрамындағы халықтардың, яғни адамдардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсат» [1,100 б.] – дейді. Сонымен қатар ұлттық мүдде өмірдің барлық саласында ең алдыңғы кезекте тұруы керек. Автор ұлттық мүдденің қорғаушысы – намыс дей келе, ал егер ұлттық намыс болмаған жерде ездік үстемдік алып, ұлтқа қатысты құндылықтарға немқұрайлы көзқарастар пайда болады деп есептейді.

Енді ұлттық намыс дегеніміз не дейді автор. Ол сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының ұлтқа қатысты айтылған кез келген кемсітушілікті, ұлтқа қарсы жасалған іс-әрекетті бейне өзіне бағытталғандай қабылдап, соған қарсы жан дүниесінде пайда болған сезімнің серпілісі дейді. Ұлттық намыс – азаттықтың жаршысы, құлдықтың қас жауы. Ұлттық намыс бар жерде құлдыққа орын болмайды. Қазақ ұлтының тарихына ой жүгіртсек жоңғар шапқыншылығы, орыс патшалығының бодандығы, ұлы отан соғысы жағдайларында талай қазақтың ұлттық намысты қолдан бермей өз өмірлерін қиған батырларымыз болды. Ұлт адамдардан құралатындықтан, сол ұлтты құраушы адамның болмысына тән дүниенің бәрі ұлттың болмысына ортақ болуы заңды құбылыс. Автор ұлттық мінезге мынадай анықтама береді: «ұлттық мінез – ұлттық дәстүр негізінде тәрбиеленген ұлт адамы мінезінің белгілі бір түрінің ұлт мүшелерінің бәріне бірдей, болмаса басым көпшілігіне тән ортақ деңгейге көтеріліп, жалпылық сипат алуы» [1, 104 б.].

Ұлттық мінезге берілген тұжырымдар аз емес, соған байланысты Т. Бекниязов көркем шығармадағы ерекшелігі жайлы пікірі «Ұлттық характер– әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады» [2, 360 б.].

Қ. Салғараұлы ұлттық дәстүр ұғымы жайында былай дейді: «дәстүр дегеніміз, біздің таным-түсінігіміз бойынша, белгілі бір ұлтты құрайтын халықтың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл түршілік тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, сұрыптау тезінен өткізіп, бір жүйеге келтіріп, қалыпқа түсірген өмір сүру заңы, яғни бүгінгі түсінікпен айтсақ, қатал тірліктің қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген Конституциясы» [1,109-110 б.]. Белгілі бір ұлттың адамзат

өркениетінің биігіне шығып, өсіп жетілуі, немесе құлдырауы осы ұлт дәстүрінің сақталуы мен бұзылуына байланысты.

Сондай-ақ, ұлттың ұлт болып қалыптасуына тікелей байланысты әрі маңызды рөл атқаратын елдік негіздің басты нышаны ұлттық тіл деп айтуға болады. «Ұлттық тіл ұлт болып қалыптасқан халықтың рухын, ділін, мәдениетін көрсететін қарым-қатынас құралы, ұлттық бірегейліктің қажетті де, ең маңызды нышаны. Өзінің даму дәрежесіне қарай тіл: ру тілі, тайпа тілі, ұлт тілі болып бөлінеді. Ұлттық тілдің жасалуының бір белгісі – жазба әдеби тілдің қалыптасуы. Ұлттық тіл қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайға байланысты өзгеріске ұшырап, дамып, түрленіп, жаңарып отырады» [4, 19 б.].

Белгілі филология ғылымдарының докторы Б. Хасанұлы тіл жайында айтқан пікірі: «Табиғаттың ең қымбаттысы – адам, ал адамның ең қымбаттысы – оның тілі. Адам өмірі тілсіз болмақ емес, оның үштен бір бөлігі қоғамдық қатынаста жетілетін болса – сол ұлы мәртебелі ана тілі арқыы жүзеге асады». Ұлттық тіл жойылса ұлт болып өмір сүрудің қажеті шамалы. Тіл – адамның ақыл-ой қабілетінің негізінде қалыптасқан күрделі құбылыс дейміз. Бүкіл тіршіліктің, өркениет, мәдениет, ғылымның негізі – тіл. Адамзат тарихында тілдің маңызы өлшеусіз. Қазақ үшін – қазақтың ұлттық тілі рухани мәдениеттің байлығы.

Мыңдаған ғасырлардан біздің осы күнімізге дейін, алдағы келер ғасырларға жететін қазақтың тарихы, өз ұлтының тілімен жетеді. Ұлттық тілді жетік біліп, қадірлеу сол ұлт азаматының әр қайсысының парызы деп есептейміз.

Ұлттық мінез жайлы айтпас бұрын этнопсихология саласына көңіл бөлгеніміз жөн. Этнопсихология халықтың немесе ұлттың психологиясын зерттейтін ғылым саласы. «Этнос» гректің [ethnos] – тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі – «тайпа», «ұлыс», «ұлт» ұғымдарын түгел қамтиды. Этнопсихология ғылымы «этнос» және «мәдениет» деген терминдердің мәнін ашуға көмектеседі. Көптеген ғалымдар этнопсихологияның маңыздылығына байланысты оны «халықтар психологиясы», «психологиялық антропология», «салыстырмалы мәдениет психологиясы» деп атайды [4, 563 б.].

Этнопсихология жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде пайда болды. Қазақ жерінде бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уәлиханов. Оның еңбектерінде «халық рухы» дейтін ұғым жиі кездеседі. Мұны «халықтық психология» ұғымының синонимі деуге болады. Халықтық психология - адамдардың қоғамдық және жеке тәрбиесінен, өмірдегі тұжырымдарынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Шоқан Уәлихановтың пікірінше, халықтардың ұлттық психологиясын көрсететін белгілердің бірі – сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері. Ол сөз өнерін халық бойына біткен зор таланттың, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады.

Ұлтқа байланысты қарастыратын тағы да негізгі мәселелердің бірі ұлт психологиясы болып табылады. Ұлт психологиясы – этнопсихологияның

басты нысаны. Ұлттық психология – бүкіл халық ұстанатын тәлім-тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – ғылыми этнопсихологияны бастауы, халықтық психологияның зерттеу нышаны болып табылады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан-ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық еңбек, тәрбие түрлеріне қатысты нормалар мен принциптер, яғни белгілі бір этностың жалпы мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология – психика мен мінез-құлықтың қанға сіңген, тез өзгеріп, не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірлер жемісі [3, 316.].

Ұлттық психология белгілі бір ұлт өкілдеріне тән, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлық пен психологиялық ерекшеліктері. Ұлттық психология рухани мәдениетте, сезімдерде, әдет-ғұрыпта, тілде, адамгершілік әдептік салада ұлттық мінездің көптеген психологиялық көріністері мен этностық белгілерін қамтиды. Ұлттық психология – тіпті әр түрлі таптарға жататын адамдардағы мінез-құлықтың орнықты негіздерінің бірі. Бірақ қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты ол да өзгеріп отырады.

Ұлттық психология – философиялық және әлеуметтік әдебиетте көп талқыланып, зерттеліп келе жатқан категориялардың бірі. Біз ұлттық психология ұғымының мәнін түсіну үшін, оны бірнеше қырынан қарастырып көрейік.

- Ұлттық психология қоғамдық психологияны құрайтын элементтердің бірі, оның құрамдас бөлігі;
- Ұлттың негізгі белгілерінің бірі;

Ұлттық психология – әлеуметтік психологияның бір бөлігі, оның заңдылықтарына бағынатын құрамдас бөлігі;

Ұлт адамдардан құралатындықтан, сол ұлтты құраушы адамның болмысына тән дүниенің бәрі ұлттың болмысына да ортақ болуы заңды құбылыс [1, 104 б]. Тек жеке адамға тән дүниенің тұтас ұлтқа ортақ болуы үшін оның танылу деңгейі жекелік аясынан шығып, жалпылық сипатқа ие болуы керек. Бұның ұлттық мінезге де қатысы бар. Сондықтан ұлттық мінез – ұлттық дәстүр негізінде тәрбиеленген ұлт адамы мінезінің белгілі бір түрінің ұлт мүшелерінің бәріне бірдей, болмаса басым көпшілігіне тән ортақ деңгейге көтеріліп, жалпылық сипат алуы [1, 104 б.].

Мінезділік жеке адамның да, ұлттың да болмысының көрінісі. Халықтық қасиеттеріміздің негізінде мінез жатыр. Өйткені мінезсіз адамда қасиет болмайды. Бұл ұлтқа да тән. Мінезді халық – намысты халық. Намысты халық ешкімге есесін жібермейді, кеудесін ешкімге басқызбайды. Демек, ұлттық мінез – ұлттық намыстың егізі. Әрбір халықтың өзіндік тілдік ерекшелігін анықтайтын дәстүр болмысы, ұлттық нақышы, ұлттық сипаты, таным түсінігімен ерекшеленеді. Әрине ол тілдік бейне арқылы көркем шығармада көрініс табады.

Әр ұлттың, әр халықтың өзіне тән ерекшелігін айқындайтын болмысы, дәстүрі, ұлттық мінезі, ұлттық танымы мен сипаты, ұлттық психологиясы

мен өзіндік санасы, ұлттық рухы халық пайда болғаннан бастап қалыптасады.

Ұлттық мінез – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық мінез – ол тарихи категория болып табылады.

Қазіргі қоғамдағы жастардың батысқа еліктеуі, ұлттық құндылықтардың ұмытылуы, ұлттық мінез қасиеттерінің өзгеруі әртүрлі халықтардың ұлттық мінез қасиеттерінің өзіндік ерекшеліктерінің жойылуына әкеледі. Қазіргі этнопсихология саласында «ұлттық мінез» түсінігін «менталитет», «ментальдылық» түсініктеріне теңестіреді. Осыған байланысты аталған категориялардың мазмұнын, олардың ортақ қасиеттері мен айырмашылықтарын жан-жақты талдау керек. «Ұлттық мінез» түсінігі әдебиеттерде халықтардың өмір салтын бейнелеу үшін қолданған. Сонымен қатар, зерттеушілер кейіннен ұлттық мінезді сипаттауда темперамент, тұлғалық қасиеттер, құндылықтар жүйесі, билікке деген қатынас түсініктерін қолдана бастады. Этностың мінезі оның жеке өкілдерінің мінездерінің қосындысы емес, халықтың тарихын, мәдениетін бейнелейтін түсінік. Ұлттық мінезді зерттеу үшін этнопсихология, тарих, этнография, әдебиеттану, лингвистика саласындағы кешенді бағыт қажет. Ұлттық мінез әлеуметтік өмір салаларындағы ұлттық тарих, мәдениет, тұрмыс, тіл, салт-дәстүр ұлттық болмыстың әртүрлі аспектілерін бейнелейді. Әдістемелік бағыт бойынша ұлттық мінездің мәнін анықтау үшін әлеуметтік-психологиялық және философиялық білімдер жүйесіндегі «мінез» категориясының пайда болу тарихының мәні мен маңыздылығын талдау керек. Философиялық энциклопедиялық сөздікте «мінез» термині (грек тілінен аударғанда белгі, айырмашылық сипат) адамның психикалық өмірінің жеке үрдістері мен қалыптарынан, сонымен қатар оның мәнері, әдеттері, ақыл-ой ерекшеліктері мен оған тән эмоционалдық мірінен көрініс беретін рухани өмірінің тұтас және тұрақты даралық ерекшелігі ретінде анықталады «Ұлттық мінез» түсінігі гуманитарлық білім салалары – философия, этнология, антропология, мәдениеттанумен өңделген болғандықтан пәнаралық сипаттағы теориялар мен концепцияларды қарастыру керек. Ұлттық мінезді анықтау күрделілігі қазіргі ғылымда қолданылатын жаңа терминдерге қарағанда, оның ұзақ тарихы бар және қосымша мағыналары көп болып табылады. Сонымен қатар, халықтың санасындағы ұлттық мінезбен сәйкестендірілетін және белгілі бір ұлт туралы пікірді өзгерте алатын ұлттық және этникалық стереотиптердің ролі ерекше орын алады.

Профессор-жазушы ақын Әдібай Табылдының ұлттық мінез бен ұлттық тәрбие төңірегінде ой-тұжырымдары қарстырсақ. Қандай тәрбие болса да, ол ұлттық тәрбие деп аталынады, өйткені ол белгілі бір ұлттың тәрбиелік тәжірибесінде қалыптасып, сол ұлттың өз тілінде жүргізіледі деген пікір айтады. Соның негізінде ғалым ағамыз «Ұлттық тәрбие» ғылымының негізін

калап, бірнеше оқу құралдарын жазды. Онда ұлттық әдеп пен ұлттық мінез, ұлттық ар-намыс пен ұлттық мәдениеттің тәрбиелік мәні кеңінен ашылып, ұлттық тәрбиенің қолданбалы әдіс-тәсілдері, ғылыми-теориялық тұжырымдары оқу-ағарту саласына кейінгі жылдары кірген кредиттік оқу жүйесі негізінде түйінделеді.

Қазақ халқының ұлттық мінезі ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи жағдайларға байланысты дамып, қалыптасты. Қалыптасып, халықтық әдепке айналған ұлттық мінезге заман зардабы әсер етпей ме? Әрине, әсері болар, бірақ ұлт тұрған жерде оның мінезін өзгерту «күші» мүлде қалады.

Жас ұрпақты тегіне тербеп, олардың бойына ұлттық мінезді сіңіре білуіміз үшін, мінездің ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты терең зерлеп, тәлімдік тәсілдерін қолдана білу қажет болады.

Мінез – жеке тұлғаның болмысындағы психологиялық сезімдік, ұғымдық, түйсіктік қасиеті. Ол меланхолик, флегматик, сангвиник, холерик сияқты темпераменттік қасиеттер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан генотиптік (тектік) адами ерекшелік.

Мінез болмысқа (текке), тұрмысқа, қоғамдық құрылысқа, кәсіпке, әлеуметтік жағдайларға байланысты ыңғайлануға, бейімделуге, құбылуға сай болады.

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» дейді Абай дана (32-сөзінде). Мінез тұрмысқа байланысты салмақты – күйгелек, қоғамдық құрылысқа байланысты кішіпейіл – тәккәпар, әлеуметтік жағдайға байланысты өзімшіл – көпшіл болып қалыптасады.

Мінездің түрі көп. «Адам санасын тұрмыс билейді», тұрмысқа байланысты менмендік билеген адамда дөрекі мінез, қасіретті адамда ашуланшақ мінез пайда болады. Біздің тәуелсіз еліміздегі адамның мінезі – кішіпейіл, көпшіл болуға тиіс. Көбінесе, кәсіпке байланысты жеке бастың темпераменті сол кәсіптің ерекшелігіне сай бейімделеді. Дегенмен, тектік (генотиптік) мінез негізін жоймайды.

Мінездің жақсы болып қалыптасуы тәрбиеге, жеке тұлғаның ақыл-санасына байланысты. Адам мінезін көбінесе өзін-өзі тәрбиелеу арқылы «түзейді». Кейде темпераменттік ерекшелік «мінез түзеуге» кедергі болады. Сонда ақыл, сана, ой адамға қуат береді.

Мінезді ескерту, түсіндіру, іс-әрекетте көрсету, мадақтау, жазалау арқылы тәрбиелеуге болады. Мінезді тәрбиелеу арқылы жақсартуға болады. Төменде біз ұлттық мінездердің тәлімдік мәнін ашып, оны тәрбиеде қолдану тәсілдеріне назар аударамыз.

Ақкөңілділік мінез тәлімі. Адам баласына тек жақсылық ойлап, оған адамгершілікпен жақсылық жасауға бейім, ақжарқын, аялы нұр көрсететін ұлттық мінезді ақкөңілділік мінез дейміз.

Ақкөңілділік мінез өзара сыйласымнан, жайдары жарасымнан, ақниетті әрекеттерден, жақсылыққа құштарлықтан, жанашырлық әрекеттерден айқын көрінеді.

Ақкөңіл адам ақниетті әрекеттерімен ақкөңілділік мінез нұрын шашады да, өзі сүйіспеншілікке бөленеді, жақсылыққа құштарлығымен айналасындағы адамдарға адамгершілік қуат береді. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат өзінен түңілісін» деп, ақкөңілділік мінездің сыйласымдық мәнін халық жоғары бағалайды.

Халық «ақкөңілдің аты арымайды, тоны тозбайды», «ақылдың көңілі ақ болады, оған абырой мен бақ қонады» деп, бұл мінезден үлгі алуды уағыздайды. Ақкөңілді тұлғаларды насихаттап, олардың өнегесін жас ұрпаққа үйретуді мақсат тұтады. Халықтық тәлімде Қожанасырдың ақкөңілділігі, Жиреншенің ақниеттігі жас ұрпаққа үлгі — өнеге ретінде пайдаланылады.

Қоғамдағы іштарлық, менмендік, тәккәпарлық мінездер ақкөңілділік мінездің шырқын бұзып, шын бойына батқанымен, ақкөңіл адам ол келеңсіз қасиеттермен үнемі күресуде болып, оларды сабырлықпен жеңіп отырады. Ақкөңілділік мінездің асыл қасиеттерін ашып көрсетіп, ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, оны дәлелдеу, сезіндіру тәсілдерімен ұрпақтың бойына сіңіреміз.

Әдептілік мінез тәлімі. Әдептілікті, кісілікті, әдеппен сөйлеуді, әдеппен қимылдауды, имандылықты, ұлттық әдеп нышандарын көрсететін бұл ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін арттырып, бейнесін бедерлейді.

«Әдептілік — әдемілік» деп халық әдептілікті уағыздайды. Баланың әдептілік мінезін қалыптастыру үшін халық оның тілі шыға бастағаннан-ақ «жаман» мен «жақсыны» ажырата көрсетіп, мінезіндегі әдептілікті үйретеді.

Әдептілік мінез әдепті іс-қимылда, бет қимылдан да айқын көрінеді. Үлкен-кіші алдындағы ізетті қимыл-әрекет жеке тұлғаның әдепті-лігін көрсетеді.

Ұлттық әдеп – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық құндылығы. Сондықтан біз қазақ халқын (жалпы алғанда) әдепті халық дейміз. Әдептілік мінездің үлгілерін әсерлеп көрсетіп, ұрпақты әдептілікке баулимыз.

Байсалдылық мінез тәлімі. Асықпауды, аңғарымпаздықты, ақылға сенуді, сабырлы әрекетті, түбін ойлауды көрсететін бұл ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін биіктетеді.

«Байсалды болса мінезің, бақыттысың сен өзің» деп, халық байсалды мінезді жоғары бағалайды. Асықпай сөйлеу, абайлап қимылдау, жылы шыраймен «салмақтылық» көрсету арқылы жеке тұлға өзінің байсалдылығын (ақылдылығын) көрсетеді. Сезімтал жастар мұндай мінезден үлгі алады.

Байсалды мінез аңғарымпаздықты көрсетеді. Байсалды мінезді тұлға әр нәрсенің «байыбына барып» сөйлейді, байыпты іс-әрекет жасайды. Айналасының көңіліне көркемдік құятын байсалдылықты жұрт сүйсіне қабылдап, үлгі тұтады.

Бауырмашылдық мінез тәлімі. Жеке тұлғаның мейірімділігінен, қайырымдылығынан, қамқорлығынан, сүйіспеншілігінен, ынтымақтығынан, ұлттық мақтанышынан пайда болатын бұл мінез оның адами асыл қасиетін көрсетіп, беделін арттырады.

Отбасындағы әрбір тұлға бір-біріне мейірімді болуға тиіс. Ағайындардың бір-біріне көрсеткен мейір-шапағаты олардың адамгершілік абыройын арттырады. Мейірімді жандар жанұяға жарқын нұрын төгіп, бейіл-берекені арттырады. Ағаның ініге, қарындасқа деген, әпкенің ініге деген, сіңліге деген мейірімділігі күннің шуағындай әсер етіп, татулық татымын арттырып, бақыт бағына ендіреді.

Бауырмашыл адам қайырымды болады. Ол жақын адамдарға әрқашан көмек көрсетіп, қиындығын бөлісіп, шаттығын бірге көреді. Үлкеннің кішіге деген қайырымдылығы кішінің мейіршапағатын арттырады.

Зиялылық мінез тәлімі. Әдептілікті, біліктілікті, қайырымдылықты, ұлтжандықты, ұлағаттықты, мәдениеттілікті білдіретін бұл ұлттық мінез көбінесе зиялы қауымда болады.

Ұлттық тілде сөйлеген сөзі де, іс-қимылы да, жүріс-тұрысы да, қарым-қатынасы да әдептілікті көрсетеді. Зиялы адамдар ұлттық әдепті бойына сіңірген «әдепті адамдар».

Зиялылық біліктіліктен пайда болады. Ол білгенін басқаларға үйретуден жалықпайды. «Білген адам білдім демес, білдім десе білгені емес» деп, халық зиялы қауымның үнемі білгенін дамытып отыратын, үлгі-өнегесін уағыздайды.

Зиялы тұлға қайырымды, мейірімді болады. Ол басқаларға барынша жақсылық жасауға тырысады. «Басшы болса зиялы, елге нұрын құяды» деп, халық зиялы тұлғаның мәртебесін уағыздайды.

Ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Әрбір халық пен ұлттың, этностың өзіндік мінез-құлықтарының ерекшеліктері болатындығы – тарихи шындық және объектив фактор. Қазақ халқының түркі тектес өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипат-қасиеттері бар.

1.2 Ұлттық психология мәні

Бізді қоршаған тіршіліктегі оқиғалар мен құбылыстар өздігінен, себеп-салдарсыз болмайды. Объективтік дүниенің даму заңдылықтары қоғамдық құбылыстардан да айқын аңғарылады. Сондықтан түрлі ұлттардың күрделі тағдырларға өзара байланысты, бір-біріне ықпал етіп отырады. Табиғат пен тарихтың сан қилы кереметтерінің бірі – адам баласының ұлттық және этникалық өзгешелік сапаларын жасап шығаруы.

Халықтардың психологиялық ерекшеліктері өзгермейтін рухани қасиеттер емес. Ол халықтардың түрлі өмір сүру жағдайына, әлеуметтік-экономикалық және географиялық орталардың шарттарына байланысты қалыптасады. Әрбір әлеуметтік орта мен сан қилы саясат ағымдары бұл мәселеге түрліше көзқараспен қарап, оны белгілі бір қоғамдық қатынастарға байланысты қарастырып отырады.

Ұлт мәселесіндегі негізгі әрі шешуші қасиет ретінде психологияның бірлігін ұсынады. Ал американдық этнопсихологтар адамдардың психологиялық табиғатының өзгермейтіндігі жөніндегі идеяларды дәлелдеуге тырысады. Олар қоғамдық өмірдегі тарихи өзгерістер халықтардың

психологиясына болар-болмас қана әсері бар немесе жоқ деген пікірде. Адамзат қоғамының әлеуметтік-саяси дамуындағы идеалистк кереғар теорияның бірі – нәсілшілдік қағидалары. Ал нәсілшілдік барлық уақытта милитеризмге, слғыс құмарлық саясатқа қызмет етеді

Ұлттық психологияның ерекшеліктерін түсіндірудің әдістемелік негіздерінің бірі – оның табиғатын және жалпы адамгершілік, таптық-әлеуметтік, ұлттық арақатынасын ажырата білу. Халықтардың психологиясы ұлттың рухани бейнесінің маңызды жағының бірі болып есептеледі. Ұлттардың рухани бейнесінің екі жағы бар: идеологиялық және психологиялық. Оның идеологиялық жағына әдебиет, өнер, ғылым, философия, дін т.б. психологиялық жағына – психология, ұлттық сезім, әдет-ғұрыптар т.б. жатады. Әрине, рухани бейнесінің бұл жақтары өзара тығыз диалектикалық байланыса, әрі өзара шарттылықта болады.

Ұлттардың психологиялық ерекшеліктері халықтардың табиғи-материалдық жағдайларының нақты көрінісімен адам санасында қалыптасады. Ол өзінің түп тамырымен халықтар тарихының терең түкпірінен орын алып, оның пайда болған мезгілінен бастап дамуда. Халқтардың психологиялық ерекшеліктері – жалпы ұлттық әрі таптық категория. Ұлттық және таптық жақтарының өзара байланыс әсері ұлттардың типі мен дамуының кезеңдеріне сәйкес болады.

Ұлт психолоиясының ерекшеліктері адамдардың біреіккен өмірі мен күресінде, әлеуметтік, табиғи-географиялық, материалдық мәдени жағдайдың шарттарына лайық қалыптасады. Соның әсерінен әрбір адамда ұлттық мінез-құлықтың, сезімнің көріністері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары пайда болады.

Сонымен ұлттық психологияның ерекшеліктері тарихи негізі бар әлеуметтік процесс болып табылады. Оның қалыптасуы әрбір халықтың өмірімен біте қайнасып, әртүрлі себеп-салдар нәтижесінде туады. Сайып келгенде өнегелі қасиеттермен қосыла қарама-қайшы психологиялық дағдарыстар да болады. Бұл айырмашылықтарды таптық негіз құрайды. әрбір халықтың мір сүрген географиялық ортасы, айналысқан шаруашылық дәстүрі мен оған бейімделген дағдысы бір-бірінен оқшау тұрады. Сонымен қатар түрлі халықтардың қарым-қатынастық жағдайларын да ескеруіміз қажет.

Ұлттық психологияның ерекшеліктері дегеніміз – халықтардың тарихи дамуының өзгермелілігі мен әлеуметтік-экономикалық, рухани өмірінің алғы шарттарына байланысты қалыптасатын және мәдениет пен тұрмыста, дәстүрлер мен әдет-ғұраптардан байқалатын ұлттық сезім-әрекеттің көрінісі.

Ұлттық психологияның құрылымдық элементтерінің күрделі әрі маңыздыларының бірі ұлттық мінез-құлық болып саналады. Ұлттық мінез-құлық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қалған биологиялық психикалық құбылыс емес, географиялық ортаның жемісі немесе нәсілдік белгілермен байланысты ұлттық субстанцияның қияли туындысына да жатпайды. Негізгі шындықты ұлт өмірінің өзінен, оны қоршаған табиғи өзегшеліктен қарастыру шарт.

Ұлттық мінез-құлықты халықтардың өзі жасаған тарихтағы материалдық және рухани тіршілігінің бейнеленген көрінісі деп түсінеміз. Тарихи жағдай

мен географиялық орта мәңгілік нәрсе емес, сондықтан ұлттық мінез-құлық та белгілі өзгерістерге ұшырап отырады. Ұлттардың мінез-құлқы олардың тарихи өмірінің нәтижесі.

Ұлттық мінез-құлықты кейбір зерттеушілер адамдардың темпераментімен шатастырады. И. И. Павловтың іліміне сәйкес темпераменттің типтері адамдардың жоғарғы нерв системасының жұмысына байланысты болатындығы белгілі. Ал ұлттық мінез-құлық тарихи жағдайлардың, объективті процестердің себептерінен әрі тәрбиенің ықпалымен қалыптасады. Жеке адамның мінез-құлқының ұлттық өзгешелігі темпераментке қарағанда құбылмалы. Өмір жағдайының өзгеруі жеке адамның мінезінде қалыптасқан ұлттық келбетті өзгертіп жіберуге қабілеті жетеді. Ұлттық мінез-құлықты сақтаушы және алып жүретін халық, еңбекші бұқара. Халықтан тыс ұлттық мінез-құлық жойыла бастайды. Кез келген халықтың өкілі өзінің туған халқымен байланысын үзсе, онда, алдымен өзі араласқан жергілікті халықтың тілін үйренеді, содан сон халықтың мінез-құлқының қасиеттерін бойына сіңіріп, қабылдай бастайды.

Сонымен ұлттық мінез-құлық дегеніміз халықтың қоғамдық-өндірістік тәжірибесі арқылы тарихи тұрғыда қалыптасқан машығы мен әдетінің жиынтығы, әрі жалпы және ерекше қасиеттердің бірлігі деп ұғамыз. Мәселен, еліміздегі ұлттардың мінез-құлқын, мәдениет пен тұрмыстан, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерден байқай аламыз. Ұлттық тілдің көмегімен ұлттық ой-сезімді, мінез-құлық пен көңіл-күйді білдіріп, эмоциялық халді жеткізе аламыз. Әрбір халықтың өз теңеулері, метафоралары, мақал-мәтелдері бар. Олар сол халыққа тән, оның тарихи дамуының жолдары мен өміріне, табиғатына және өздері дағдыланған тұрмыстық жағдайларына байланысты шыққан. Ұлттық мінез-құлық ұлттардың еркі арқылы да байқалады. Ерік дегеніміз – индивидуалды және ұлттық психологияның, сонымен бірге әлеуметтік психологияның категориясы. Ол сананы бейнелейді, таптардың, ұлттардың, жеке адамдардың мақсатпен бағытталған әрекеті, олардың қоғамдық қызметінің жемісі идеология мен дүние таным деңгейлерімен тығыз байланысты.

Ұлттық мінез-құлықтың байқалатын белгілерінің бірі – ұлттық көзқарас. Көзқарастар мен нанымдардың жүйесі ұлттардың мінез-құлықтарының идеологиялық және дүние танымдық жақтары болып саналады.

Ұлттық психологияның өзіндік маңызы бар және өте күрделі құрылымдық элементтерінің бірі – ұлттық сезім болып есептеледі. Ұлттық сезім халықтардың өмірінде ерекше маңызды орын алады. Әсіресе, адамдардың рухани келбетін қалыптастыруда және дамытуда, интернационалдық тәрбиелеуде зор маңызы бар. Философиялық әдебиеттерде ұлттық сезімге берілген бірнеше анықтама-түсінікте кездеседі. Мысалы, Отто Бауердің тісінігінен санаға байланысты кез келген құбылыс белгілі сезіммен қабаттаса жүреді, яғни қанағаттану не қанағаттанбау, байланыстылық не бостандық сезімдерімен қатар жүреді. «...Өзінің ерекшелігін және басқа ұлттардың айырмашылығын тану қатараласа жүретін өзіндік сезімді біз ұлттық сезім» - атаймыз.

Ұлттық сезім тек ұлтаралық қатынастарда ғана емес, адамдардың ұлтына, ұлттық мүддесіне, мұқтаждығына, сонымен бірге басқа да ұлттардың мүдделеріне эмоционалдық ұлттық қатынастар болып табылады. Ұлттық сезім өзінің психологиялық негізі бойынша сезімдердің: ұғыну, арман, кейде елес пен соқыр сенімдердің т.б. белгілі жиынтығы болып есептеледі. Ұлттық сезімдер ғасырлар бойы ұлттың тарихында қалыптасады. Күнделікті өмірде ұлттық сезімнің күрделі комплексінде ұлттық мақтаныш, өз ұлтына деген сүйіспеншілік сезімдерімен қатар ұлтшылдық, шовинистік және ұлттық соқыр сенімдер мен тоғышарлық сезімдерді ажыратып білген жөн.

Ұлттық психология ерекшеліктерінің құрылымдық элементтеріне ұлттық талғам жатады. Жалпы психологияда талғам мәселелерінің физиологиялық негіздеріне және пайда болуының принциптеріне аса көңіл аударылады. Бұл жалпы психология пәнінің тұрғысынан қарағанда дұрыс, өйткені де тек талғам емес, эмоция және сезім, мұқтаждық т.б. ұлттық психологияның элементтері белгілі бір физиологиялық негізде пайда болады. Ұлттық талғам мәселелері жалпы талғам мәселелерінен ерекше бөліп алып қарауға болмайды.

Ұлттық психологияның құрылымдық күрделі элементтерінің бірі – ұлттық сана сезім. Ұлттық сана-сезім дегеніміз өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларына, мақтанышын бағалай білу.

Ұлттар өміріндегі ұлттық психологиямен тығыз байланысты көкейкесті мәселенің бірі – ол ұлттық әдет-ғұрыптар, дәстүрлер болып саналады. Ұлттық психологияның ерекшеліктері мәдениетте, тұрмыста, сондай-ақ ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерде де айқын көрінеді. Әрбір халық өздерінің әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт-жораларын ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырады әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбестей болып қалыптасады.

1.3 Ұлт – мемлекеттің мәдени-әдеби зоры

Әрбір халық өздерінің әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт-жораларын ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырады әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбестей болып қалыптасады. Әрине, халықтар өмірінің деңгейі өзгеруіне сәйкес дәстүрлер де ауысады, дамиды. Мәдениетсіз, өркениетсіз ұлт болмайды. Мемлекет мәдениеті, салт-дәстүрі ұлт арқылы дамиды, қалыптасажы. Мәдениет ұғымының мәні. Біріншіден, мәдениет адам жасағаннан немесе жасайтыннан тұрады: адам қызметінің түрлері мен формалары, соның нәтижесінде пайда болатын өнімдер және қатынастар. Сәйкесінше, бұл жағынан мәдениет табиғатқа қарама-қарсылық, жасандының табиғиға қарсы қойылуы ретінде болады. Екіншіден, мәдениет қоғаммен сәйкес келеді де, сәйкес келмейді, өйткені адамның тіршілік әрекеті мен қоғамда табиғи сипаттағы факторлар аз орын алмайды. Үшіншіден, және де бұл ең бастысы, мәдениеттің мазмұны адамды «жасау», тәрбиелеу,

калыптастыру болып табылады, яғни адамның биологиялық жағынан тұлға болуы (әлеуметтік адам).

Сәйкесінше, мақсаты адамды, оның жеке тұлғалық, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту болатын қызмет тәсілі, формасы және нәтижесі түпкілікті мәдени мазмұнға ие болады. Бұл процесте адамның өзін дамытуы үшін жасалған қызмет жүйелері мәдениетке жатады.

Сонымен біз мәдениетті адамның табиғатты түрлендіруінің (барлық түрлерде) саналы қызметі, және де материалдық және рухани сфераларда іске асырылған осы қызметтің нәтижесі ретінде түсінеміз.

Мәдениет – бұл өте күрделі, көп деңгейлі жүйе. Мәдениетті оның жеткізуі бойынша бөлеміз, әлемдік және ұлттық мәдениетті бөлу. Әрбір мәдениет этносқа, халыққа қатысты болады, ұлттық болып табылады. Алайда осы мәселе бойынша әр түрлі көзқарастар бар.

Ежелгі заманда мәдениеттің этноұлттық сипатына көзқараста екі қарама-қарсы тенденция пайда болды: этноцентризм және космополитизм. Біріншісіне сәйкес қандай да бір этнос өзінің мәдениетін үлгі мен эталонның кейбір үлгісі ретінде қарастырады, оны басқадан жоғары қояды, басқа мәдениеттерді сенімсіз немесе өшпенділікпен, кейде ксенофобия – басқадан қорғау түрінде қабылдайды. Екінші тенденция үшін өзінің этносы мен елінің шеңберінен шығып, әлем азаматы болуға тырысу керек. Бұл жағынан космополитизм патриотизмге қарама-қарсы болады.

XVIII ғасырдан бастап көрсетілген тенденциялар ұлттық және әлемдік мәдениеттер арасындағы қатынастар проблемасын құра отырып, мәдени релятивизм мен мәдени универсализм формасында болады. Мәдени релятивизмнің басында француз философы Монтень тұрды, ол әрбір ұлт өзінің жеке, ұлттық идеясын құрайды деп болжаған. Алайда ол неміс философы Гердердің жұмыстарында жеткілікті түрде дайын күйінде ұсынылған. Мәдени релятивизмнің қазіргі өкілі француз мәдениеттанушысы К. Леви-Стросс болды.

Мәдени универсализмнің белгілі өкілдері Руссо, Кант, Гете, көптеген ағартушы-философтар, әсіресе француздар. Руссо негізгі адамдық құндылықтар мен адамгершілік универсалды, көпшілік принциптер жағында болады деп болжаған. Кант белгілі категориялық императивті тұжырымдады, оған сәйкес егер қылық универсалды, жарамды болса, жақсы болып саналады. Осыдан әділеттілік жалпылық болады, әділеттілік дәрежесі универсалдылық дәрежесіне сай келеді.

Ұлттық және әлемдік мәдениеттер арасындағы қатынастар проблемасы кейде «Батыс-Шығыс» белгілі мәдениеттану дилеммасы арқылы қарастырылады. Батыс және шығыс мәдениеттері арасындағы үйлесімділік немесе үйлесімсіздік туралы дау ертеде пайда болды және әлі шешімін таппай, жалғасуда. Оның бірін Р. Киплинг ұсынды: «Батыс ол Батыс. Шығыс ол Шығыс Олар ешқашан қосылмайды». К. Юнг де осындай көзқараста болды. Ол Шығыс пен Батысқа тән ойлау типтері соншалық өзгеше болғандықтан, қосылу оларға мүмкін емес, әрі қажет емес деп есептеген. В. Соловьев керісінше, болашақта Шығыс пен Батыс бірыңғай әлемдік

өркениетке бірігеді де, бұл «алқалық» принциптердің толық жеңуіне негіз болады деп санаған.

Мәдени релятивизм және универсализмді бағалай отырып, оның көптеген ережелері толық негізді және дәлелді болады деп санауға болады, алайда оның бірде-біреуі толық шындыққа үміттен алмайды. Сондықтан олардың қарама-қарсы тұруы емес, бірін-бірі толықтыруы жемісті болар еді.

Қазір планетамызда тұратын халықтардың ұлттық мәдениеттерінің ең үздік жетістіктерінің синтезі ретінде Әлемдік мәдениет ұғымы қалыптасуда. Ұлттық мәдениет өз кезегінде сәйкес қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтары мәдениетінің синтезі болады. Ұлттық мәдениеттің өзінділігі, оның белгілі қайталанбас ерекшелігі және сонылығы өмір мен қызметтің рухани (тіл, әдебиет, музыка, кескіндеме, дін) және материалдық (экономикалық құрылыс, шаруашылық жүргізу, тұрмыс, еңбек және өндіріс салтының ерекшеліктері) сфераларында байқалады.

Мәдениеттің нақты таратушысына сәйкес әр түрлі субмәдениеттер бөлініп көрсетіледі. Субмәдениеттерге дифференциация қоғамда әр түрлі таптардың, топтардың болуына байланысты болады. Осы фактордың ролі қазір азайған, бірақ қалған. Қоғамның кедей, маргинал топтарының мәдениеті өте төмен болады, ол білімнен жеке бас гигиенасына дейінгі бар сферада байқалады. Жоғары топтағы адамдардың қоғам элитасының мәдениеті жалпы жоғарғы деңгеймен, кейбір сыртқы түрлерімен ерекшеленеді: қатаң этикет, таңдамалы мәнерлер, ерекше кішіпейілділік, ежелгі (аристократтық) дәстүрлерді сақтау.

Орташа топтар мен таптар қазір «бұқаралық мәдениет» деп аталатын ең көп тараған, басым мәдениетті тарататындар болып саналады. Олардың жалпы деңгейі жоғары емес, орташа болып табылады. Сонымен қатар бұл топқа барлық мәдениеттің жаңаруының негізгі көзі болып табылатын, зерде мен шығармашылық потенциалдың жоғарғы деңгейін таратушы ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның негізгі бөлігі жатады.

Ауыл мен қала мәдениетінің арасында едәуір айырмашылық бар. Сонымен қатар кәсіптік мәдениеттің ерекшеліктері туралы да айтуға болады.

Мәдениет нақты түрлерге бөлінеді. Адам қызметінің алуан түрін есепке алу осылай бөлуге негіз бола алады. Осыдан материалдық және рухани мәдениет бөлініп шығады.

Материалдық мәдениет ең алдымен материалдық өндіріс сферасы мен оның өнімдері – техниканы, технологияны, байланыс және коммуникация құралдарын, өндірістік ғимараттар мен үймереттерді, жолдар мен көлікті, тұрғын үйді, тұрмыстық заттар мен киімді қамтиды.

Рухани мәдениет рухани өндіріс сферасынан және оның нәтижелері – дін, философия, мораль, өнер, ғылымнан құралады. Рухани мәдениеттің ішінен көбінесе өнер мен ғылым туындыларынан құралатын көркем мәдениетті арнайы бөліп көрсетеді. Ғылым, өз кезегінде, зерделік, ғылыми-техникалық мәдениет негіздері ретінде қарастырылады.

Материалдық және рухани мәдениет арасында терең бірлік бар, өйткені олардың екеуі адам қызметінің нәтижесі болып табылады, оның бастауында

рухани басы – адамның материалдық формаға айналдыратын идеясы, жобалары, ойлары тұр.

Алайда материалдық және рухани мәдениетке бөлу көбінесе шартты түрде болады, өйткені шынайы өмірде олар тығыз байланысты, бір-бірімен сіңісіп, толықтырып тұрады. Тек материалдыққа немесе руханиға жатқызуға болмайтын мәдениеттің бір қатар түрлері бар (экономикалық, саяси, экологиялық, эстетикалық).

Адамдарға әсері бойынша мәдениетті прогрессивті және реакциялық деп бөледі, өйткені мәдениет тек өнегелі тұлғаны ғана емес, өнегесіз тұлғаны да тәрбиелейді.

Моральдық мәдениет – адамдардың жасаған заттық және рухани құбылыстарының әлемі ретінде түсінілетін мәдениет аспектісі, онда дүниені игерудегі, адамның дүниедегі орнын анықтаудағы, адамның тірі жан және әлеуметтік субъект ретіндегі тектік қабілеттері мен мүмкіндіктері дамытылған, адамдық күштері іске асырылған. Мәдениет – бұл адамның текті жан ретінде қалыптасу нәтижесі, шарты және процесі.

Моральдық мәдениетті қоғам мен индивидтер қол жеткізген адамгершілік деңгей, әлеуметтік субъектілер қатынасындағы адамгершілік, адамға деген қатынастың мақсатқа және өзін-өзі бағалау бағыты ретінде анықтауға болады.

Экономикалық мәдениетті мәдениеттің элементтері мен құбылыстарының кешені, экономикалық сана-сезім стереотиптері, мінез-құлық, экономикалық өмірдің ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін экономикалық институттардың мотивтері ретінде анықтауға болады.

Қазіргі ашық қоғамның базалық моделі нарықтық шаруашылықтың экономикалық мәдениеті болып табылады, онда көптеген жеке шаруашылықтар-кәсіпорындар және үй шаруашылығы өз бетімен жоспарлар жасайды, бір-бірімен нарық формасында экономикалық қатынастарға түседі, өзін-өзі ұйымдастыру принципі бойынша жұмыс істейді. Шаруашылық жүргізетін субъектілердің жоспарларын үйлестіру бағалар мен айырбас құны арқылы жүзеге асырылады. Осы экономикалық мәдениет XVI-XVIII ғ.ғ. ұлы әлеуметтік революциялардың нәтижесінде қабылдана бастады.

Саяси мәдениет. Саяси мәдениетті анықтау тәсілдерінде белгілі дәстүрлер бар, оның ішінде осы феноменді негізгі құрылымдық элементтер призмасы арқылы қарастыру.

Саяси мәдениет өзінің құрылымдық элементтері ретінде саяси сана-сезім мәдениетінен, саяси мінез-құлық мәдениетінен және мемлекеттік, саяси институттардың жұмыс істеу мәдениетінен тұрады.

Саяси мәдениет – мәдениетті сезіну, саяси мінез-құлық, қоғамның саяси өмірінің, саяси процестің ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін мемлекеттің және саяси институттардың қалыптасуы мен жұмыс істеу элементтері мен феномендерінің жиынтығы.

Бұқаралық мәдениет – бұқаралық қоғамға тән, коммуникациялық-ақпараттық жүйелердің дамуының жоғарғы деңгейінің, урбанизация мен индустриализацияның жоғарғы дәрежесінің арқасында мүмкін болатын

күрделі әлеуметтік-мәдени феномен. Ол индивидтің шеттеуінің жоғары дәрежесімен, даралығын жоғалтып, өзіншілдікке айналумен сипатталады. Осыдан бұқараны жойып, олардың бұқаралық коммуникациялар каналдары арқылы мәдени-мінез құлықтарын орнатып, элитаның оларды жеңіл билеп алуы шығады. Бұқаралық қоғам сатысында өзіндік мақсатқа айналатын техниканың дамуы Ж. Эллюльдің пікірі бойынша барлық қоғамның дәстүрлі құндылықтарын жояды, бірыңғай маңызы жойылған мәдениетті құрады. Ол адамды қазіргі қоғамның құндылықтар еркіндігінен босатады, ол екінші жағынан, Э. Фромның ойы бойынша техникалықты абсолюттеуге және адам болмысының құндылықтарын жоюға әкеп соғады.

Қазіргі бұқаралық қоғам әрбір индивидтің тереңде жатқан жеке қажеттіліктерін жүзеге асыруға бөгет жасайды. Адамның өзін-өзі тану және басқа адамдармен жеке қатынастарын орнатуға тырысуы, не мінез-құлық стандарттылығын тудыратын рухани енжарлықты, не индивид өзі туралы бұлдыр түсінікті жасау үшін қолданылатын жалған бағытқа, «пұтқа» табынуды тудырады.

Экология және экологиялық мәдениет. Мәдениеттануда адам қамының, үрей мен азаптарының тікелей көзі одан тыс жатқан жоқ, ол адамның өзінде, тіршілік етіп отырған ортасында емес, қажеттіліктерде, оларды қанағаттандыру тәсілдері мен мүмкіндіктері арасындағы үйлесімсіздікте екендігі анықталған. Қажеттіліктер көбінесе жеткілікті түрде мәдениетті болмайды, оларды қанағаттандыру тәсілдері мәдениетті бола бермейді және жабайы болады, стихиялы өсетін қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері шексіз емес. Соңында әлеуметтік-мәдени бағдарламалардың үнемі жоғары болатындығы және табиғи тежегіштері жоқтығы байқалады, ал адам өзінің биологиясында табиғатпен тығыз байланысты және адам әлеуметтік-мәдени қайшылықтар мен кедергілерді көтере алмайды. Соңында бұл қайшылықтар мен кедергілер – адамның мәдениеттілігінің емес, мәдениетінің аздығының, әлеуметтік эгоизмінің, тарихи шектелуінің белгісі. Сонымен қоғам болашағы үшін күресте субъективті сфераға көп күш түседі. Қазіргі заманда экологиялық танымды қалыптастыру, қазіргі өркениетті басқарудың экологиялық принциптерін жасау және экологиялық ғылым ұсыныстарына сәйкес мәдени құндылықтарды тексеру, экологиялық дағдарыс әсерінен мәдени құндылықтарды оңтайландыру жолында күрес жүріп жатыр.

Экология – тірі адамдар мен қоршаған орта арасындағы байланысты зерттейтін ғылым. Экология экожүйелер мен биосфераның эволюциясымен айналысады. XX ғасырдың 20 жылдарының ортасынан бастап ол табиғатты ұтымды пайдалану және тірі организмдерді қорғау негізі ретінде қалыптасты. Ал XX ғасырдың соңында қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесу заңдылықтарын, оны қорғаудың практикалық проблемаларын зерделейтін әлеуметтік экология пайда болды. Экологиялық этика оның бір тарауы болып қалыптасты, оның адамзаттың мәдени дамуы үшін мәні күн өткен сайын өсіп келеді.

Мәдениет және өркениет ұғымы көбінесе бір-бірінен ажыратылмай, тең қаралады. Олар шынында да ұқсас болып келеді, бірақ олардың арасында едәуір өзгеріс бар.

«Өркениет» термині «мәдениет» терминіне қарағанда кеш XVIII ғасырда ғана пайда болды. Оның авторы, бір версия бойынша шотланд философы А. Ферпоссон болып саналады, ол адамзат тарихын жабайылық, варварлық және өркениет деп бөлді, соңғысын ол қоғамдық дамудың жоғары дәрежесі ретінде түсіндіреді. Басқа версия бойынша «өркениет» терминін француздың ағартушы-философтары ойлап тапқан және екі мағынада қолданылған, кең және тар мағынада. Біріншісі Ферпоссонның тұжырымымен үндес, ақыл-парасат, әділдік және діни шыдамдылық бастауына негізделген жоғары дамыған қоғам дегенді білдіреді. Екінші мағынасы «мәдениет» ұғымымен тығыз байланысты және адамның нақты қасиеттері – ақылдылықтың, білімділіктің, сыпайылықтың жиынтығын білдіреді. Оны игеру XVIII ғасырдың элитарлы париждарына жол ашты.

Мәдениет пен өркениет ара қатынасы туралы көзқарастардың барлық алуан түрін соңында үш негізгіге әкеп тіреуге болады.

Бірінші жағдайда өркениет пен мәдениет ұғымы синоним ретінде болады, олардың арасында едәуір айырмашылық болмайды. Мысал ретінде беделді ағылшын тарихшысы А. Тойнбидің тұжырымына жүгінуге болады, ол өркениетті рухани аспектіге көңіл қоя отырып, дінді басты және нақты элемент деп санай отырып, мәдениеттің нақты фазасы ретінде қарастырды.

Екінші жағдайда мәдениет пен өркениет арасында ұқсастық пен маңызды айырмашылықтар байқалады. Француз тарихшысы Ф. Бродель да осындай көзқараста болды, ол өркениет жиынтықты құрайтын элементтердің бірі ретінде, ең алдымен рухани құбылыстардың мәдениет негізін құрайды деген тұжырымды ұстады.

Үшінші тәсілді жақтайтындар мәдениет пен өркениетті қарсы қояды. Бұған неміс мәдениеттанушысы О. Шпенглердің теориясы мысал бола алады, оған сәйкес өркениет өліп бара жатқан мәдениет. Шпенглер өркениет мәдениеттің артынан «қалыптасудың артынан, өмірден кейін өлім болатындай, дамудан кейін дағдарыс болатындай, ақылдың қартаюы» тәрізді жүреді деп жазды. Оның ойынша, мәдениет тірі және өсіп жатқан организм, ол өнер мен әдебиет, тұлғаның шығармашылық гүлденуі үшін еркіндік береді. Өркениетте көркем шығармашылыққа жол жоқ, онда техника мен жансыз интеллект билік құрады, ол адамдарды жояды.

Мәдениет пен өркениет ара қатынасын түсінуде бірінші екі тәсіл ең қолайлысы болып саналады. Осы құбылыстар арасында шынында да көп ортақ қасиеттер бар, олар өзара тығыз байланысты, бір-бірімен жанасып, бір-біріне ауысады.

Басқа ғалымдар да барлық өркениеттерді екі типке бөліп қарайды, бірақ оларды басқаша түсіндіреді: олардың бірі – техногенді Батыс Еуропаға тән, ал екіншісі – психогенді шығыс елдеріне тән, оған ертедегі үнді өркениеті мысал бола алады. Ал кейде өркениетке материалдық мәдениетті жатқызады, ал мәдениет деп рухани мәдениетті жатқызады.

Алуан түрлі көзқарастарға қарамастан, олар бір-біріне жақын. Өркениеттің ең маңызды белгілері мыналар: 1) мемлекеттің құрылуы 2) жазудың пайда болуы 3) егін шаруашылығының басқа кәсіп түрлерінен бөлініп шығуы 4) қоғамның таптарға жіктелуі 5) қалалардың пайда болуы. Алғашқы екі белгінің болуын міндетті деп санайды, ал қалғандардың қажеттілігі күмән тудырады.

Ал мәдениетке келсек, онда ұлттық ерекшелік пен бірегейлік, қайталанбастық пен сонылық, құбылмалық пен жаңашылдық, өзіне-өзі қанағаттанбау, сыни және шығармашылық бастау, бағалылық, биік идеалға ұмтылу бірінші кезекте орын алады.

2 Көркем шығармадағы ұлттық болмыстың тілдік бірліктер арқылы көрінісі

2.1.Фразеологизмнің құрылымы

Жалпы тіл білімінде фразеология мәселесі көп зерттеліп келеді десек те, әрбір әдеби тіл кезең ерекшелігін ашатын оның бай фразеологиялық қоры мен құрамы туралы арнайы зерттеулер жүргізілген емес. Яғни біздің бұл тақырыпқа арнайы баруымыздың себебі, әдеби тіл дамуының ұлттық кезең сипатын танытатын алғашқы көркем қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер ғылыми тұрғыдан зерттеу нысаны болған емес. Бұл – бір. Екіншіден, жиырмасыншы ғасыр барысындағы қазақ прозасы тілі әр түрлі себептермен толыққанды зерттелмей келеді.

Тілдегі фразеологизмдер – тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойына пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бөлігі. Әр жазушы өз өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады. Шын мәніндегі қазақ көркем прозасының алғашқы қарлығаштары ретінде танылып, Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаев негіздеген жазба әдеби тіл дәстүрін әрі қарай жалғастырған жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ жазушылары осы тіл қазынасын мәнді материал, көркем құрал етіп, әдеби тілдің көркемдік дамуын ілгерілетті.

Өткен ғасырдың басы қазақ әдебиеті тілінің дамуында айрықша орын алатын, жаңалығы мен қайшылығы да мол кезең болды. Профессор Е.Жанпейісов: «Прозалық шығармалар алғаш көрінгенге дейін, көркем әдебиет тілі поэзияда қалыптаса бастады. Кейіннен проза тілінде дами түскен көркем әдебиет тілінің біраз элементтері ең әуелі ауыз әдебиет үлгілерінде, кейін алғашқы жазба ақындар творчествосында көрінеді. Әр алуан тілдік құралдаробраз жасаудың бір амалы ретінде тұңғыш рет осы кезде дамып, жеке сөздер, сөз орамдары алғаш осы шығармаларда көркемдік қызмет атқара бастайды» [7, 261 б.]. Негізінде, еліміз тәуелсіздік алған бүгінгі тұстағы жариялылық процесі мен шығармаларын жаңа қырынан зерделей түскен зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің арқасында жазушыларымыздың төл тілімізді ілгері дамытуға қосқан үлестері үлкен екендігі белгілі. Бұл бағытта құнды пікірлер айтып, терең зерделеген Б. Кенжебаев, З. Ахметов, З. Бисенғалиев, т.б. ғалымдар еңбектерінің берер мағлұматы мен сабағы көп.

Жалпы, көркем әдебиет тілін зерттеудің қазақ филологиясындағы жайына келсек, ның жинақталған тәжірибесін көрсететін, біршама шешімін табатын құнды еңбектер баршылық. Профессор Р. Сыздық «Сөз құдіреті» атты еңбегінде қазақтың көркем сөзінің құдіретін танытқан қаламгерлер тілін талдаса [5, 10 б.], көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген профессор Б. Шалабай көркем шығарма тілін зерттеудің өзіндік қырларын ашып көрсетеді: 1) Таза тілдік қыр; 2) Стилистикалық қыр; 3) Көркем-эстетикалық қыр [9, 29 б.].

Қазақ прозасы әдеби тұрғыдан көптеген әдебиетші ғалымдардың зерттеу нысаны болғанымен, лингвистикалық тұрғыдан тілі әр қырынан кейбір ғалымдардың жекек мақсаттарына нысан болғанымен, проза тілінің көркемдік жүйесін құрайтын фразеологизмдер біртұтас зерттеуге негіз болған жоқ. Бұл ретте көз тоқтатар, көңілге түйер еңбектерден Б.Шалабаевтың «Көркем проза тілі», Х. Кәрімовтың «Қанатты тіл» т.б. еңбектерін атауға болады.

Профессор Р. Сыздықова: «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол – жекек қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын танып табу ерекше орын алады» [10, 95 б.] – деп, ғалым өз зерттеуінің өзекті бөлігін фразеологияға арнайды. Көркем поэзия болсын, көркем проза болсын, ондағы халық тілінің басқа элементтерімен біте қайнасып жатқан фразеологизмдерді оқып, тану – оның тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсінуге мүмкіндік береді.

«Жалпы алғанда, жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аз уақыт ішінде дамыса да, талай белестерден өтіп, сан алуан ұлы-кішілі таланттарды туғызған, дәуір талабына үн қосқан, идеялық-көркемдік деңгейі биік әдебиет болды. Оның бай мұра, ұлттық қазына екенін өзіміз де, басқаға да танытуымыз қажет» [6, 45 б.].

Қазақ прозасы жанрының қыр-сыры, көркемдік ізденімстері мен нәтижелері әдебиетші ғалымдарыдың еңбектерінде қарастырылып, проза тілі құрылымдық жүйесінің көркемдігін танытатын тілдік бірлік – фразеологизмдер лингвистердің кейбір жекелеген ғылыми еңбектерінде айтылғанымен, әр кезең шығармаларындағы фразеологизмдер біртұтас жүйелі түрде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Осыдан барып қазақ прозасы жанрының алғаш көріну кезеңіндегі фразеологизмдерді жан-жақты қарастырып, жазба әдеби тілді дамытуда оның орнын анықтау мәселесін арнайы зерттеу қажеттігі туады.

Белгілі бір кезеңдегі көркем шығарма тілінің фразеологиялық қорын зерттеу – бір жағынан, сол дәуірдегі жалпыхалықтық тілдің кезеңдік ерекшелігін терең білуге себептесе, екінші жағынан, әрсуреткердің тіл шеберлігін жан-жақты ашып, оның әдеби тілімізді дамытудағы тарихи рөлін анықтаудың бірден-бір жолы болып табылады. Себебі фразеологизмдер көркем әдебиет қажетін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын ақтайтын күшті тілдік құрал болып келеді. Сондықтан әдеби тіл дамуы кезеңдерінің көркемдік сипатын танытуда қомақты материалды «тілдің әдебиеттік сипаттарының біреуі» – фразеологизмдер береді.

Фразеологизмдер – жазу, сөйлеу тілінің ажарын кіргізіп, күдіретін арттыра түсетін, көңілдегі көрікті ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік бояу-нақышымен жеткізетін, көркем сөз қазынасында қорланып, қолдануға дайын тұратын, қалыптасқан сөз тіркестері.

Фразеологизмдердің тіл білімінен ерекше орын алып, көптеген ғылыми зерттеулердің объектісі болуының себебі, біріншіден, олардың сан жағынан көптігі, екіншіден, тілдегі қолданыс аясының кеңдігі, үшіншіден, мазмұн-тақырып жағынан ауқымдылығы және, төртіншіден, тіл практикасында жиі кездесуі. Фразеологизмдер сонымен қатар барша рухани өмірдің байлығын жан-жақты сипаттауда да ерекше қызмет атқарады. «Фразеология» деген термин тіл білімінде екі түрлі мағынада – біріншіден, тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін ғылым деген мағынада, екіншіден, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің жиынтығы деген мағынада қолданылады.

Фразеологизмдер – тарихи категория. Олар ұзақ тілдік қолданыстан кейін ғана тұрақтылыққа ие болады. Фразеологизмдерді басқа тілдік бірліктерден ажыратудың айырма-белгілері деп зерттеушілер мынадай үш негізгесуіенеді:

1) мағына тұтастығы (белгілі бір фразеологиялық единицаның ішіндегі сөздер бастапқы мағынасынан түгел немесе ішінара жартылай айырылып қалады да шоғыр тіркес тек біртұтас мағына береді);

2) тіркес тиянақтылығы (белгілі фразеологиялық единицаның ішіндегі сөздер бір-бірімен жымдаса байланысады, олардың орын тәртібі нық келеді, барлық жағдайларда дерлік бір шоқ тіркес өз қалпын сақтайды);

3) қолдану тиянақтылығы (белгілі бір фразеологиялық единицаның әрдайым айна-қатесіз, өлеңдегі қайырма тәрізді бұлжымай қайталана қолданылады).

Тіл білімінде фразеологизмдерге беріліп жүрген анықтамаларда бейнелілік — фразеологизмдердің басты қасиеттерінің бірі ретінде жиі көрсетіледі. Фразеологизмдердің экспрессиясын тудырудың бірден-бір жолы образдылық болып табылады. Еркін сөз тіркестерінің образға ие болуы — фразеологизмге өтудің бірінші сатысы. Еркін сөз тіркестерінің ауыспалы мағынаға өтуі - фразеологизмдердің алғашқы шарты. Ауыспалы мағынада жұмсалатын тіркестің белгілі бір нәрсеге теңелетін, баланатын түрлері адам санасында образ жасайды. Бейнеліліктің негізінде тура және ауыспалы мағынаның қарама-қайшылығы болады. Тілдік қолданыста ауыспалы мағынаға ие болған тіркестер дәл сол құрамында да тұрып, тура мағынада жұмсала береді. Кейбір тіркестердің алғашқы өз мағынасы әлсіреп, қолданыстан шығып қалады да, екінші ауыспалы мағынасы ғана тілдік айналымда қалады. Олардың ассоциацияланған негізгі құбылысы ұмытылады. Бұл — фразеологизм құбылысының бір белгісі болып табылады.

Орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек жасаған ғалым-академик В.В. Виноградов. Ғалым фразеологиялық орамдарды фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірілік, фразеологиялық тіркес деп үшке бөлген. Фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-бірінен әрқашан айқын ажыратыла бермейді, осыған орай, оларды классификациялау тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылып, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылған. Фразеологиялық оралымдар лингвистикалық әдебиеттерде бүтіндей тұрақты тіркестің тұтас мағынасы мен оның сыңарлары

мағыналарының арақатысы жағынан топтастырылса, екіншілерінде – құрылымы жағынан, үшіншілерінде қызметі немесе эмоционалды-экспрессивті жағынан топтастырылады. Академик В. В. Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің біртұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлары мағыналарының арақатысы тұрғысынан топтастырған. Қазақ тіл білімінде де осы классификацияны бірден-бір арқау етеді.

Ал қазақ тіл білімі уәкілдерінің көзқарастарына тоқталсақ, оның мән-жайы мынадай. Қазіргі қазақ тілі оқулығының бірінші басылымында: «...фразеологиялық тізбектер өздерінің жасалуы, фразалық материалы, грамматикалық байланысы, лексикалық мәні жөнінен төмендегідей үш ірі түрге бөлінеді: идиомдар, мақалдар, мәтелдер», - ал аталған оқулықтың 1962 жылғы басылымында: «фразеологиялық тіркестердің құрамына идиомалар және басқа фразалық топтар жатады», – делінген. Бастапқыда фразеологиялық орамға не жататыны айқын айтылған болса, соңғыда ол жалпы айтылған. Бірақ мақал, мәтелдердің де сөз болуына қарағанда, мұнда да олар фразеологиялық орамдардың белгілі тұлғасы ретінде алынған деуге болады.

Профессор М. Балақаев пен профессор Т. Қордабаев тұрақты тіркестерді идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер деп екіге бөлген. Профессор А. Ысқақов та күрделі сөздерді топтастыру мәселесіне қатысты айтқандарында тұрақты тіркесті идиомалық тіркес, фразалық тіркес деп екіге бөледі. Профессор К. Аханов: «...мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді фразеологиялық единицалардың қай тобына жатқызу – өте күрделі мәселе», – дейді. Сонымен қазақ тіл білімінде де фразеологиялық орам тұлғалары идиома мен фраза болатыны күмән тудырмайды. Проблема фразеологиялық тұлғаларды басқа тілдік құбылыстардан ажыратуда нені межелік белгі етіп алу керек екендігіне байланысты туады.

Орыс тіл білімінде фразеологиялық тұлғалар жайында сөз қозғаған тіл мамандары оны басқа тілдік құбылыстардан ажыратарлық белгі ретінде, негізінен, компоненттерінің тұрақтылығын, бүкіл тіркестің беретін жалпы мағынасы бөліп-жаруға келмейтін, тұлғасының күрделі, құрылымы жағынан вариаттары болатын, сөйлеу кезінде құрастырылып жатпай даяр, жаттанды қалпында ойдан шығарып айтқандай қолданылатынын, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көне бермейтінін айтады. Ал қазақ тілінде тіл мамандары пікірлері де негізінен осы бағыттас болып келеді.

Фразеологиялық тұлғаларды онымен құрылымдас басқа тілдік құбылыстардан ажыратуда арқа-таяныш етіп жүрген белгілеріміз мүлтіксіз деуге келмейді. Фразеологиялық единица, оның сөз тіркестеріне қатысы туралы мәселеге тоқталайық. Сөз тіркесінің көптеген мәселелері жете зерттелмегенімен, оған фразеологиялық единицалардың қатысы арнайы зерттеудің объектісі болған емес. Профессор М. Балақаев пен профессор Т.Қордабаев тұрақты тіркестерді идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер деп екіге бөлген. Профессор А. Ысқақов та күрделі сөздерді топтастыру

мәселесіне қатысты айтқандарында тұрақты тіркесті идиомалық тіркес, фразалық тіркес деп екіге бөледі.

Профессор К. Аханов: «...мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді фразеологиялық единицалардың қай тобына жатқызу – өте күрделі мәселе», – дейді. Сонымен қазақ тіл білімінде де фразеологиялық орам тұлғалары идиома мен фраза болатыны күмән тудырмайды. Проблема фразеологиялық тұлғаларды басқа тілдік құбылыстардан ажыратуда нені межелік белгі етіп алу керек екендігіне байланысты туады. Орыс тіл білімінде фразеологиялық тұлғалар жайында сөз қозғаған тіл мамандары оны басқа тілдік құбылыстардан ажыратарлық белгі ретінде, негізінен, компоненттерінің тұрақтылығын, бүкіл тіркестің беретін жалпы мағынасы бөліп-жаруға келмейтін, тұлғасының күрделі, құрылымы жағынан вариаттары болатын, сөйлеу кезінде құрастырылып жатпай даяр, жаттанды қалпында ойдан шығарып айтқандай қолданылатынын, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көне бермейтінін айтады. Ал қазақ тілінде тіл мамандары пікірлері де негізінен осы бағыттас болып келеді.

Фразеологиялық тұлғаларды онымен құрылымдас басқа тілдік құбылыстардан ажыратуда арқа-таяныш етіп жүрген белгілеріміз мүлтіксіз деуге келмейді. Фразеологиялық единица, оның сөз тіркестеріне қатысы туралы мәселеге тоқталайық. Сөз тіркесінің көптеген мәселелері жете зерттелмегенімен, оған фразеологиялық единицалардың қатысы арнайы зерттеудің объектісі болған емес.

І. Кеңесбаев еңбектерінде фразеологиялық единицаның синтаксистік жағы онша еленбейді. Р. Сарсенбаев, Ө. Айтбаевтың еңбектерінде фразеология тек таза фразеологизм аспектісінде зерттелініп, синтаксистік ерекшеліктері сөз болмайды. Т. Қордабаев, Х. Қожахметованың еңбектерінде тұрақты тіркестердің синтаксистік ерекшеліктері біраз айтылады. Сонымен, жалпы фразеология туралы шыққан еңбектерге шолу жасай келгенде, біріншіден, ол еңбектер өте көп, екіншіден, олардың бір бөлігі таза фразеологиялық аспектіде жазылған, үшіншіден, синтаксистік өзгешеліктері туралы жазылған еңбектер жоқтың қасы. Профессор М. Балақаев сөз тіркестері, оның ішінде түйдекті тіркестердің жасалу жолының бірі – тұрақты тіркестер дей келіп, қазақ тіл білімінде тұрақты тіркестердің сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатындығын алғаш көрсетіп берді.

Фразеологизмдердің белгілері. Фразеология туралы еңбектерде фразеологизмдердің негізгі үш белгісі болатыны көрсетіліп жүр: мағына тұтастығы, құрылымының тұрақтылығы және қолданылу тиянақтылығы. Бұл белгілердің қатарында фразеологизмдердің бейнелілігі көрсетілмеген. Фразеологизмдердің тұтастығы жай ғана тұтастық емес, бейнелі, мәнерлі тұтастық. Бейнелілік, мәнерлілік фразеологизмдердің басқа белгілері сияқты маңызды белгісі болып табылады. Сөйтіп, фразеологизмдер басқа тіл бірліктерінен төрт түрлі белгі-қасиетімен ерекшеленеді:

- 1) құрылым тұрақтылығы.
- 2) мағына тұтастығы.
- 3) даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы.

4) бейнелілігі, мәнерлілігі.

Осы белгілер фразеологизм атаулының бәріне тән, тек бірінде толық, бірінде солғын болуы мүмкін. Фразеологизмдердің жоғарыда көрсетілген белгілерін құрылымы немесе мағынасы жағынан оларға ұқсас басқа тіл бірліктерімен (еркін сөз тіркестері, күрделі сөздер, сөйлемдермен) салыстырғанда айқын көруге болады. Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы. Бірінші айырмашылығы. Еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде сөздердің мағынасы жағынан өзара үйлесе отырып, кем дегенде екі сөздің грамматикалық жолмен еркін тіркесуінен жасалады, бірақ еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақты болмайды. Олардың құрамындағы сөздерді мағынасы, айтылуы жағынан солармен үйлесетін басқа сөздермен айырбастауға, орнын ауыстыруға болады.

Ал фразеологизмдерге келсек, олар да кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалады, бірақ олардың құрамы тұрақты. Екінші айырмашылығы – фразеологизмдердің мағына тұтастығында. Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес.

Фразеологизмдік мағына дегеніміз – құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сол себепті фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады. Тіпті фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналары анық байқалғанның өзінде, фразеологизмдердің мағыналары семантикалық біртұтастығынан айрылмайды. Үшінші айырмашылығы – фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылу тиянақтылығында. Оған негіз болған фразеологизмдердің жоғарыда айтылған құрылымдық тиянақтылығы мен мағына тұтастығы. Осы белгілердің сақталуы нәтижесінде фразеологизмдер даяр тұрақты тіркес сипатына ие болады.

Фразеологизмдер сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде жасалынбайды, біртұтас тіл бірлігі ретінде даяр қалпында жұмсалады. Сөйлеуші бұларды сөйлеу үстінде өздерінше өзгерте алмайды. Олар осы қалпында адамдардың жадында сақталған, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, даяр қалпында қайталанып отырады. Ал еркін тіркестер керісінше сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде құрамындағы сөздердің өзара үйлесіп еркін тіркесуі арқылы жасалады. Еркін тіркестердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарына тәуелді, яғни фразеологизмдердей қайта жаңғыртылған мағыналар емес. Төртінші айырмашылығы – фразеологизмдердің көпшілігіне мәнерлілік, айқындық, бейнелік қасиет тән екендігінде. Бұл қасиет фразеологизмдердің стилистикалық мәнін аттырады. Бесінші айырмашылығы – еркін тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнеді.

Ал фразеологизмдер әдетте бір тілден басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейді, оларды басқа тілдегі баламалары арқылы немесе фразеологиялық

мағыналарын түсіндіру арқылы беруге болады. Осы сияқты айырмашылықтарымен бірге фразеологизмдер мен еркін тіркестердің жақындасатын жағы да бар. Құрылымы сөйлемге ұқсас фразеологизмдердің құрамы формалды түрде еркін сөз тіркестерінен тұрады. Бұлар фразеологизмдік сипат алғанда, өздерінің еркін тіркестік мағыналарынан айрылып, бейнелі фразеологизмдік мағыналарға ие болған. Сөйтіп, бұл арада еркін тіркестердің фразеологизмдерді жасайтын материал болып табылатынын көреміз. Фразеологизмдердің сөзбен жақындығы. Бұлардың жақындығын білдіретін мағыналары мен атқаратын қызметтеріндегі ұқсастықтан көруге болады.

Сөздің, фразеологизмге жақындығы екі жағдайда айқын байқалады. Бірінші, тілдегі әрбір дербес мағыналы сөз лексикалық бірлік ретінде жеке тұрып, белгілі бір ұғымды білдіріп, даяр қалпында қолданысқа түсіп отырады. Сөйлеу үстінде белгілі бір затты, құбылысты, әрекетті қалай атаймыз деп жатпаймыз, ұрпақтан-ұрпаққа белгілі даяр атаулармен атаймыз.

Яғни еркін тіркес сияқты сөз атау ретінде сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде жасалмай, даяр қалпында жұмсалады. Екінші, лексикалық бірлік ретінде сөз де фразеологизм тәрізді бір ұғымды білдіреді, яғни ұғымын білдіруі жағылап сөз бен фразеологизмнің арасында ұқсастық бар. Осы ұқсастық нәтижесінде фразеологизмдер лексикологиямен жақындасады. Сөйтіп, жоғары айтылғандардан фразеологизмдердің екі жақты құбылыс екенін, екі жақтылығын көреміз.

Фразеологизмдердің сөйлеммен арақатынасы. Фразеологизм мен сөйлемнің құрылымдық жағында формалды лексикалық, ұқсастық бар. Фразеологизмдерде жай, құрмалас сөйлемдер сияқты құрылымдар кездеседі. Фразеологизм мен сөйлемнің айырмашылығы лексика-семантикалық және синтаксистік қызметіне байланысты. Сөйлемнің негізгі функциясы коммуникативтік. Сөйлем – тілдің коммуникативтік бірлігі, синтаксистің объектісі. Ал фразеологизм ұғымды бейнелеп, мәнерлеп немесе тұспалдап, астарлап білдіретін лексика-семантикалық бірлік, ол осы жағынан лексикалық бірлік – сөзге, сол арқылы лексикологияға жақын. Сөйлемді синтаксистің объектісі ретінде мүшелеуге, сөйлем мүшелеріне талдауға болады.

Фразеологизмдер лексика-семантикалық идиомалық бірлік болғандықтан, өз ішінен мүшеленбейді, тұтасымен бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Фразеологизмдердің жоғарыда талданған белгілерінің универсалдық сипаты жөнінде «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» былай делінген: «Егер белгілі бір тілде сөз категориясы болатын болса, фразеологизмнің мазмұны мен формасы тіл типіне тәуелсіз осы универсал белгілердің бәрін де сақтайды, себебі фразеологизм сөздердің тіркесуінен жасалатын категория»[5, 560]. Фразеологизмдер және олардың зерттелуі. Сөйлеуіміз сөйлемнен тұрады да, сөйлем әлденеше сөзден тұрады. Жеке сөздің сөйлемге айналуы сирек. Синтаксистік тұрғыдан алып қарасақ, сөз бен сөйлем аралығында тағы бір топ бар, ол – сөз тіркестері. Сөз тіркесі

дегеніміз – екі не бірнеше сөздерден құралған грамматикалық бірлігі бекем топ. Сөз тіркестері еркін және тұрақты боп екіге бөлінеді. Еркін тіркестер жұмыс барысында, қажеттілікке орай қайта жасала беруі әбден мүмкін. Мұндағы сөздер қайтып ажырамастай қалыпта емес, керегі болса алмастырылып, орын ауыстырыла береді. Ал еркіндігі жоғалған, ажырамастай қалыпта кірігіп кеткен тіркестерді тұрақты тіркестер дейді. Бұларды біз фразеологизмдер деп атаймыз. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем дегендеріңіз синтаксис тексеретін сала бола тұра әлгі тұрақты тіркес неге лексикологияның мәселесі ретінде қарастырылады. Себебі фразеологиялық тіркес туралы мәселе синтаксис тексеретін шеңберден шығып кетеді. Тіпті мұның лексикология, фонетика, грамматика сияқты өз алдына жеке сала болып зерттелуіне де қатысы бар [11, 29 б.]. Фразеологизмдердің тек өзіне ғана тән өзгеше белгілері бар. Осы белгілер тілдің бұл категориясын өз алдына жеке сала ретінде қарастыруға итермелейді. Әрі тілдің басқа единицалардан айырмасын айқындайтын негізгі ерекшелік болып табылады. Бұл белгілердің түрі мына төмендегідей:

- а) лексикалық мәні;
- ә) компоненттік құрамы;
- б) грамматикалық категориялардың түрі.

Бұл белгілердің тек фразеологизмдерге қатысты екенін дәлелдеу үшін сол фразеологизмдерді тілдік единица – сөзбен және сөз тіркесімен салыстыру қажет. Екеуінің де фразеологизмдермен ортақтасып кететін белгілері бар. Сөз тіркесі дегеніңіз фразеологизмдер жасалатын ұяның бірі. Лексикалық мәні және грамматикалық жасалуы жағынан сөз бен фразеологизмдердің ұқсастығын тұстары көп.

Фразеологизм мен сөздің лексикалық мәнін ашқанда, олар біріне-бірі синоним болып келетінін байқау қиын емес. Фразеологиялық тіркестердің жеке сөздер тектес стилистикалық өңі ажарлы келеді. Сөйлемдегі орнына, қолданылу жүйесіне қарай фразеологиялық тіркестер кейде еркін тіркесіп, кейде тұрақтанып қалатын тұстары бола береді.

2.2 Фразеологизм – адам ой-негізін қалыптастырудың тілдік бірлігі

Фразеологиялық тіркестердің грамматикалық заңдылықтары олардың стилистикалық қызметін де танытады. Яғни бұл синтаксистік стилистика элементі. Бұдан біз фразеологизмдердің белгілі бір грамматикалық формаға түсіп, қажетті стилистикалық қызмет атқаратынын көреміз. Сөйлем біздің қатынас құралымыз – тілдің ерекше единицасы. Егер сол сөйлемдегі кейбір сөздің, не жай тіркестің бірінің орнына фразеологиялық тіркесті қолдансақ, сөзіміз басқаша стилистикалық өң-ажарға ие болатынын байқаймыз. Әлгі сөйлеміміз бұрынғыдан гөрі экспрессивті-эмоциональды кейіпке түседі, басқаша айтқанда, әсерлі әсем болмақ.

Бұлар сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысқа түскенде әрқилы мінез танытады. Егер бастауыш рөлінде тұрса, сол бастапқы дербес күйі сақталады, ал сөйлемнің басқа мүшелерінің бірінде тұрса әбден кірігіп кетеді.

Сөйтіп олардың грамматикалық байланыстары әртүрлі. Күрделі тіркестер – идиомдарды, фразеологиялық топтарды былай қойғанда, жеке сөздердің өзін де екінші тілде беру процесі оңайға түспейді. Өйткені қайсыбір тілді алсаңыз да, оның әрқайсысының өзге тілге сай келе бермейтін толып жатқан ерекшеліктері бар. Туыстығы басқа тілдердің бірінен-біріне аудару процесі оңайға соқпайды. Әлгі қиындықтар осы тектес ерекшеліктерге де байланысты.

Қазіргі реалистік аударма теориясы түпнұсқаның осы типтес өзгешеліктерін толық жеткізуді талап етеді. Шығарманың тек мазмұнын қанағат тұтып отыратын кез де болған. Енді мазмұн мен идеяға қоса шығарманың сан қилы тілдік құбылыстарын, автордың стилін жеткізу – өмірдің өзі туғызған заңды талап. Яғни белгілі бір шығарма түпнұсқада қандай болса, аударма тілде де үлкенді-кішілі бар қасиетімен түгел жеткізілуі тиіс. Ғалымдардың, тәжірибелі аудармашылардың пікірінше, идиомдар мен фразалық топтар аударманың ең қиын саласы екені анық. Бұл фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің өзіндік қасиеттерінен туатын қиындықтар. Және фразалық топтардың әр тілде өзінше тұрақтанған, сол тіл аясына ғана сыйымды тұтас мағынасы болатынын жоғарыда жеке-дара тексеріп қараған болатынбыз. Әдетте идиомдар барынша қысқа боп келеді де барлық компоненттері жиылып бір-ақ мағына білдіреді. Ал компоненттерін жеке-жеке алып қарасаңыз, өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, дерексізденіп кеткенін байқамыз. Бұл көптеген жыл жемісі болса керек.

Фразалық топтар да идиомдар тәрізді қысқа, нақты, тұжырымды боп келеді. Компоненттерінің негізгі орны тұрақты. Бірақ мұның компоненттері бастапқы, негізгі мағынасынан айырылмай-ақ бір тиянақты ойды бейнелеп, тұспалдап жеткізіп тұрады. Идиомдардан айырмашылығы осы қасиетінде. Бұларды аудару кезінде туатын қиындықтар осындай қасиеттеріне байланысты. Бәлкім, осы қасиеттерінің кесірінен болар идиомаларды тек сол халықтың мүлкі деп қарап, оны өзге тілге аударуға мүлде болмайды деген ұғымның соңғы уақытқа дейін белең алып келуі. Ондағы айтылатыны идиом құрамындағы сөздерді жеке-жеке аударғанда мағынасыз бір бөлдір-батпақ боп шыға келеді деу. Осылай қараған да дұрыс. Бірақ, олар әлгі идиом компоненттерін сол тілдің өзінде жеке-жеке алып қарағанда да ешбір мағына бермейтінін ескермейтін.

Сондықтан бұл жерде идиомдардың компоненттерін жеке-дара бөліп қарамай, солардың бәрі жиылып беретін мағынасын ғана екінші тілден іздестіруіміз қажет. Сонда біз әлгідей ел мен елдің, халық пен халықтың арасына қорған орнатып, шек қоймайтын боламыз. Сайып келгенде, бір халықтың тілінде жазылған, айтылған ой мен мазмұнды және оның қалай айтылуын екінші тілде әбден беруге болады. Өйткені ұлт пен ұлттың зат, әлем тұрғысындағы түсінігінде жоғары, төмендік жоқ, бәрінің ойлау жүйесі бірдей. Міне, сондықтан аудармашы-ғалымдар, жазушылар автордың қандай бір ерекшелігі болмасын, стилін сақтап аудару керек деп тұжырады.

Идиома, фразаларды аудару дегенімізді автордың стилін беруге жол деп қарауымыздың себебі осыдан. Идиомдарды аудару жайында түрлі-түрлі пікір тараған. Бірі аударуға болады десе, екіншісі, керісінше, аударуға болмайды дейді. Мұндай кереғар пікірлердің туу себебі мынада.

Біріншіден, идиомдардың жоғарыда ескертілген ерекшеліктеріне байланысты.

Екіншіден, идиом сөздердің аударылу тәжірибесін қорытып зерттеген нақты еңбектің күні бүгінге дейін болмауында.

Үшіншіден, бұл мәселе жайында пәлендей бір ереже жасау қиын-ақ.

Сондықтан әрбір нақты іс, тәжірибе үстінде аудармашы өзінің білімі, таланты, шеберлігінің шама-шарқына орай бұл мәселені өзінше шешуі тиіс. Оның негізгі сүйенетін тірегі автордың стилі болу керек. Идиом мен фразалық топтарды, мақал-мәтелдерді аударудың біздіңше, бірнеше жолы бар сияқты. Екіншіден, аударылатын тілден сол мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің эквивалентін іздеу қажет. Ондай эквиваленттер көптеп табылады. Халықтардың тіршілік ету формасы, тұрмыс жайы ұқсас келе береді. Соған орай әрбір ұлттың өмір тәжірибесін тұжырып, нақтылап, ұйқастыра айту қабілеті байқалады. Әлгі айтылған сөздің объектісі бір болуына байланысты ұқсас фразеологиялық орам жасалады.

Көркем әдебиетте жалпы халықтық тіл барлық грамматикалық айшықтарымен, сөздік құрамының күллі байлығымен жазушының шеберханасына түседі де, шындықты суреттеудің құралы есебінде пайдаланылады. Жазушы дәл осы жалпы халықтық тіл арқылы әдеби кейіпкерлер мен мінез-құлықтарды сомдап соғады. Кейіпкер бейнесін дараландырып, типтендіріп, диалог жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін құрады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындайды, жазушы стилін тұрақтандырады. «Оливер Твист» аудармасы дегенде ең алдымен айтарымыз бұл шығарма тәжірибелі аудармашының қолына тиген. Қайсыбір аудармашыларды қарағаныңызда, аудармашының кейбірінің түпнұсқа тілін немесе аударма тілін жете білмейтіндігі көрініп тұрады. Тілді аударма білу үлкен шеберлік. Ал енді сол тілді түпнұсқаның ыңғайына қарай бейімдеп, өзге тілде өрнектелген сом бейнелердің сан алуан сөз түйдектерін жасауын, сөйлеу мәнерін, түпнұсқаның шеңберінен шығып кетпей, екінші тілде беру және сол аударылғалы отырған тілдің ішкі заңдылықтарын бұзбай беру бұдан да асқан шеберлікті тілейді. Аудармашы аударма өнерінің осындай қиын да қызықты принциптеріне ыждағатпен қараған.

Бұл шығармада фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді қолданатын кейіпкердің бірі Оливер. Ол өзі өмір сүрген ортаның бар тірлігіне белсене араласып, өз пікірін қаймықпай айтатын адам. Оның сөздері бейнелі, бедерлі. Белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы әдет-ғұрып, салт-санасы, күнделікті тұрмысына байланысты қалыптасқан ұғымдары болады. Соған орай түрлі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, нақыл сөздер жасалады. Яғни, керісінше, әлгі мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың, белгілі бір дәуірдегі тіршілік-тынысынан хабар беретін тарихи факторлар. Аудармада мұндай факторларға мән бермеуге болмайды. «Оливер Твисттегі» фразеологизмдердің біразын

қазақ тұрмысына байланысты туған мақал-мәтелдерімен аудару ұшырасады. Көп жағдайда бұл тәсіл оқушыны түпнұсқадан аулақтататын тәсіл. Мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді аударуға болатынын көрдік. Оның бірнеше жолы бар. Әрине, мұның бәрі аударма сияқты азабы мен қызығы мол істе дөп келе бермеуі мүмкін. Қалай дегенде де аудармада түпнұсқадағы кестелі сөздерді келісімді етіп беруге әбден болады.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші - көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдер болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тілдің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар. Жалпы, тіл білімінде фразеология мәселесі көп зерттеліп келеді десек те, әрбір әдеби тіл кезең ерекшелігін ашатын оның бай фразеологиялық қоры мен құрамы туралы арнайы зерттеулер жүргізілген емес.

Тілдегі фразеологизмдер – тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойына пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі. Әр жазушы өз өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады. Шын мәніндегі ағылшын көркем әдебиетінің ұлы тұлғалары ретінде танылып, Шекспирмен негіздеген жазба әдеби тіл дәстүрін әрі қарай жалғастырған ағылшын жазушылары осы тіл қазынасын мәнді материал, көркем құрал етіп, әдеби тілдің көркемдік дамуын ілгерілетті. Көркем шығарма тілінің фразеологиялық қорын зерттеу – бір жағынан жалпыхалықтық тілдің кезеңдік ерекшелігін терең білуге себептесе, екінші жағынан, әр суреткердің тіл шеберлігін жан-жақты ашып, оның әдеби тілімізді дамытудағы рөлін анықтаудың бірден бір жолы болып табылады. Себебі фразеологизмдер көркем әдебиет қажетін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын ақтайтын ең бір күшті тілдік құрал болып келеді. Сондықтан әдеби тіл дамуы кезеңдерінің көркемдік сипатын танытуда қомақты материалды «тілдің әдебилік сипаттарының біреуі» – фразеологизмдер береді.

Көркем шығарма тілін біршама терең зерттеген орыс ғалымы А.И. Ефимов әдеби тілдің негізі жалпыхалықтық екенін және сөз шеберлері сұрыптаған, байытқан тіл екенін айтады. Көркем әдебиет тілі, жеке жазушылар тілі - әдеби тілдің сипатын толығырақ көрсететін элемент және әдеби тілдің өзге стильдеріне қарағанда, жалпыхалықтық тіл нормасына көркем әдебиет тілі жақын тұр, яғни әдеби тілдің жалпыхалықтық сипаты көркем әдебиет тілінен көбірек сезіледі. Көркем шығармада тілдің сөз байлығы мейлінше мол жұмсалып, әр алуан ой мен сезімді білдіретін тілдік мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану орын алады. Яғни мұнда көркем тіл үшін икемділігі мол фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жинақталады.

Жазушы осы қазынаны пайдаланып, соның үлгісінде жаңаларын жасайды. Осы арқылы өз кезегінде әдеби тілдің дамуын жетілдіре, толықтыра түседі. С. Дөнентаев шығармашылығын тілдік қолданыс жайы жағынан зерделеу қолға алына қойған жоқ. Тіл білімінің қай саласын болмасын тақырыпқа тартуға болады. Дегенмен біз ақынның бір ғана өлеңіндегі тұрақты бірліктерді қарастыруды қолға алдық. С.Дөнентаевтың «Сарыарқа анамызға» шығармасы арнау, оның ішінде жарлай арнау өлеңдерінің, қатарына жатады. А.Байтұрсынов фигура түрінің бірі ретінде әсерлеуді алға тартып, оған «...сөздің әсерін күшейтіп сөйлетуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты тыныш күйінде тұрғандағы адамның аузынан шыққан сөз бен көңіл көтеренкі я бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды» - деп, оның үш түрін сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау, алға тартады [1,167 б.].

С. Дөнентаев өлеңінің көңілге әсері ерекше. Ең алдыңғы орынға Сарыарқа амандығы мен салауаттылығы шыққан: *Жүз қылдық, мың шүкірлік жеткізді Алла, Бола деп мұндай, сірә, ойда бар ма? Аймалат көкірегінді, қыс мойнымнан, Арман жоқ шықса жаным бүгін таңда.* Екінші – тарихи танымға терең бойлаған: *Хан болған Бөкей, Жәңгір, Абылайың, Ер болған Кенесары, Наурызбайың. Сықылды Төле, Едіге биің өтті, Көп қозған ескі дертті не қылайын.* Үшінші – сол уақыт шамасындағы қауқарсыздық орын алған: *Таусылып о күндегі оңды балаң, Арами, азғын туды соңғы балаң. Болмаса Басыңда сол бір дәурен тұрған шақта, Кім саған көз алартты, беттен алды.* Солай бола тұра, ақын күдер үзе қоймайды: *Кез келдің мына күнде анамыз-қарт, Басалқы айт, түзу жөнге балаңды тарт,* - деп болашаққа сенім ұялатады.

Жалпы, қара өлең ұйқасына құрылған сегіз шумақты шығарманың әрқайсысында фразеологиялық қолданыс орын алған. Алғашқы шумақ *Жасаған жылдан есен, айдан аман* - деп аяқталады. *Ел аман, жұрт тыныш* ыңғайында келетін тілдік бірлік ақын аузынан белгілі бір уақыт шамасын емес, уақыттың созылыңқы күйін білдіру үшін пайдаланылған. Әйтпесе, аталған фразалық бірлік «Айдың аمانында, заманның дұрыс кезінде, бейбіт күнде, жайшылық уақытта» деген ұстанымды айғақтайтыны рас [2, 205 б.].

Екінші шумақ та фразоқолданысқа толы. Оның ішінде *жүз қылу, мың шүкірлік (ету), Алла жеткізу* қарапайым халық тіліндегі қолданыстар да, *жаным шықса* тіркесінің мағынасын сөздіктен табуға болады. Бірақ оны қарғыс мәндегі айтылымда емес, ел-жер сағынышына берілгендік деп түсінген жөн:

Жүз қылдық, мың шүкірлік жеткізді Алла,
Болам деп мұндай, сірә, ойда бар ма?
Аймалат көкірегінді, қыс мойнымнан,
Арман жоқ шықса жаным бүгін таңда.

Үшінші шумақтық біртұтас бірлік шақтық, жақтық байланыспен берілуіндегі тұрақты тіркесімдер *басың құтты, қастық қылды* сынды антонимдік тәсілге бағынған. Мұндағы алғашқы тіркес *Басынан құс*

ұшырмады мәнімен ұштасып отырса, екінші тіркес жаманшылық істеді мәнін алға тартқан. Қараңыз:

Кезінде бойың сыйлы, басың құтты,

Өстірдің тәрбиелеп талай ұлды.

Бақытсыз балаларың туғаннан соң,

Дұшпандар қастық қылды, үзді, жұлды.

Өлеңнің қалған шумақтарының әрқайсысында *ескі дерт; көз алартты, беттен алды; жат ел; басалқы айт* сынды фразеологизмдер кездеседі. Бұларды фразосөздік арқылы түсіндіру ең оңай жол. Мұндайда олардан қазақ халқының басынан өткен таршылық заман түсіндірмесін аламыз. Мұның сыртында ақынға тән авторлық қолданыс деп қабылдауға болатын бірліктер де бірсыпыра: *аймалат көкірегіңді; хан болған; ер болған; мас батырдай байлап беру; қоңсы болу; жасың жеткен шақ*. Бұл тіркестерді К.Аханов фразеологиялық сөйлемше деп атап, «Фразеологиялық оралымның бұл түрі мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келетінін» көрсетеді [3,176 б.].

Жалпы, қазақ ілімінде тұрақты бірліктер идиома және фраза деп жеткізілді. С. Аманжолов пікірінде, идиомалық бірліктерді *образды бернелі құрама*, фразалық бірліктерді *бернесіз құрама* деп атаған жөн. «Бернелі фразеологиялық бірліктер – мағыналық, тұлғалық, ұғымдық жағынан біртұтас болып жымдасып, тұтастыққа, тұрақтылыққа жеткен» де «Бернесіз фразеологиялық бірлік – мағыналық, тұлғалық, ұғымдық жағынан тұтастыққа жеткенмен, құрамындағы сөздің біреуі өзінің негізгі мағынасын сақтайтын» бірлік [4,76 б.]. Бұдан түсінетініміз, фразеологизмде жеке сөздердің бірінің мағына сәйкестігіне жақындығы болса, идиома бұған керісінше бағытта түзілді. Ақын шығармасынан бұларды саралап шығуға болады. Фразалық бірліктер: *басың құтты, ескі дерт, беттен алды*. Идиомдық бірліктер: *жат ел; басалқы айт*. Бірақ қазіргі уақытта фразалық-идиомдық бірліктерге сақтықпен қараған жөн. Мәселен, *ескі дерт* бірлігін контекске қарап, оның алғашқы фразеологиялық мағынасындағы *бұрынғы ауру* дегеннен гөрі, *бұрынғы заман* мағынасында жұмсалғанын көру қиын емес. Демек, ол өзінің фразеологиялық мағынасында фразалық бірлік болғанымен, контекстік мағынада идиомдық қызметті атқарған.

Әдетте, тұрақты тіркестерді құрылымдық тұрғыдан қарастырудың жолдары қалыптасқан. Аналитикалық сипатты, бірыңғай мүшелі, сөз тіркесі құрылымды және сөйлем құрылымды болып келетін бірліктерге С. Дөнентаев өлеңінен де жауап ала аламыз. Ең алдымен, аналитикалық сипатты құрылымға есім сөз бен етістік сөздердің тіркесе келіп бір мағынаға ие болуын жатқызамыз. Мұндай тіркестер жеке авторлық қолданыспен (*хан болған, ер болған, қоңсы болған*) қатар, нақты фразалық бірлікте де берілген: *жүз қылу, қастық қылды, басалқы айт*. Бірыңғай мүшелі қолданыс аз да болса кездеседі: *жылдан есен, айдан аман*. Бірыңғай мүшелі құрылым баяндауыштардың топтасуы арқылы да берілген: *Бақытсыз балаларың туылған соң, Дұшпандар қастық қылды, үзді, жұлды*.

Өлеңде фразеологизмдердің сөз тіркесі құрылымда болып келуі жиі. Оның өзінде есімді сөз тіркесі (мың шүкір, ескі дерт, жат ел) және етістікті сөз тіркесі (көкіргенді аймалат, көз алартты, беттен алды) орын алған. Ал сөйлемдік құрылымдының өзін төмендегіше саралауға болады. Жай сөйлем құрылымды: *құдай көзге көрсетті, жаным шықса, басың құтты*. Бұлар жалаң құрамды жай сөйлемдер болса, *басыңда сол бір дәурен тұрған шақ, жасың жеткен шақ* сынды атау құрылымды сөйлемдер де бар. Сонымен қатар *Жүз қылдық, мың шүкірлік, жеткізді алла* сөйлемі салаластың көп құрылымды түріне жауап береді де, *Өз-өзін мас батырдай байлап беріп, Жат елге қоңсы болып қонды балаң* құрылымы сабақтас құрмалас ретінде көрініс тапқан деп білеміз. Сабақтас құрылымды қатарға *Басыңда сол бір дәурен тұрған шақта, Кім саған көз алартты, беттен алды* мен *Шағыңда жасың жеткен күте алмаса, Кінәң жоқ, обалыңды алашқа арт* сөйлемдерін де жатқызуға болады. Бұл талдауларымыз Н.Уәлиевтің «Фразеологизмдер мазмұны жағынан жеке сөздерге (лексикалық единицаға), формасы жағынан сөз тіркестері мен сөйлемдерге (синтаксистік единицаға) ұқсайды. Мұның өзі фразеологизмдердің екі тұрғыда – форма тұрғысынан (в плане выражения) және мазмұн тұрғысынан (в плане содержания) қарауды қажет етеді» дегенін қуаттандыра түседі [5,106].

Лесикалық бірлік ретінде қарау фразеологизмдердің мағыналық құрылымын ашуға көмектеседі. Мұндайда олардың қарсы мәнді, мәндес мәнді және омоним мәнді болып келуі алдыңғы орынға шықса керек. Мәселен, *жаным шықса, қастық қылды* тіркестері мен *көз аларту, беттен алу* бір-біріне синонимдес те, алдыңғы тіркестерге (*жаным шығу, қастық қылу*) *Өзіңмен ұрпағыңды еткей еді, Жасаған жылдан есен, айдан аман* бірліктері контекстік антоним құрайды. Сонымен қатар *басың құтты* мен *қастық қылды* да өзара контекстік антонимдер.

Фразеологизмдер кең мағынада фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер, көркем сөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы болып саналады. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы қорланып, қалыптасқан, толассыз дамып, толығып отыратын, әрқашанда қолданысқа дайын тұратын көркем сөз құралы болып саналады. Яғни, көркем сөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануына болатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі болып есептеледі. Әдетте, фразеологизмге тән ерекшеліктердің бірі ретінде олардың тұлғалық, құрамдық және ішкі орын тәртібінің тұрақтылығы көрсетіледі. Әрине, бұл тұрақты тіркестерге тән жалпы заңдылық, бірақ қатып қалған, ешбір өзгеріске түспейтін құбылыс емес, белгілі шарттылыққа бағынатын заңдылық. Бұл белгілі ғалым, профессор Рабиға Сыздықованың сөзімен айтқанда, сөз құдіретінің арқасында іске асатын құбылыс [5, 16 б.]. Ол – ғалымның бейнелі түрде атаған «сөз әрлеу» тәсілі. Сөз әрлеу деп отырғанымыз да, айналып келгенде сөз таңдау, сөз қолданысы дегеніміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы», қызметі, стильдік жүгі, (орысша айтқанда, «поведение слово в художественном тексте») деген тұтас құбылысқа кіреді.

Әсіресе, «сөз әрлеу» дегенде, сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөз бейне болып, келген сәттері талданады. Фразеология деген терминнің мағынасы кең, оны әр түрлі ұғынып, әр алуан салада зерттеу объектісі етіп алуға болады.

Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы мен жеке жазушы шығармасындағы фразеология немесе жеке бір шығарманың фразеологиясы, яғни авторлық өзгеріске ұшыраған тұрақты тіркестер бір-бірінен зерттеу тәсілі жағынан да, мазмұны жағынан да өзгешелігі бар. Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы оның барлық табиғатын қамтыса, авторлық өзгеріске ұшыраған фразеологиясынан стильдік өзіндік ерекшелігі айқындалады. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тууы және тілде қалыптасуы халықтың ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, этнолингвистикасымен байланысты болып келеді. Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестер, қанатты сөздер бірте-бірте тілдің біркелкі сөздер қорына еніп жатыр. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тууын және уақыт келе афоризмдерге айналуын проза тілінен айқын байқауға болады.

Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс. Және бұларды тілдік бөлекше бір сипаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі дегеніңіздің айрықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы. Ойды әсемдеп айтуды үйренудің мектебі осылар. Сөзіңіз нақты, дәлелді болсын десеңіз, өңменнен өтіп, қолқаны қозғайты дәрежеде болсын десеңіз, халықтың хас туындысы — айшықты сөздер тобының тамырын басыңыз. Сонда ғана сіз тілдің қасиеті деген не, байлығы деген не сияқты сауалдарға нақты жауап бере аласыз. Қай елдің, қай жазушысының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім. Осының өзінен-ақ ғылымдағы фразеологизм проблемасының мейлінше қызықты, мейлінше қиын проблема екенін байқау қиын емес. Осыларды ғылыми проблема ретінде қарастыратын әр алуан еңбектердің сөлін сүзсек, мұның неқилы мәселелері айқындала түседі екен.

Қазақ ғалымдарының арасында да тұрақты тіркестердің жалды атауы ретінде осыған ұқсас ғылыми терминді ұстанатындары бар. Мысалы, М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтар мынадай пікір айтады: «Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды». Авторлардың «фразеологиялық орам немесе фразеологизм» деп отырғандарына енетін тұрақты тіркестер — идиома, фраза, мақал-мәтелдер. Бұған қалыптасқан тиянақгы фразеологиялық сөздердің бір саласы ретінде қос сөздерді де қосады.

Мұнда фразеологиялық единица және оның В. В. Виноградов жіктеген үш түрі жоқ. Академик І.К. Кеңесбаев қазақ тіліндегі фразеологизмдерді әлгіндей жік-жікке бөліп жатпайды. Ол «лексикалық формасы, стилистикалық қызметі жағынан тілімізде айырықша орын алатын» [9, 43 б.]

мұндай нақыл сөздерді екі топқа бөліп қарастырады. Ол лингвистика тілімен айтканда идиомдар, фразалық топтар. Осыған қарағанда көптеген тілдерде В.В. Виноградов классификациясын сол күйінде қабылдаудың ретті бола бермейтінін әңгіме етіп жүрген пікірлердің жаны бар тәрізді. «Тұрақты тіркестердің» этимологиялық жүйелі классификациясың жасауға тырысқан профессор С. И. Абакумовтың әрекеттері де көңіл аударарлық. Ол идиоматика мен фразеологияның жігін ажыратады. Ол идиомалық орамдардың ерекше белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: семантикалық бір тұтастығы, аударуға келмейтіні, синтаксистік және лексикалық тұлғаларға бөлінбейтіні, грамматикалық формаларының өзгермейтіні, сөздер орнының тұрақтылығы, сөз жасау мүмкіндігінің кемдігі. Фразеологияға жататын орамдардың беретін мағынасы оның компоненттерінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтамайтынын анықтайды. Сонымен, Абакумовтың пікірі бойынша, фразеология дегеніміз ойды білдірудің дайын сөйлемшелері жөніндегі ғылым.

В.В. Виноградов фразеологиялық топқа семантикалық анализ жасап, оның мағыналық жіктерін дәл ажыратып классификациялаған. Осының әрқайсысын жеке-жеке талдап көрейік. 1) Фразеологиялық тұтастықтардың (сращения) негізгі белгілерін тізіп айтсақ мынадай түйін жасауға болады. Біріншіден, бұлар ішкі формасынан айрылған, дәлелдемесі жоқ жеке сөздер сияқты лексика-семантикалық единицалар. Екіншіден, тұтастықтар компонентінің бірде-бірі жеке өзіндік мағынаға ие бола алмайды. Яғни олар негізгі лексикалық мағыналарынан мүдде айрылған. Бір бүгіннің беретін мағынасы мен жеке компоненттердің әрқайсысының лексикалық мағынасы арасында ешқандай байланыс жоқ. Үшіншіден, мұның құрамындағы сыңарлардың сырттай қарағанда жеке-жеке тұруы тек тілдің өзінің ежелден қалыптасқан дәстүріне, дағдысына байланысты нәрсе. Егер В. Виноградовтың өз сөзімен тұжырсақ, фразеологиялық тұтастықтар – «ертіндіге айналған лексикалық бөлшектердің химиялық қосындысы». Бұл сияқты тұтастықтарды идиома деп те атайды. Идиомаландырылған сөз тіркестерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетеді. Оның себебі фразеологиялық тұтастықтардың семантикалық жағынан бөліп жаруға келмейтіндігіне байланысты. Яғни семантикалық біртұтастық оны грамматикалық жақтан мүшелендірмейді. С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» кітабында фразеологияның бұл терминдерінің бәріне қысқаша анықтама берілген. Мәселен, фразеологиялық түйдектерді (тұтастықтарды) былай түсіндірген: «Түйдекті тіркес ішіндегі сөздердің бір-бірімен лексикалық, грамматикалық берік байланыста болып, бөлініп-жарылмайтын фразалық мағынаның ол сөздердің лексикалық мағыналарымен ешбір жуыспайтын томаға-тұйық тіркестер» [8, 101 б.].

Фразеологиялық тізбектердің В.В.Виноградов негізгі төрт қасиетін көрсеткен. Фразеологиялық тізбек болу үшін бұл белгілердің бәрі түгел болуының қажеті жоқ. Осының бірі де жеткілікті. Енді сол белгілерді жеке-жеке қарайық. а) Біртұтас фразалық тіркестің бейнелі, ауыспалы мағынада

болуы шарт. Бұл мағына бірден ұғынылмай, кей жағдайда ғана сезілуі тиіс; ә) Экспрессивті тығыздық (насыщенность); б) фразалық тізбектің лексикалық элементтерінің ешқайсысын басқа бір синоним сөздермен ауыстыруға болмайды; в) Егер ауыстырар болсақ, онда фразалық тізбекті түгелімен ауыстыру мүмкін екендігі. Бірақ айтылған белгілердің бәрі де ешбір дау туғыза алмайтын ақиқат емес. Фразеологиялық тізбектердің негізгі қасиеттері оның ең алдымен, бірден аңғарыла қоймайтын астарлы мағыналылығында болса, екіншіден, мұндай тіркестер өте әсерлі, әрі мәнерлі болады; үшіншіден бұлардың компоненттерінің ешқайсының орнын ауыстырып, не орнына басқа бір сөз қоюға келмейді; төртіншіден, фразеологиялық тізбекті мәндес бір сөзбен немесе синонимдес тіркеспен алмастыруға болады. 3) Фразеологиялық тіркестер фразеологиялық единицалардың ең молырағы. В.В. Виноградов мұны тізбек пен тұтастыққа қарама-қарсы қойып қарайды. Бұл тіркестер семантикалық жағынан жіктеуге келеді. Мұндағы тіркескен сөздердің мағыналық салмағы бірдей. Фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрады. Жалпы мағына осы сыңарлар мағынасымен тікелей байланысты. І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» деп аталатын кітабында автор тіркес атаулының бәрін фразалық тіркес деп алады да, алдымен оны идиомдар және басқа фразалық топтар деп екіге бөледі. Идиомдарды ерекше категория ретінде өз алдына бөлек қарайды да, тіліміздегі басқа тұрақты сөз тіркестерінің бәрін (мақал, мәтел, қанатты сөз т.б.) фразаның қатарында әңгімелейді. Идиома мен фразаның негізгі айырмашылықтарын былай түсіндіреді: «Идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Басқаша айтқанда, идиом ішіндегі компоненттер өзінің лексикалық формасы мен мағынасын жоғалтады да, грамматикалық формасын сақтайды; бұлар (компоненттер) – негізгі бір кесек күрделі лексикалық единицаның грамматикалық элементтері (мүшелері) болып есептеледі. Идиоманың негізгі белгілері: біріншіден, «тұтас бір ұғым жеке сөздерінің ұғымынан алшақ кетеді де, жеке сөздер (компоненттер) өзінің дербес ұғымынан не жартылай, не мүлдем айрылып қалады», екіншіден, «бұл тізбектердің көпшілігі екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді» [18, 56 б.]. Ал фраза «жеке элементтердің негізгі мағынасынан барып жасалған тізбек» [18, 28 б.]. Идиом мен фразаның ортақ қасиеттері де бар, ол – тиянақтылық. Сөйтіп, біз идиом мен фразаның айырмасы олардың құрамындағы сөздердің жеке күйіндегі мағынасынан айрылу, айрылмауына байланысты ажыратылатынын байқап отырмыз. Авторлар мақал-мәтелдердің де негізгі қасиеттерін ашып, идиомдармен салыстыра зерттейді. Олардың ортақ белгілерінің бастысы орнықтылық, яғни бұл тіркестерді құрауға қатысып тұрған сөздердің арасына сөз қосып немесе олардың орнына басқа бір сөзді пайдалануға болмайтындығы деп көрсетілген. Бұлардың бәрін топтап келіп, жасалған мына бір тұжырымға назар салыңыз:

«Мақал, фраза, идиомдарды басқа системалық күйге аударарда бұлардағы өзара негізгі айырмашылықтардың бірі айқын көзге түседі –

идиом сөздердің дені сөзбе-сөз (мақал, фразедағы сөздердей) аударуға келмейді. Бұл – жоғарыда біз атап кеткен лексикалық өзгешеліктен туған қасиет» [18]. Жалпы, авторлар идиома мен фразаны егжей-тегжейлі талдағанмен, мақал-мәтелді тұрақты сөз тіркесінің қай түріне жатқызуға болатынын ашып айтпайды. Идиомдардың тағы бір ерекше белгілерінің бірі – олардың көнелігі. Сөздер тізбегі идиом болу үшін көп замандар керек. Оның құрамындағы сөздер мүлде дерексізденіп, өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтауы осындай ой туғызады. Мақалдарды қолданғанда, оны өзгертпей сол қалпында алып, басқа сөздермен араға де («деп», «деген», «дегендей») етістігін дәнекер етеміз. Ал идиомдарды морфологиялық өзгерістерге салуға болады да, олардың синтаксистік тиянақтылығын ешбір өзгерте алмайсыз. Морфологиялық, әрі синтаксистік беріктігі бірдей идиомдар да бар, бірақ олар көп емес. Идиомдар түгесінді бір ғана ойды білдіруіне орай, олар көбінесе бір сөздің орнына жүреді. Идиом, фразалардың тағы бір ерекшелігі – біразының дыбыс үйлесімі. Бұл тізбектерде біркелкі не дауысты, не дауыссыз дыбыспен (аллитерация) келетін немесе не біркелкі жуан, не жіңішке сөздерден келетін идиомдар бар. Идиом, фразалардың лексикалық мағыналарын бөлек әңгімелеу қажет.

«Қазақ тілі» практикалық курсына (авторлары: Н.Оралбаева, Г. Мадина, А.Әбілқаев, жалпы редакциясын басқарған проф. М.Балақаев) «Лексика» тарауының бір бөлімі «Тұрақты сөз тіркестері» деп аталған. Мұнда авторлар тұрақты сөз тіркестерін идиома, фраза, мақал-мәтелдер деп жеке-жеке бөліп талдайды. Қысқа болса да әрқайсысына анықтама беріп, нақты тұжырым айтуға тырысқан. Әрқайсысына берілген анықтамаларға жеке-жеке қарап шығайық. а) Идиома деп іштей бөліп, жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған сөздер тобын тұрақты тіркес дейміз. ә) Тұрақты тіркестердің енді бір түрін фраза деп атайды да, оған да нақты анықтама бермегенмен, мұның өзіндік айырмасын түсіндіреді.

Авторлардың түсініктемесін берейік: «Тұрақты тіркестің бір түрі – фраза. Ол да идиома сияқты түйдекті тіркес қалпында айтылады. Алайда мұның идиомадан айырмашылығы құрамындағы сөздердің бәрі не біреуі өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып қалмайды». Шынында бұл келтірілген мысалдар құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасынан онша алшақтамайды. Ендеше идиомалар сияқты, фразалық тіркестер де сөзімізді өткір, көрікті, образды ету үшін жұмсалады деген тұжырымды әбден қолдаймыз. б) «Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталық сөзі, ой түйіні».

Біз авторлар анықтамасын бұлжытпай беріп отырмыз. Олар мақал-мәтелдің идиома, фразаларға ұқсас жағы мен өзгешелігін ажыратқан. Ұқсас жағы – мұның бәрінде «сыртқы құрылымы, сөздердің орын тәртібі тұрақты» болуында да айырмасы – біріншіден, «мақал-мәтелдің құрамындағы сөздер өздерінің лексикалық мағынасын толық сақтап, сөйлем мүшесіне талдауға келеді»; екіншіден, «егер идиома мен фраза сөйлем ішінде басқа сөздермен

байланысу үшін тұлғалық өзгеріске ұшыраса, мақал-мәтелдер ешбір өзгеріске түспей, басқа сөзбен не сөйлеммен де етістігі арқылы байланысады».

Авторлар мақал мен мәтелдің өзара айырмасын да ажыратқан: «мақалда өмір тәжірибесінен екшеліп алынған ақыл, өнеге, оқушыны жақсыға баулып, жаманнан аулақ болуға үйрететін кеңес берілсе, мәтел белгілі бір ойға, ұғымға ишара жасайды, онда астарлап, жұмбақтап айту мәні басым» Екіншіден, «тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінен туатын бір бүтін мағына оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан басым» болады [19, 33 б.]. Үшіншіден, «тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері бір тілден екінші тілге аударуға икемсіз келеді, әсіресе оларды тікелей сөзбе-сөз аударуға болмайды» [19, 45 б.]. Кунин А.В. фразеологиялық единицалар мен сөз туралы айта келіп, олардың төмендегідей өзгешеліктерін көрсетеді. Екеуінің бірінші айырмашылығы жасалуында, үшіншіден фразеологиялық единицаның мағыналық құбылысы еш уақытта сәйкес келмейді деп сөзден айырмашылығын айтады. болады. Мұның қай-қайсысы болмасын, айтайын деген ойды нақты, анық етіп және тыңдаушыға бірден аңғартуға немесе сөйлеген сөзімізден қысқа, тұжырымды қорытынды шығаруға үлкен жеңілдік жасайды. Бұларды талғамсыз қолдана беруге болмайды. Екінші жағынан мақал-мәтел әдебиеттің бір жанры есепті таптық сипатта боп келеді.

Фразеология жөнінде К. Ахановтың пікірлері көңіл аударарлық. К. Аханов өзінің кітабында [19, 56 б.] фразеологияны біраз талдайды. Ол осы еңбегінде бұларды екі топқа бөліп: оның бірін – еркін тіркес, екіншісін – тұрақты фразеологиялық тіркес деп алады. Мұның алдыңғысын синтаксистің сыбағасына беріп, кейінгісін лексиканың құрамында қарастырады.

Фразеология деген терминге келсек, мұның екі түрлі мәні бар тәрізді: біріншіден, «белгілі бір тілдегі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінің жиынтығы» дегенді білдірсе, екіншіден, сол тіркестер жиынтығын ғылыми түрде зерттеп талдайтын ілім мағынасында түсініледі. Автор тұрақты сөз тіркестерін жақшаның ішінде фразеологиялық единицалар деп алады. Бұл терминологиялық сөздіктерінде орныққан термин. Мұнда да алдымен тұрақты тіркес пен еркін тіркестердің айырмасы нақты талданады. Автор мынадай басты-басты ерекшеліктерін көрсетеді: Біріншіден, «тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орны, еркін тіркестің құрамындағы сөздердің орнына қарағанда әлдеқайда тұрақты, бекем болады.

2.3 Көркем шығармадағы фразеологизмнің қолданысы

Қазақ халқының рухани жан-жақты дамуына, ұлттық ерекшелікке, ұлттық болмысқа өз шығармаларымен зор үлес қосқан жазушының бірі О. Бөкей деп есептейміз. Қаламгер тілдік қолданыстарды, соның ішінде фразеологизмдерді мол қолданған. О. Бөкей көркем сөз үлгілерін, яғни фразеологизмдерді сол қалпында немесе жаңартып шебер пайдаланған. Жазушының өз шығармаларында фразалық тіркестерді ұтымды пайдалануы шығарма тілін әрі бай, әрі әсерлі етеді. Жалпы фразеологиялық тіркестер –

жазушының шығарманы көріктеу тәсілдерінің ең басты құралы деп айтуға болады.

Фразеологизмдер кең мағынада фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер, көркем сөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы болып саналады. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы қорланып, қалыптасқан, толассыз дамып, толығып отыратын, әрқашанда қолданысқа дайын тұратын көркем сөз құралы болып саналады. Яғни, көркем сөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануына болатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі болып есептеледі. Әдетте, фразеологизмге тән ерекшеліктердің бірі ретінде олардың тұлғалық, құрамдық және ішкі орын тәртібінің тұрақтылығы көрсетіледі. Әрине, бұл тұрақты тіркестерге тән жалпы заңдылық, бірақ қатып қалған, ешбір өзгеріске түспейтін құбылыс емес, белгілі шарттылыққа бағынатын заңдылық.

Бұл белгілі ғалым, профессор Рабиға Сыздықованың сөзімен айтқанда, сөз құдіретінің арқасында іске асатын құбылыс [1, 43 б.]. Ол – ғалымның бейнелі түрде атаған «сөз әрлеу» тәсілі. Сөз әрлеу деп отырғанымыз да, айналып келгенде сөз таңдау, сөз қолданысы дегеніміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы», қызметі, стильдік жүгі, (орысша айтқанда, «поведение слово в художественном тексте») деген тұтас құбылысқа кіреді. Әсіресе, «сөз әрлеу» дегенде, сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөз бейне болып, келген сәттері талданады. Фразеология деген терминнің мағынасы кең, оны әр түрлі ұғынып, әр алуан салада зерттеу объектісі етіп алуға болады. Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы мен жеке жазушы шығармасындағы фразеология немесе жеке бір шығарманың фразеологиясы, яғни авторлық өзгеріске ұшыраған тұрақты тіркестер бір-бірінен зерттеу тәсілі жағынан да, мазмұны жағынан да өзгешелігі бар.

Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы оның барлық табиғатын қамтыса, авторлық өзгеріске ұшыраған фразеологиясынан стильдік өзіндік ерекшелігі айқындалады. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тууы және тілде қалыптасуы халықтың ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, этнолингвистикасымен байланысты болып келеді. Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестер, қанатты сөздер бірте-бірте тілдің біркелкі сөздер қорына еніп жатыр. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тууын және уақыт келе афоризмдерге айналуын проза тілінен айқын байқауға болады. Стилистикалық тұрғыдан қарағанда, авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады. Сол себепті де Рабиға Сыздықова: «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) түгендеу емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ» [15, 25 б.].

Фразеологизмдердің табиғатына тән осы бір қасиетін біз жалпы сөз қолданыс жүйесінен, әсіресе, проза тілінен айқын көреміз. Проза тілінің шығарма бойындағы үйлесімділік, кейіпкердің әсем де әсерлі іс-әрекеті фразеологизмдердің «қамырша иленіп», сан алуан өзгерістерге түсуіне әсерін тигізеді. Фразеологизмдердің проза тілінде мұндай өзгерістерге түсуі және ол өзгерістердің шегі мен түрі, сайып келгенде, жазушының шеберлігіне және сөз саптау мәнеріне тікелей байланысты болып келеді. Мұндай шебер суреткерлер қатарынан қазақ прозасына өз қолтаңбасын қалдырған көрнекті жазушы Оралхан Бөкейді ерекше атауға болады. Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішінде тұрақты сөз тіркестердің алатын орны ерекше. Тұрақты тіркестер көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап, бейнелей суреттеудің тілдегі дайын құралы болып табылады. Халық тілінің осы бір байлығын жазушылар өз шығармаларында қажетіне жаратып, өзіне керегін таңдап алады. «Фразеологизмдерді әр жазушының өз қажетіне байланысты жаңғыртып қолдануы, оның ой-пікіріне, эстетикалық талғамына, қоғамдық өміріне, философиялық көзқарасына сәйкес келеді» [2,54 б.]. Профессор А.И.Ефимов «Жазушылардың өзіндік стилі деп көркем шығармаларындағы жалпы халықтық тілдің тәсілдерін өңдеп жұмсаудағы сөз құрау жүйесі», – дейді. Кез келген жазушы халық тілінің бар байлығын сөз айшықтарын өз шығармаларында дәл, айқын, аса бір ұтқырлықпен жұмсай отырып, өзіне ғана тән стиль жасайды. Қазақ тілінде фразеологизмдерді берудің екі жолы қарастырылады:

1. Жалпы халықтық сипатта қолданылатын фразеологизмдер.
2. Авторлық өңдеумен қолданылатын фразеологизмдер.

Кез келген қаламгер өз шығармаларында фразеологизмдерді дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де қолданады. Фразеологизмдердің тілдік тұрғыдан алғанда. Бейнелі, экспрессивті-эмоционалдық қасиеттерімен тартымды берілуі әр жазушының талғамы мен тілдік қорына байланысты. Соған байланысты тұрақты сөз тіркестері біреуде аз, екіншіде мол, біреулері дайын күйінде, ал қайсыбіреулері оны тыңнан туындатады.

Фразеологизмдер кейде түгелдей автор еңбегінің жемісі болса, кейде халықтың фразеологизмдерден бастау алып, біраз өзгерістерге түсіп, өзгермелі болып та келеді. Өзінің бұрыннан қалыптасқан тұрақты мән-мағынада кейбір фразеологизмдерді жазушы әдетте стильдік мақсатта қолданады. Өзгермелі деп контекст қалауына бір ғана қолданымдық болып қызмет атқаратын фразеологизмдерді атаймыз. Фразеологизмдерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру өзгермелі болу – жаңарту, түрлендіру мақсатын көздейді. Фразеологизмдердің тұрақты қалыпта қолданылу табиғатын ескере отырып, олардың көркем әдебиет тілінде жаңаша қырынан танылуын зерттеу – бүгінгі заман талабы. Жазушы О. Бөкей өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген. Соның ішінде, О. Бөкейдің әңгімелеріндегі тұрақты сөз тіркестердің жалпы халықтық формада қолданылуы да және авторлық өңдеумен қолданылғандығы бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Мысалы, «Кербұғы» әңгімесіндегі берілген фразеологизмдерге тоқталайық:

1. Ындыны кебе үш рет ұмтылды, үш ретінде де осынау халге душар болып, тартынып кетті [39, 6 б.].

2. Бұрын мынау иін тірескен орман, анау қалғып-шұлғыған қапсағай таулар мен қойнау-қойнауына қорқыныш паналатқан құз-аңғарлар Кербұғы үнін іліп алып, үздік-создық қайталап, көпке дейін жаңғырығып, даңғаза қуатпен алысқа жөңкіліп тараушы еді-ау!

3. Әлде көз алдында ақырғы рет секіріп, билеп кетіп бара жатқан жас марал-қызды енді қайтып (түсінде, қиялында болмаса) көре алмайтыны; енді қайтып салмақпен жүріп, сабырмен еркелейтін марал-анаға наз қыла алмайтынын; енді қайтып көре алмасы, ести алмасы, көп баянсыз жалғанның тұмбасына шым батқан, тұманына шын адасқаны енді ғана есіне түскендей селк етіп, ұнжырғасын көтерді де, тағы да бір рет жан дүниесін қақырата ышқынды.

4. Кеше таң алакеуімінде Кербұғы әдетінше маралдарды алдына салып тауға беттей бергенінде, өліспей беріспейміз дегендей басқа бұғылар үйірді шыр айнала қоршауға алып, жібермеп еді [39, 7 б.].

5. Соңсоң ежелгі намыс қамшылап, теке тіреске жетеледі [39, 8 б.].

6. Кербұғы мойын сіңірлерін сәл босатып жіберсе, зіл болып басқан алтын бас сылқ етіп, қара жерге домалап түсердей еді, дес берді де, намысқа тырысып қана тегіндегі атақ-даңқын сақтай алды.

7. Әйтсе де қарсыласынан өзінің келмеске кеткен жастығын көріп, екі шықшыты қан қақсап, көзін қайта жұмды [39, 9 б.].

8. Осы бір оқиғаны еріксіз есіне алған Кербұғы ұмтылып барып, қайыңның сарғая бастаған жапырағын үзіп алды да, талмап оразасын ашты.

9. Мынау меңіреу орманда тек Кербұғы ғана жапа шегіп қалғандай, ербең еткен тіршілік иесіз.

10. Сарқынды қуатын жұмсап, иелігіне алған маралдардың бабын табатын дәрмен жоқ та еді [39, 10 б.].

11. Билеп кеп, тұмсығынан жалап-жалап алған жас маралға көзді ашып-жұмғанша шапты да, ендігі сәтте бар үйірді алдына салып айдап, қыр аса жөнелді. [39, 11 б.].

12. Өз мүйізі өзіне сор әкелген бұғы тауы шағылып, тас бауыр әлемнен ат құйрығын кесісе түңілді де.

13. Ендігі қалған қарға адым су ішкілігін өңкей өткенін ойлаумен өткізуге бел байлады білем, үлкенірек байсамырсынды паналай қайта жатты бұйығып... [39, 12 б.].

14. Жан ұшырды, торға қамалды.

15. Екі шықшыттан қысқанда, көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспан айналып, жер түскендей болды, өзін қаумалаған адам, анау орман, тау-тастың бәрі төбесінен тік шаншылды [39, 13 б.].

16. Иә, иландырап дәлел сұрамайтын сырты түк, іші тезек хайуан болған соң, өз тілек-терінің құрбандығына шалды да: «Дүниедегінің бәрі де қауіпті, бірақ бәрі де қасиетті», - деп ақыл айтты [39, 14 б.].

17. Егер бұта қараған сыбдыр етіп, нендей қауіп төнген болса, тамам марал шыр көбелек шеңбер құрып, Кербұғыны ортаға алатынды; ал тар жол тайғақ кешулерде не алға, не артқа салмай үнемі қауіпсіз ортада ұстайтын [39, 14 б.].

18. Қарайғанның бәрінен қызғанысып, қызғыштай қорып жүрген ер бұғы бүгінде қор болып жатқанда, қолтығынан демер кімі бар? [39, 15 б.].

19. Бір жұтым суға зәру, кепкен өңеш қырнап жөткерінді-ай [39, 15 б.].

20. Кейде толған айдың жаһұт нұрына ер-келей жусап жатқан мың миллион түз тағысы жер қайысқан қалың қолды елестетер, сонсоң таң сарғая тау жазирасын қақ жарып, жұбын жазбастан өрер: өре түрегеліп, өре жөнелген Алтай еркелері ағаш-ағаштың, қоқышоқының басында байланып тұрған ақша бұлттарға сіңіп, мәңгілік көзден ғайып болардай еді [39, 16 б.].

21. Жас шағында ессіз жақсы көргенін ұмытты – мәңгіге ұмытты білем, оқыс тәуекелге бел буды [39, 17 б.].

22. Кербұғы көзінен от шашып, шегіншіктеп барып бар қуатымен алға атылды, жаңбырдың суына иі қанып былпылдаған жерге артқы қос тұяқтың ізін оя тастады да зу етіп, биік қорғаннан асып-ақ түсті [39, 17 б.].

23. Өң мен түстің арасында ес жия алмай, біраз сілейіп тұрып, өз ерлігіне өзі қайран қалғандай секіріп билеп, Ақшоқыға қарай артына қайтып қайрылмастан тарта жөнелді [39, 18 б.].

Берілген сөйлемдердегі тіркестердің бәрі жалпыхалықтық формада қолданылған тұрақты сөз тіркестері. Бірақ О.Бөкей өз әңгімелерінде тұрақты сөз тіркестерін кез келген уақытта тілдік тұрғыдан бейнелі, тартымды етіп беруге тырысады. Кейіпкерлерінің іс-әрекетін ашу немесе көңіл-күйін, жан-сезімін білдіруде болмысын дәл баса жеткізіп, орнымен жұмсайды. Мысалы, берілген тұрақты сөз тіркестеріне тоқталатын болсақ, душар болу – кезіге кетті, тап болды; иін тірескен - өте көп, тығыз, кептеліп сірескен, аяқ алып жүргісіз; наз қыла алмады – еркелемеді, қылық көрсетті; алакеуім (көлеңке) – бозамықты күңгірт шақ; теке тірес – қатты ерегіскенде айтылады; дес беру – ырық берді, айтқанға көнді, бойұсынды, сөзге құлақ асты; келмеске кеткен – дүниеден қайтты, өлді, қаза тапты; оразасын ашты – таңертеңгі асын ішті, нәр татты; жапа шекті – қорлық көрді, азып-тозды; дәрмен жоқ – шама, күш-қуат жоқ деген мағыналарды береді. Бұл тұрақты сөз тіркестері етістік тобына және есім тобына жататын фразеологизмдер. Мұндағы иін тірескен, наз қыла алмады, дес беру, жапа шекті, оразасын ашты, душар болу, келмеске кеткен атау тұлғалы зат есімдердің етістікпен тіркесу арқылы келетін етістік тобына жататын фразеологизмдер. Алакеуім, дәрмен жоқ, теке тірес есім тобына жататын фразеологизмдер. Тұрақты тіркестер - образ, характер жасауда, қоғам құбылыстарын, табиғат көріністерін бейнелі, көркем суреттеуде, адамның психологиялық жағдайын көрсетуде, ішкі сезімін суреттеуде бірден-бір дайын құрал.

«Фразеологизмдер шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық калорит береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу, қажетіне жарату «адам жанының инженері» – жазушының шеберлігіне байланысты» – дейді Х. Қожахметова. Сондықтан да тұрақты

тіркестерді қолдану қаламгер шеберлігіне тікелей байланысты. Жалпы қаламгер тіліндегі тұрақты тіркестерді зерттеу барысында әр қаламгердің фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қан-шалықты тергендігін және қаншалықты жаңа түрлерін ұсынғандығын сол арқылы әдеби тілге қосқан өзіндік үлесін айқындауға болады. Оралхан Бөкейде жаңа тіркестер жасап, жүйелі жолдарын көрсеткен. Өлеңдерін көркем суреттеу үшін, айтпақ ойын экспрессивті-эмоционалды мәнде бейнелеу мақсатында әдеби тілге жаңа тіркестер әкеледі. Осыған орай осы әңгіме бойынша авторлық қолданыстағы фразеологизмдерге де тоқтала кететін болсақ, мысалы:

1. Өзегін өкініш өрті жандырып тұрса да, дәт шіркіннің мынау буы бұрқырап, сылқ-сылқ күле ағып жатқан аяқ астындағы суға жетпеуі қалай? [6, 6 б.].

2. Сондығы ма, таңертең соқталы шайқасқа түспей-ақ, барлық табында өзімсіне ала жөнеліп еді, нәпсі сақал сипатпайды екен, жастау бұғылар өжіректеп бастырмады ғой [6, 8 б.].

3. Өлім мен өмірдің арасындағы күйекке алғашқы болып түсу үшін жүріп жатқан майдан - саф ерліктің, шын еркектің асқаралы үлгісіндей еді, қолдан мүсіндегендей қаздыған бастар оқтай атылып түйіскенде, алтын кебісті бір-біріне ұрғандай әсем, әрі аянышты [6, 8 б.].

4. Бірақ мұндай теке тірес сойқан тек бұғыларға ғана тән қасиет емес, аса ақылдымыз деп сезінетін Адамдар арасында бағзыдан бақилыққа ұласар бітіспес тартыс барын түйсінген жоқ [6, 9 б.].

5. Жер тарпып айбат шеккен оспадар үн шықпаса, осы қалпында шөке түсіп, өліп-ақ кеткісі бар-тын, Кербұғының әбден жеріне жете әлсірегенін сезе тұра, бүйірден бір нұқып құлатпай, заңды жекпе-жекке шақырып тұрған жас талапкердің ұятты қылығы жебеді ме, әлде ата-бабасынан бермен қарай түйін-шек, үзіліссіз жалғасқан өр кеуде жігер оты қайта тұтанып, кер баққан шаршасты түре қуып, жанын шабақтады ма, иіле берген басын қаздаңдатып, аспандата көтеріп алды [6, 9 б.].

6. Уылжыған көкерімге ынтызар қызылшыл кәрі көңіл ақыр аяғы өзін мерт етерін білді ме, білсе, шамасына қарай шаппай несі бар еді, қайран қарттық-ай, жас иістің базары бір күндік, азары мың күндік екенін бағамдамайсыңдар-ау, Кербұғы тұралап ұзақ... [6, 10 б.].

7. Содан бері қаншама қызық көрді, қаншама жапа шекті [6, 12 б.].

8. Иә, иландырап дәлел сұрамайтын сырты түк, іші тезек хайуан болған соң, өз тілектерінің құрбандығына шалды да: «Дүниедегінің бәрі де қауіпті, бірақ бәрі де қасиетті», - деп ақыл айтты [6, 14 б.].

9. Өз мүйізі өзіне сор әкелген бұғы тауы шағылып, тас бауыр әлемнен ат құйрығын кесісе түңілді де [6, 14 б.].

10. Маусымның дәл ортасында арадай анталайтын адамдар да, күйек басталса, алды-артын орап, ырбаң қағатын маралдар да, кеше ғана алып таудың қасат қарын бұған бұздырып, өздері соңынан еретін дос-жаран бұғылар да зым-зия қолдан қуат, бойдан дәрмен кетіп, бақ тайған соң жалт берісті [6, 15 б.].

11. Күйек басталса, өзгеше бір жұмсақ назбен еркелеп, қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқтырмайтын-ды [6, 15 б.].

12. Иә, ата-баба бұғылар бұдан мың жыл бұрын, жүз жыл бұрын сол таудың етегін жайлап, ай дейтін әжесіз, емін-еркін ғұмыр кешсе керек [6, 16 б.].

13. Әншейін, сүйекке сінді әдетпен жекпе-жекке түсіп, алқұлымдап жеңіске жеткені болмаса, Кербұғының күйек қайтарар тәбеті де, дәрмені де жоқ-тын [6, 16 б.].

Берілген сөйлемдердегі тіркестердің бәрі – авторлық қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері. Енді осы тұрақты тіркестердің мағыналарын ашатын болсақ. Өзегін өкініш өрті жандырып тұрса да – күйіну, қапалану, қатты қайғыру; нәпсі сақал сипатпайды – жолатпау, маңайлатпау; Өлім мен өмірдің арасындағы - әл үстінде, ажал алдында, қыл үстінде; бағзыдан бақилыққа - өмір бойы, өмірдің соңына дейін; жанын шабақтады - үрейлену; базары бір күндік, азары мың күндік – қуанышы бір-ақ күнге созылса, азабы көп күнге созылар; жапа шекті – қорлық көрді, азып-тозды; сырты түк, іші тезек – сыртынан жақсы да, ішінен жаман; ат құйрығын кесісе дәрмен кетіп – шамасы, күш-қуаты қалмау; қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқтырмайтын-ды – қиянат жасатпайды, қорғаштайды, зәбір көрсетпейді; ай дейтін әжесіз – емін-еркін, бассыздық, көзсіз; дәрмені де жоқтың – шамашарқы жоқ. Сондай-ақ, жазушының бір сөйлем бойында бірнеше жалпы халықтық тіркестерді және авторлық қолданыстағы тіркестер мен жалпы халықтық фразеологизмдерді қолданғанын көруге болады. Жалпы халықтық қолданыстағы образды тұрақты тіркестер тұлғасын еш өзгертпей, сол қалпында молынан пайдаланған теке тірес, келмеске кеткен, дәрмені кетіп, құрбандығына шалу, бел байлаған, тар жол, тайғақ кешу, қолтығынан демер, бір жұтым, жұбын жазбау, тәуекелге бел буу, иі қану, иін тірескен, наз қыла алмау, дес берді, оразасыш ашу, жапа шегу, көзді ашып-жұмғанша, тас бауыр, жан ұшырды, аспан айналып жерге тскендей болды.

2. Суреттелетін оқиғаны қоюлату үшін жалпыхалықтық қолданыстағы тұрақты тіркестер тұлғалық құрылымын трансформациялап, оларды жаңғыртып жаңартқан;

3. Бейнелі тұрақты тіркестер жасап, өзінің қаламынан соны тіркестер тудырған. Сөйтіп, халқымыздың сөздік қорын байытқан.

4. Тың тұрақты тіркестер жасауда Оралхан Бөкей нақты зат пен дерексіз ұғымды тіркестірген.

Оралхан Бөкей тілдік құрамды пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетеді. Тілді байыту, көркемдеу тәсілі жалғастығын тауып отырғандығын Оралхан Бөкей шығармашылығындағы тұрақты тіркестер қолданысынан аңғаруға болады. Жазушы халқымыздың бай қорын жан-жақты игере отырып, халық тіліндегі сөз қолданыстарын өз мақсат-мүддесіне орай дамытып, дүниетанымдық лексика көркемдік құрал ретінде алынып айшықтандыра, жетілдіре қолданады. Бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге қалдыру мақсатында ұсынады. Шығармаларының тілдік қолданысы арқылы жалпы ұлттық тілді қолданушы ретіндегі ақынның стильдік даралығы, ақынның шеберлігі, ақынның тұлғасы сомдала түскен.

Фразеологиялық единицалардың көркем әдебиетте қолданылу сапасын тұрақты сөз тіркестерінің әр түрінің өз қасиеттерінен бөліп қарауға болмайды. Жалпы сөз өзара қатынас құралы есебінде негізінен екі түрлі қызмет атқарады: номинативті (сөздің атаулы қасиеті) және коммуникативті функцияда жұмсалады. Яғни сөздер, сөз тіркестері атаулы күйде және қатынас құралы есебінде жұмсалады. Коммуникативті қызмет атқаратын көбіне-көп сөйлемдер. Бұлар ойласу, бір нәрсе туралы біреуге хабар беру түріндегі тиянақты, түбірлі ойдың түйіскен түрі. Дәл осы сияқты тұрақты сөз тіркестері де коммуникативтік қызмет атқарады. Бірақ фразеологиялық единицалардың ерекшелігі осы екі түрлі қасиетпен шектелмейді. Көркем әдебиет үшін бұлардың ең қажетті белгілері мынадай бірнеше қосымша қызметіне байланысты.

Фразеологиялық единицалар өзінің табиғатында сөйлеуімізді образды бейнелі-айшықты етуге бейім. Қысқа, нақты, тұжырымды сөйлеуге баулиды. Сөйлеуіміздің эмоциональды-экспрессивті бояуы күшті болады. Және айтылған пікір өмірдің көптеген құбылыстарынан қорытылып жинақталған сөз тәрізді даналық сипат алады. Осыған қоса сөзіміз терминологиялық дәлдікпен түсініледі. Сондай-ақ сөзімізді мағыналы, мәнді етуде фразеологизмдер көп жеңілдік жасайды. Сөздің образды-бейнелі болуы дегенді қалай түсінеміз. Ауыспалы астарлы, метафоралы тіркестерді орнын тауып дәл қолдана білсе, сөйлеуіміз әдемі, әсерлі, образды болудың үстіне ұйқасты-ырғақты әуенге көшеді.

Фразеологиялық единицалардың бәрі бірдей тілімізді дәл осындай әсерлі, бейнелі ете бермейді. Мұндай мәндегі тіркестер көбінесе метафоралы пішіндегі фразеологизмдер. Яғни құрамындағы бір, екі не барлық сөздері астарлы мағынада болып келетін тұрақты сөз тіркестері тілімізге бөлекше өң беріп, ажарландырып тұрады. Ал фразеологизмдердің ауыспалы, астарлы мағынасы болуы деген өмірдегі неше алуан заттар мен құбылыстарды және олардың өзара қатысы мен ерекшеліктерін соншама дәл, көпке түсінікті қарапайым формада, әрі әсем, көтеріңкі, көркем тілмен жеткізу деп түсіну қажет. Метафоралы фразеологизмдер заттарды өзгеше құлпыртып, әсем жасандыратыны сондай, тіпті әлгі заттың өзін көрмей-ақ қолмен ұстап, көзбен көріп тұрғандай боласыз. Міне, сондықтан да мұндай фразеологизмдерге жазушылардың қай-қайсысы болмасын мейлінше әуес. Образды-мәнерлі тұрақты тіркестердің ішінде мақал-мәтелдердің қызметі өзгеше. Акад. Ф. И. Буславтың мақал мен мәтелді кішігірім көркем шығарма есебінде қарауы заңды. Шынында халық мақал-мәтелдері өмір шындығынан сығымдалып шыққан шағын шығарма.

Жазушылардың творчестволық ісінде метафоралы фразеологияның таптырмайтын тағы бір қасиеті – эмоциональды-экспрессивтік ажары. Жіктеп, саралап, салалап айтар болсақ, фразеологиялық единицалардың көркем әдебиеттегі рөлі сан алуан. Фразеологиялық орамдар жалпы барлық стильде қолданылады, бірақ әрқилы ыңғайда қызмет атқарады. Ғылым және ресми-іс стилінде, жалпы әдеби, стильаралық тұрақты тіркестер атау күйінде жұмсалса, көркем әдебиетте, публицистикада, сөйлеу тілімізде ең алдымен

фразеологизмдердің экспрессивті-стилистикалық жағына аса зор мән беріледі. Әсіресе күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде, кітаби тілде мол кездесетін фразеологизмдердің мәнерлі мүмкіндіктері қатты ескеріледі. Жоғарыдағы мысалдарға қараңыз. Көркем әдебиет пен публицистикада фразеологиялық орамдарды қолданудың бірнеше жолы бар. Жазушылар, публицистер фразеологизмдерді сол күйінде ғана алып қоймай, белгілі мақсатқа орай оларды өзгертіп, құлпыртып та жібереді. Фразеологизмдердің семантикасын, құрылысын және экспрессивті-стилистикалық қасиетін жақсартып, жаңғыртып отыратын да тұстары бар. Жаңадан мағыналық реңк алып, бірнеше көркемдік қасиетке ие болады. Сөздердің байланысу қабілеті молаяды. Өйткені кейбір ғалымдарымыздың айтуына қарағанда, жазушылардың фразеологиялық творчествосы бұрыннан бірігіп тұрақтанған сөздердің үйреншікті қалпын жасаңғыратуында болса керек. Осы жаңарту, жаңғыртуда авторлық өрістер бірдей болмайды. Әркімнің творчестволық мүмкіндігі, білімі, шеберлігі әрқалай болуына орай фразеологизмдерге енгізілетін жаңа бояулар, жарқын ажарлар да алуан-алуан болып келмек. Тұрақты сөз тіркестеріне жататын мақал-мәтелдер де, идиомдар да, қанатты сөздер де стилистикалық мақсатта қолданылады. Бұлар барлық жанрда көрінеді. Өте икемді, қысқа орамдар көркем шығармаға өзі тіленіп тұрады десе де болар еді. Мақал-мәтелдердің образдылық қуатын Н.В.Гогольдің мына бір сөзі айқын танытса керек: «В пословицах наших ... видна необыкновенная полнота народного ума, умевшего сделать все своим орудием: иронию, насмешку, наглядность, меткость, живописного изображения...». Көркем әдебиетте мақал-мәтелдер кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін, психологиялық мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін суреттеу үшін қолданылады. Мақал-мәтелдердің, идиомдардың және фразеологиялық единицалардың басқа түрлерінің көркем әдебиеттегі бейнелеу, суреттеу құрал ретіндегі қызметінің алуан-алуан сипатын, қасиетін М. Горький шығармаларынан айқын көруге болады. Халық тарихын және оның әлеуметтік-саяси ой пікірін білу үшін, ең алдымен ертегілерге, аңыз-әңгімелерге, мақал-мәтелдерге айрықша назар аудару қажеттігін айтады. «Шынында да мақал-мәтелдер халық бұқарасының ой-өрісін өте айқын көрсетеді, сондықтан да жас жазушылардың осы материалмен танысуы аса пайдалы». М. Горькийдің мақал-мәтелдерге құмар болуының басты себебін мына айтқан пікірінен анық ұқсақ керек: «Пословцы и песни всегда кратки, а ума и чувства вложено в них на целые книги».

Сөйтіп жазушы сөз бен ой толғауды ежелден машық еткен. Ол «пословица век не сломится» деген тәрізді мақалдарды еске ала отырып, тілдің табиғатында даналық өсиет айтуға бейім болғанын дәлелдейді. Өзінің жазушылық өнеріне осы халықтық нақыл сөздерді тірек етеді. Міне, сондықтан фразеологизмдер жайында, оның аударылу процесі хақында пікір болғанда М. Горькийдің пікірлерінің мәні ерекше.

Біз жазушылардың сөз қолдану қабілетін қарағанда жеке сөздердің, сөз тіркестерінің спецификалық ерекшеліктеріне қоса, жалпы халықтық тілдегі сөздердің семантикалық даму мүмкіндіктерін де анықтаймыз. Нағыз суреткер

тілдің осындай айрықша қасиеттерін дәл танып, оларды шебер пайдаланады. Ағылшын жазушыларының шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданылуынан мынадай жағдайлар аңғарылады. Мұнда сөздердің фразеологиялық тіркесінің кеңеюі және олардың әрқилы өзгеріске түсуін көреміз. Мәселен, бұрын тіркеспеген, бір-бірімен байланысқа түспеген сөздерді жазушы алуан түрлі құбылту нәтижесінде қилы-қилы қызықты комбинация құрады. Мұндай жаңашылдықтың бәрі де әрине тілдің заңдылықтарына мүлде қайшы келмей, қайта сөздердің тіркесу қабілетіне сай фразеологиялық топтар негізінде жасалады. Сонда көптеген сөздер мен жаңа жасалған тұрақты тіркестердің семантикасын анықтап, олардың көркемдік ажарын мүмкіндігін толықтыра түседі. Жазушының халықтан ала бөтен тілі жоқ, сонымен бірге оның шығармаларының тілі жалпы халықтық тілмен тепе-тең де бола алмайды.

Фразеологизмдер жалпы халықтық тілдің шұрайлы бір элементі, тобы, яғни бұларды да сол халықтық тілмен тығыз байланыста қарау керек. Сонымен бірге олардың өзгешелігін де айыра білген дұрыс. Бұларды белгілі бір көркем туындыда қолданудың реті біркелкі емес. Ол біріншіден, автордың талғамына, екіншіден, шығарманың мазмұн-мақсатына, үшіншіден, жанрына байланысты. Жазушы сол шығармасында айтпақ ойын, оқырманға білдірмек мақсатын жалпы халықтық тіл мен әдеби тілдің бай материалын барынша мол пайдалана отырып баяндайды және ол ойды қалай болса, солай емес, мейлінше түсінікті, шебер жеткізуге тырысады. Ал жазушы тілін түсінікті, әсерлі, дәмді ететін бейнелеу құралдарының бірі – фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, идиомдар. Бұларды қолдануда жазушылардың әрқайсысы әрқилы тәсілдерге барады.

Фразеологиялық тіркестердің грамматикалық заңдылықтары олардың стилистикалық қызметін де танытады. Яғни бұл синтаксистік стилистика элементі. Бұдан біз фразеологизмдердің белгілі бір грамматикалық формаға түсіп, қажетті стилистикалық қызмет атқаратынын көреміз. Сөйлем біздің қатынас құралымыз – тілдің ерекше единицасы. Егер сол сөйлемдегі кейбір сөздің, не жай тіркестің бірінің орнына фразеологиялық тіркесті қолдансақ, сөзіміз басқаша стилистикалық өң-ажарға ие болатынын байқаймыз. Әлгі сөйлеміміз бұрынғыдан гөрі экспрессивті-эмоциональды кейіпке түседі, басқаша айтқанда, әсерлі әсем болмақ.

Бұлар сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысқа түскенде әрқилы мінез танытады. Егер бастауыш рөлінде тұрса, сол бастапқы дербес күйі сақталады, ал сөйлемнің басқа мүшелерінің бірінде тұрса әбден кірігіп кетеді. Сөйтіп олардың грамматикалық байланыстары әртүрлі. Күрделі тіркестер – идиомдарды, фразеологиялық топтарды былай қойғанда, жеке сөздердің өзін де екінші тілде беру процесі оңайға түспейді. Өйткені қайсыбір тілді алсаңыз да, оның әрқайсысының өзге тілге сай келе бермейтін толып жатқан ерекшеліктері бар. Туыстығы басқа тілдердің бірінен-біріне аудару процесі оңайға соқпайды. Әлгі қиындықтар осы тектес ерекшеліктерге де байланысты.

Қазіргі реалистік аударма теориясы түпнұсқаның осы типтес өзгешеліктерін толық жеткізуді талап етеді. Шығарманың тек мазмұнын қанағат тұтып отыратын кез де болған. Енді мазмұн мен идеяға қоса шығарманың сан қилы тілдік құбылыстарын, автордың стилін жеткізу – өмірдің өзі туғызған заңды талап. Яғни белгілі бір шығарма түпнұсқада қандай болса, аударма тілде де үлкенді-кішілі бар қасиетімен түгел жеткізілуі тиіс. Ғалымдардың, тәжірибелі аудармашылардың пікірінше, идиомдар мен фразалық топтар аударманың ең қиын саласы екені анық. Бұл фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің өзіндік қасиеттерінен туатын қиындықтар. Және фразалық топтардың әр тілде өзінше тұрақтанған, сол тіл аясына ғана сыйымды тұтас мағынасы болатынын жоғарыда жеке-дара тексеріп қараған болатынбыз. Әдетте идиомдар барынша қысқа боп келеді де барлық компоненттері жиылып бір-ақ мағына білдіреді. Ал компоненттерін жеке-жеке алып қарасаңыз, өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, дерексізденіп кеткенін байқамыз. Бұл көптеген жыл жемісі болса керек.

Фразалық топтар да идиомдар тәрізді қысқа, нақты, тұжырымды боп келеді. Компоненттерінің негізгі орны тұрақты. Бірақ мұның компоненттері бастапқы, негізгі мағынасынан айырылмай-ақ бір тиянақты ойды бейнелеп, тұспалдап жеткізіп тұрады. Идиомдардан айырмашылығы осы қасиетінде. Бұларды аудару кезінде туатын қиындықтар осындай қасиеттеріне байланысты. Бәлкім, осы қасиеттерінің кесірінен болар идиомаларды тек сол халықтың мүлкі деп қарап, оны өзге тілге аударуға мүлде болмайды деген ұғымның соңғы уақытқа дейін белең алып келуі. Ондағы айтылатыны идиом құрамындағы сөздерді жеке-жеке аударғанда мағынасыз бір бөлдір-батпақ боп шыға келеді деу. Осылай қараған да дұрыс. Бірақ, олар әлгі идиом компоненттерін сол тілдің өзінде жеке-жеке алып қарағанда да ешбір мағына бермейтінін ескермейтін.

Сондықтан бұл жерде идиомдардың компоненттерін жеке-дара бөліп қарамай, солардың бәрі жиылып беретін мағынасын ғана екінші тілден іздестіруіміз қажет. Сонда біз әлгідей ел мен елдің, халық пен халықтың арасына қорған орнатып, шек қоймайтын боламыз. Сайып келгенде, бір халықтың тілінде жазылған, айтылған ой мен мазмұнды және оның қалай айтылуын екінші тілде әбден беруге болады. Өйткені ұлт пен ұлттың зат, әлем тұрғысындағы түсінігінде жоғары, төмендік жоқ, бәрінің ойлау жүйесі бірдей. Міне, сондықтан аудармашы-ғалымдар, жазушылар автордың қандай бір ерекшелігі болмасын, стилін сақтап аудару керек деп тұжырады.

Идиома, фразаларды аудару дегенімізді автордың стилін беруге жол деп қарауымыздың себебі осыдан. Идиомдарды аудару жайында түрлі-түрлі пікір тараған. Бірі аударуға болады десе, екіншісі, керісінше, аударуға болмайды дейді. Мұндай кереғар пікірлердің туу себебі мынада.

Біріншіден, идиомдардың жоғарыда ескертілген ерекшеліктеріне байланысты.

Екіншіден, идиом сөздердің аударылу тәжірибесін қорытып зерттеген нақты еңбектің күні бүгінге дейін болмауында. Үшіншіден, бұл мәселе

жайында пәлендей бір ереже жасау қиын-ақ. Сондықтан әрбір нақты іс, тәжірибе үстінде аудармашы өзінің білімі, таланты, шеберлігінің шама-шарқына орай бұл мәселені өзінше шешуі тиіс. Оның негізгі сүйенетін тірегі автордың стилі болу керек. Идиом мен фразалық топтарды, мақал-мәтелдерді аударудың біздіңше, бірнеше жолы бар сияқты. Екіншіден, аударылатын тілден сол мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің эквивалентін іздеу қажет. Ондай эквиваленттер көптеп табылады. Халықтардың тіршілік ету формасы, тұрмыс жайы ұқсас келе береді. Соған орай әрбір ұлттың өмір тәжірибесін тұжырып, нақтылап, ұйқастыра айту қабілеті байқалады. Әлгі айтылған сөздің объектісі бір болуына байланысты ұқсас фразеологиялық орам жасалады.

Көркем әдебиетте жалпы халықтық тіл барлық грамматикалық айшықтарымен, сөздік құрамының күллі байлығымен жазушының шеберханасына түседі де, шындықты суреттеудің құралы есебінде пайдаланылады. Жазушы дәл осы жалпы халықтық тіл арқылы әдеби кейіпкерлер мен мінез-құлықтарды сомдап соғады. Кейіпкер бейнесін дараландырып, типтендіріп, диалог жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін құрады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындайды, жазушы стилін тұрақтандырады. «Оливер Твист» аудармасы дегенде ең алдымен айтарымыз бұл шығарма тәжірибелі аудармашының қолына тиген. Қайсыбір аудармашыларды қарағаныңызда, аудармашының кейбірінің түпнұсқа тілін немесе аударма тілін жете білмейтіндігі көрініп тұрады. Тілді аударма білу үлкен шеберлік. Ал енді сол тілді түпнұсқаның ыңғайына қарай бейімдеп, өзге тілде өрнектелген сом бейнелердің сан алуан сөз түйдектерін жасауын, сөйлеу мәнерін, түпнұсқаның шеңберінен шығып кетпей, екінші тілде беру және сол аударылғалы отырған тілдің ішкі заңдылықтарын бұзбай беру бұдан да асқан шеберлікті тілейді. Аудармашы аударма өнерінің осындай қиын да қызықты принциптеріне ыждағатпен қараған.

Бұл шығармада фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді қолданатын кейіпкердің бірі Оливер. Ол өзі өмір сүрген ортаның бар тірлігіне белсене араласып, өз пікірін қаймықпай айтатын адам. Оның сөздері бейнелі, бедерлі. Белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы әдет-ғұрып, салт-санасы, күнделікті тұрмысына байланысты қалыптасқан ұғымдары болады. Соған орай түрлі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, нақыл сөздер жасалады. Яғни, керісінше, әлгі мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың, белгілі бір дәуірдегі тіршілік-тынысынан хабар беретін тарихи факторлар. Аудармада мұндай факторларға мән бермеуге болмайды. «Оливер Твисттегі» фразеологизмдердің біразын қазақ тұрмысына байланысты туған мақал-мәтелдерімен аудару ұшырасады. Көп жағдайда бұл тәсіл оқушыны түпнұсқадан аулақтататын тәсіл. Мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді аударуға болатынын көрдік. Оның бірнеше жолы бар. Әрине, мұның бәрі аударма сияқты азабы мен қызығы мол істе дөп келе бермеуі мүмкін. Қалай дегенде де аудармада түпнұсқадағы кестелі сөздерді келісімді етіп беруге әбден болады.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді.

Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші - көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдер болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тілдің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар. Жалпы, тіл білімінде фразеология мәселесі көп зерттеліп келеді десек те, әрбір әдеби тіл кезең ерекшелігін ашатын оның бай фразеологиялық қоры мен құрамы туралы арнайы зерттеулер жүргізілген емес.

Тілдегі фразеологизмдер – тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойына пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі. Әр жазушы өз өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады. Шын мәніндегі ағылшын көркем әдебиетінің ұлы тұлғалары ретінде танылып, Шекспирмен негіздеген жазба әдеби тіл дәстүрін әрі қарай жалғастырған ағылшын жазушылары осы тіл қазынасын мәнді материал, көркем құрал етіп, әдеби тілдің көркемдік дамуын ілгерілетті. Көркем шығарма тілінің фразеологиялық қорын зерттеу – бір жағынан жалпыхалықтық тілдің кезеңдік ерекшелігін терең білуге себептессе, екінші жағынан, әр суреткердің тіл шеберлігін жан-жақты ашып, оның әдеби тілімізді дамытудағы рөлін анықтаудың бірден бір жолы болып табылады. Себебі фразеологизмдер көркем әдебиет қажетін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын ақтайтын ең бір күшті тілдік құрал болып келеді. Сондықтан әдеби тіл дамуы кезеңдерінің көркемдік сипатын танытуда қомақты материалды «тілдің әдебиеттік сипаттарының біреуі» – фразеологизмдер береді.

Көркем шығарма тілін біршама терең зерттеген орыс ғалымы А.И. Ефимов әдеби тілдің негізі жалпыхалықтық екенін және сөз шеберлері сұрыптаған, байытқан тіл екенін айтады. Көркем әдебиет тілі, жеке жазушылар тілі - әдеби тілдің сипатын толығырақ көрсететін элемент және әдеби тілдің өзге стильдеріне қарағанда, жалпыхалықтық тіл нормасына көркем әдебиет тілі жақын тұр, яғни әдеби тілдің жалпыхалықтық сипаты көркем әдебиет тілінен көбірек сезіледі. Көркем шығармада тілдің сөз байлығы мейлінше мол жұмсалып, әр алуан ой мен сезімді білдіретін тілдік мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану орын алады. Яғни мұнда көркем тіл үшін икемділігі мол фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жинақталады.

Жазушы осы қазынаны пайдаланып, соның үлгісінде жаңаларын жасайды. Осы арқылы өз кезегінде әдеби тілдің дамуын жетілдіре, толықтыра түседі. С. Дөнентаев шығармашылығын тілдік қолданыс жайы жағынан зерделеу қолға алына қойған жоқ. Тіл білімінің қай саласын болмасын тақырыпқа тартуға болады. Дегенмен біз ақынның бір ғана өлеңіндегі тұрақты бірліктерді қарастыруды қолға алдық. С.Дөнентаевтың «Сарыарқа анамызға» шығармасы арнау, оның ішінде жарлай арнау өлеңдерінің, қатарына жатады. А.Байтұрсынов фигура түрінің бірі ретінде әсерлеуді алға

тартып, оған «...сөздің әсерін күшейтіп сөйлетуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты тыныш күйінде тұрғандағы адамның аузынан шыққан сөз бен көңіл көтереңкі я бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды» - деп, оның үш түрін сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау, алға тартады [1,167 б.].

С. Дөнентаев өлеңінің көңілге әсері ерекше. Ең алдыңғы орынға Сарыарқа амандығы мен салауаттылығы шыққан: *Жүз қылдық, мың шүкірлік жеткізді Алла, Бола деп мұндай, сірә, ойда бар ма? Аймалат көкірегіңді, қыс мойнымнан, Арман жоқ шықса жаным бүгін таңда*. Екінші – тарихи танымға терең бойлаған: *Хан болған Бөкей, Жәңгір, Абылайың, Ер болған Кенесары, Наурызбайың. Сықылды Төле, Едіге бийің өтті, Көп қозғап ескі дертті не қылайын*. Үшінші – сол уақыт шамасындағы қауқарсыздық орын алған: *Таусылып о күндегі оңды балаң, Арами, азғын туды соңғы балаң. Болмаса Басыңда сол бір дәурен тұрған шақта, Кім саған көз алартты, беттен алды*. Солай бола тұра, ақын күдер үзе қоймайды: *Кез келдің мына күнде анамыз-қарт, Басалқы айт, түзу жөнге балаңды тарт*, - деп болашаққа сенім ұялатады.

Жалпы, қара өлең ұйқасына құрылған сегіз шумақты шығарманың әрқайсысында фразеологиялық қолданыс орын алған. Алғашқы шумақ *Жасаған жылдан есен, айдан аман* - деп аяқталады. *Ел аман, жұрт тыныш* ыңғайында келетін тілдік бірлік ақын аузынан белгілі бір уақыт шамасын емес, уақыттың созылық күйін білдіру үшін пайдаланылған. Әйтпесе, аталған фразалық бірлік «Айдың аманында, заманның дұрыс кезінде, бейбіт күнде, жайшылық уақытта» деген ұстанымды айғақтайтыны рас [2, 205 б.].

Екінші шумақ та фразоқолданысқа толы. Оның ішінде *жүз қылу, мың шүкірлік (ету), Алла жеткізу* қарапайым халық тіліндегі қолданыстар да, *жаным шықса* тіркесінің мағынасын сөздіктен табуға болады. Бірақ оны қарғыс мәндегі айтылымда емес, ел-жер сағынышына берілгендік деп түсінген жөн:

Жүз қылдық, мың шүкірлік жеткізді Алла,
Болам деп мұндай, сірә, ойда бар ма?
Аймалат көкірегіңді, қыс мойнымнан,
Арман жоқ шықса жаным бүгін таңда.

Үшінші шумақтық біртұтас бірлік шақтық, жақтық байланыспен берілуіндегі тұрақты тіркесімдер *басың құтты, қастық қылды* сынды антонимдік тәсілге бағынған. Мұндағы алғашқы тіркес *Басынан құс ұшырмады* мәнімен ұштасып отырса, екінші тіркес *жаманшылық істеді* мәнін алға тартқан. Қараңыз:

Кезінде бойың сыйлы, басың құтты,
Өстірдің тәрбиелеп талай ұлды.
Бақытсыз балаларың туғаннан соң,
Дұшпандар қастық қылды, үзді, жұлды.

Өлеңнің қалған шумақтарының әрқайсысында *ескі дерт; көз алартты, беттен алды; жат ел; басалқы айт* сынды фразеологизмдер кездеседі.

Бұларды фразосөздік арқылы түсіндіру ең оңай жол. Мұндайда олардан қазақ халқының басынан өткен таршылық заман түсіндірмесін аламыз. Мұның сыртында ақынға тән авторлық қолданыс деп қабылдауға болатын бірліктер де бірсыпыра: *аймалат көкірегіңді; хан болған; ер болған; мас батырдай байлап беру; қоңсы болу; жасың жеткен шақ*. Бұл тіркестерді К.Аханов фразеологиялық сөйлемше деп атап, «Фразеологиялық оралымның бұл түрі мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келетінін» көрсетеді [3,176 б.].

Жалпы, қазақ ілімінде тұрақты бірліктер идиома және фраза деп жеткізілді. С. Аманжолов пікірінде, идиомалық бірліктерді *образды бернелі құрама*, фразалық бірліктерді *бернесіз құрама* деп атаған жөн. «Бернелі фразеологиялық бірліктер – мағыналық, тұлғалық, ұғымдық жағынан біртұтас болып жымдасып, тұтастыққа, тұрақтылыққа жеткен» де «Бернесіз фразеологиялық бірлік – мағыналық, тұлғалық, ұғымдық жағынан тұтастыққа жеткенмен, құрамындағы сөздің біреуі өзінің негізгі мағынасын сақтайтын» бірлік [4,76 б.]. Бұдан түсінетініміз, фразада құрамындығы жеке сөздердің бірінің мағына сәйкестігіне жақындығы болса, идиома бұған керісінше бағытта түзілді. Ақын шығармасынан бұларды саралап шығуға болады. Фразалық бірліктер: *басың құтты, ескі дерт, беттен алды*. Идиомдық бірліктер: *жат ел; басалқы айт*. Бірақ қазіргі уақытта фразалық-идиомдық бірліктерге сақтықпен қараған жөн. Мәселен, *ескі дерт* бірлігін контекске қарап, оның алғашқы фразеологиялық мағынасындағы *бұрынғы ауру* дегеннен гөрі, *бұрынғы заман* мағынасында жұмсалғанын көру қиын емес. Демек, ол өзінің фразеологиялық мағынасында фразалық бірлік болғанымен, контекстік мағынада идиомдық қызметті атқарған.

Әдетте, тұрақты тіркестерді құрылымдық тұрғыдан қарастырудың жолдары қалыптасқан. Аналитикалық сипатты, бірыңғай мүшелі, сөз тіркесі құрылымды және сөйлем құрылымды болып келетін бірліктерге С. Дөнентаев өлеңінен де жауап ала аламыз. Ең алдымен, аналитикалық сипатты құрылымға есім сөз бен етістік сөздердің тіркесе келіп бір мағынаға ие болуын жатқызамыз. Мұндай тіркестер жеке авторлық қолданыспен (хан болған, ер болған, қоңсы болған) қатар, нақты фразалық бірлікте де берілген: *жүз қылу, қастық қылды, басалқы айт*. Бірыңғай мүшелі қолданыс аз да болса кездеседі: *жылдан есен, айдан аман*. Бірыңғай мүшелі құрылым баяндауыштардың топтасуы арқылы да берілген: *Бақытсыз балаларың туылған соң, Дұшпандар қастық қылды, үзді, жұлды*.

Өлеңде фразеологизмдердің сөз тіркесі құрылымда болып келуі жиі. Оның өзінде есімді сөз тіркесі (мың шүкір, ескі дерт, жат ел) және етістікті сөз тіркесі (көкіреңді аймалат, көз алартты, беттен алды) орын алған. Ал сөйлемдік құрылымдының өзін төмендегіше саралауға болады. Жай сөйлем құрылымды: *құдай көзге көрсетті, жаным шықса, басың құтты*. Бұлар жалаң құрамды жай сөйлемдер болса, *басыңда сол бір дәурен тұрған шақ, жасың жеткен шақ* сынды атау құрылымды сөйлемдер де бар. Сонымен қатар *Жүз қылдық, мың шүкірлік, жеткізді алла* сөйлемі салаластың көп құрылымды түріне жауап береді де, *Өз-өзін мас батырдай байлап беріп,*

Жат елге қоңсы болып қонды балаң құрылымы сабақтас құрмалас ретінде көрініс тапқан деп білеміз. Сабақтас құрылымды қатарға Басыңда сол бір дәурен тұрған шақта, Кім саған көз алартты, беттен алды мен Шағыңда жасың жеткен күте алмаса, Кінәң жоқ, обалыңды алашқа арт сөйлемдерін де жатқызуға болады. Бұл талдауларымыз Н.Уәлиевтің «Фразеологизмдер мазмұны жағынан жеке сөздерге (лексикалық единицаға), формасы жағынан сөз тіркестері мен сөйлемдерге (синтаксистік единицаға) ұқсайды. Мұның өзі фразеологизмдердің екі тұрғыда – форма тұрғысынан (в плане выражения) және мазмұн тұрғысынан (в плане содержания) қарауды қажет етеді» дегенін қуаттандыра түседі [5,106].

Лесикалық бірлік ретінде қарау фразеологизмдердің мағыналық құрылымын ашуға көмектеседі. Мұндайда олардың қарсы мәнді, мәндес мәнді және омоним мәнді болып келуі алдыңғы орынға шықса керек. Мәселен, *жаным шықса, қастық қылды* тіркестері мен *көз аларту, беттен алу* бір-біріне синонимдес те, алдыңғы тіркестерге (*жаным шығу, қастық қылу*) *Өзіңмен ұрпағыңды еткей еді, Жасаған жылдан есен, айдан аман* бірліктері контекстік антоним құрайды. Сонымен қатар *басың құтты* мен *қастық қылды* да өзара контекстік антонимдер.

Фразеологизмдер кең мағынада фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер, көркем сөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы болып саналады. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы қорланып, қалыптасқан, толассыз дамып, толығып отыратын, әрқашанда қолданысқа дайын тұратын көркем сөз құралы болып саналады. Яғни, көркем сөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануына болатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі болып есептеледі. Әдетте, фразеологизмге тән ерекшеліктердің бірі ретінде олардың тұлғалық, құрамдық және ішкі орын тәртібінің тұрақтылығы көрсетіледі. Әрине, бұл тұрақты тіркестерге тән жалпы заңдылық, бірақ қатып қалған, ешбір өзгеріске түспейтін құбылыс емес, белгілі шарттылыққа бағынатын заңдылық. Бұл белгілі ғалым, профессор Рабиға Сыздықованың сөзімен айтқанда, сөз құдіретінің арқасында іске асатын құбылыс [5, 16 б.]. Ол – ғалымның бейнелі түрде атаған «сөз әрлеу» тәсілі. Сөз әрлеу деп отырғанымыз да, айналып келгенде сөз таңдау, сөз қолданысы дегеніміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы», қызметі, стильдік жүгі, (орысша айтқанда, «поведение слово в художественном тексте») деген тұтас құбылысқа кіреді. Әсіресе, «сөз әрлеу» дегенде, сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөз бейне болып, келген сәттері талданады. Фразеология деген терминнің мағынасы кең, оны әр түрлі ұғынып, әр алуан салада зерттеу объектісі етіп алуға болады.

Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы мен жеке жазушы шығармасындағы фразеология немесе жеке бір шығарманың фразеологиясы, яғни авторлық өзгеріске ұшыраған тұрақты тіркестер бір-бірінен зерттеу тәсілі жағынан да, мазмұны жағынан да өзгешелігі бар. Жалпыхалықтық тілдің фразеологиясы оның барлық табиғатын қамтыса, авторлық өзгеріске

ұшыраған фразеологиясынан стильдік өзіндік ерекшелігі айқындалады. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тууы және тілде қалыптасуы халықтың ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, этнолингвистикасымен байланысты болып келеді. Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестер, қанатты сөздер бірте-бірте тілдің біркелкі сөздер қорына еніп жатыр. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тууын және уақыт келе афоризмдерге айналуын проза тілінен айқын байқауға болады.

Стилистикалық тұрғыдан қарағанда, авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі, тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады. Сол себепті де Рабиға Сыздықова: «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) түгендеу емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ» [5, 63 б.] табиғатына тән осы бір қасиетін біз жалпы сөз қолданыс жүйесінен, әсіресе, проза тілінен айқын көреміз. Проза тілінің шығарма бойындағы үйлесімділік, кейіпкердің әсем де әсерлі іс-әрекеті фразеологизмдердің «қамырша иленіп», сан алуан өзгерістерге түсуіне әсерін тигізеді.

Фразеологизмдердің проза тілінде мұндай өзгерістерге түсуі және ол өзгерістердің шегі мен түрі, сайып келгенде, жазушының шеберлігіне және сөз саптау мәнеріне тікелей байланысты болып келеді. Мұндай шебер суреткерлер қатарынан қазақ прозасына өз қолтаңбасын қалдырған көрнекті жазушы Оралхан Бөкейді ерекше атауға болады. Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішінде тұрақты сөз тіркестердің алатын орны ерекше. Тұрақты тіркестер көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап, бейнелей суреттеудің тілдегі дайын құралы болып табылады. Халық тілінің осы бір байлығын жазушылар өз шығармаларында қажетіне жаратып, өзіне керегін таңдап алады. «Фразеологизмдерді әр жазушының өз қажетіне байланысты жаңғыртып қолдануы, оның ой-пікіріне, эстетикалық талғамына, қоғамдық өміріне, философиялық көзқарасына сәйкес келеді» [2, 54 б.]. Профессор А.И. Ефимов «Жазушылардың өзіндік стилі деп көркем шығармаларындағы жалпы халықтық тілдің тәсілдерін өңдеп жұмсаудағы сөз құрау жүйесі», - дейді. Кез келген жазушы халық тілінің бар байлығын сөз айшықтарын өз шығармаларында дәл, айқын, аса бір ұтқырлықпен жұмсай отырып, өзіне ғана тән стиль жасайды. Қазақ тілінде фразеологизмдерді берудің екі жолы қарастырылады:

1. Жалпы халықтық сипатта қолданылатын фразеологизмдер.
2. Авторлық өңдеумен қолданылатын фразеологизмдер.

Кез келген қаламгер өз шығармаларында фразеологизмдерді дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де қолданады. Фразеологизмдердің тілдік тұрғыдан алғанда. Бейнелі, экспрессивті-эмоционалдық қасиеттерімен тартымды берілуі әр жазушының талғамы мен тілдік қорына байланысты. Соған байланысты тұрақты сөз тіркестері біреуде аз, екіншіде мол, біреулері

дайын күйінде, ал қайсыбіреулері оны тыңнан туындатады. Фразеологизмдер кейде түгелдей автор еңбегінің жемісі болса, кейде халықтың фразеологизмдерден бастау алып, біраз өзгерістерге түсіп, өзгермелі болып та келеді. Өзінің бұрыннан қалыптасқан тұрақты мән-мағынада кейбір фразеологизмдерді жазушы әдетте стильдік мақсатта қолданады. Өзгермелі деп контекст қалауына бір ғана қолданымдық болып қызмет атқаратын фразеологизмдерді атаймыз. Фразеологизмдерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру өзгермелі болу – жаңарту, түрлендіру мақсатын көздейді. Авторлық қолданыстағы фразеологизмдер көркем әдебиет тілін жаңа сатыға көтеріп, оның өркендеуіне әсерін тигізері анық. Фразеологизмдердің тұрақты қалыпта қолданылу табиғатын ескере отырып, олардың көркем әдебиет тілінде жаңаша қырынан танылуын зерттеу – бүгінгі заман талабы. Жазушы О. Бөкей өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген. Соның ішінде, О. Бөкейдің әңгімелеріндегі тұрақты сөз тіркестердің жалпы халықтық формада қолданылуы да және авторлық өңдеумен қолданылғандығы бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Мысалы, «Кербұғы» әңгімесіндегі берілген фразеологизмдерге тоқталайық:

1. Ындыны кебе үш рет ұмтылды, үш ретінде де осынау халге душар болып, тартынып кетті [39, 6 б.].

2. Бұрын мынау иін тірескен орман, анау қалғып-шұлғыған қапсағай таулар мен қойнау-қойнауына қорқыныш паналатқан құз-аңғарлар Кербұғы үнін іліп алып, үздік-создық қайталап, көпке дейін жаңғырығып, даңғаза қуатпен алысқа жөнкіліп тараушы еді-ау!

3. Әлде көз алдында ақырғы рет секіріп, билеп кетіп бара жатқан жас марал-қызды енді қайтып (түсінде, қиялында болмаса) көре алмайтыны; енді қайтып салмақпен жүріп, сабырмен еркелейтін марал-анаға наз қыла алмайтынын; енді қайтып көре алмасы, ести алмасы, көп баянсыз жалғанның тұмбасына шым батқан, тұманына шын адасқаны енді ғана есіне түскендей селк етіп, ұнжырғасын көтерді де, тағы да бір рет жан дүниесін қақырата ышқынды.

4. Кеше таң алакеуімінде Кербұғы әдетінше маралдарды алдына салып тауға беттей бергенінде, өліспей беріспейміз дегендей басқа бұғылар үйірді шыр айнала қоршауға алып, жібермеп еді [39, 7 б.].

5. Соңсоң ежелгі намыс қамшылап, теке тіреске жетеледі [39, 8 б.].

6. Кербұғы мойын сіңірлерін сәл босатып жіберсе, зіл болып басқан алтын бас сылқ етіп, қара жерге домалап түсердей еді, дес берді де, намысқа тырысып қана тегіндегі атақ-даңқын сақтай алды.

7. Әйтсе де қарсыласынан өзінің келмеске кеткен жастығын көріп, екі шықшыты қан қақсап, көзін қайта жұмды [39, 9 б.].

8. Осы бір оқиғаны еріксіз есіне алған Кербұғы ұмтылып барып, қайыңның сарғая бастаған жапырағын үзіп алды да, талмап оразасын ашты.

9. Мынау меңіреу орманда тек Кербұғы ғана жапа шегіп қалғандай, ербең еткен тіршілік иесіз.

10. Сарқынды қуатын жұмсап, иелігіне алған маралдардың бабын табатын дәрмен жоқ та еді [39, 10 б.].

11. Билеп кеп, тұмсығынан жалап-жалап алған жас маралға көзді ашып-жұмғанша шапты да, ендігі сәтте бар үйірді алдына салып айдап, қыр аса жөнелді. [39, 11 б.].

12. Өз мүйізі өзіне сор әкелген бұғы тауы шағылып, тас бауыр әлемнен ат құйрығын кесісе түңілді де.

13. Ендігі қалған қарға адым су ішкілігін өңкей өткенін ойлаумен өткізуге бел байлады білем, үлкенірек байсамырсынды паналай қайта жатты бұйығып... [39, 12 б.].

14. Жан ұшырды, торға қамалды.

15. Екі шықшыттан қысқанда, көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспан айналып, жер түскендей болды, өзін қаумалаған адам, анау орман, тау-тастың бәрі төбесінен тік шаншылды [39, 13 б.].

16. Иә, иландырар дәлел сұрамайтын сырты түк, іші тезек хайуан болған соң, өз тілек-терінің құрбандығына шалды да: «Дүниедегінің бәрі де қауіпті, бірақ бәрі де қасиетті», - деп ақыл айтты [39, 14 б.].

17. Егер бұта қараған сыбдыр етіп, нендей қауіп төнген болса, тамам марал шыр көбелек шеңбер құрып, Кербұғыны ортаға алатынды; ал тар жол тайғақ кешулерде не алға, не артқа салмай үнемі қауіпсіз ортада ұстайтын [39, 14 б.].

18. Қарайғанның бәрінен қызғанысып, қызғыштай қорып жүрген ер бұғы бүгінде қор болып жатқанда, қолтығынан демер кімі бар? [39, 15 б.].

19. Бір жұтым суға зәру, кепкен өңеш қырнап жөткерінді-ай [39, 15 б.].

20. Кейде толған айдың жаңұт нұрына ер-келей жусап жатқан мың миллион тұз тағысы жер қайысқан қалың қолды елестетер, сонсоң таң сарғая тау жазирасын қақ жарып, жұбын жазбастан өрер: өре түрегеліп, өре жөнелген Алтай еркелері ағаш-ағаштың, қоқышоқының басында байланып тұрған ақша бұлттарға сіңіп, мәңгілік көзден ғайып болардай еді [39, 16 б.].

21. Жас шағында ессіз жақсы көргенін ұмытты – мәңгіге ұмытты білем, оқыс тәуекелге бел буды [39, 17 б.].

22. Кербұғы көзінен от шашып, шегіншіктеп барып бар қуатымен алға атылды, жаңбырдың суына иі қанып былпылдаған жерге артқы қос тұяқтың ізін оя тастады да зу етіп, биік қорғаннан асып-ақ түсті [39, 17 б.].

23. Өң мен түстің арасында ес жия алмай, біраз сілейіп тұрып, өз ерлігіне өзі қайран қалғандай секіріп билеп, Ақшоқыға қарай артына қайтып қайрылмастан тарта жөнелді [39, 18 б.].

Берілген сөйлемдердегі тіркестердің бәрі жалпыхалықтық формада қолданылған тұрақты сөз тіркестері. Бірақ О. Бөкей өз әңгімелерінде тұрақты сөз тіркестерін кез келген уақытта тілдік тұрғыдан бейнелі, тартымды етіп беруге тырысады. Кейіпкерлерінің іс-әрекетін ашу немесе көңіл-күйін, жан-сезімін білдіруде болмысын дәл баса жеткізіп, орнымен жұмсайды. Мысалы, берілген тұрақты сөз тіркестеріне тоқталатын болсақ, душар болу – кезіге кетті, тап болды; иін тірескен – өте көп, тығыз, кептеліп сірескен, аяқ алып жүргісіз; наз қыла алмады – еркелемеді, қылық көрсетті; алакеуім (көлеңке) –

бозамықты күңгірт шақ; теке тірес – қатты ерегіскенде айтылады; дес беру – ырық берді, айтқанға көнді, бойұсынды, сөзге құлақ асты; келмеске кеткен – дүниеден қайтты, өлді, қаза тапты; оразасын ашты – таңертеңгі асын ішті, нәр татты; жапа шекті – қорлық көрді, азып-тозды; дәрмен жоқ – шама, күш-куат жоқ деген мағыналарды береді. Бұл тұрақты сөз тіркестері етістік тобына және есім тобына жататын фразеологизмдер. Мұндағы иін тірескен, наз қыла алмады, дес беру, жапа шекті, оразасын ашты, душар болу, келмеске кеткен атау тұлғалы зат есімдердің етістікпен тіркесу арқылы келетін етістік тобына жататын фразеологизмдер. Алакеуім, дәрмен жоқ, теке тірес есім тобына жататын фразеологизмдер. Тұрақты тіркестер – образ, характер жасауда, қоғам құбылыстарын, табиғат көріністерін бейнелі, көркем суреттеуде, адамның психологиялық жағдайын көрсетуде, ішкі сезімін суреттеуде бірден-бір дайын құрал. «Фразеологизмдер шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық калорит береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу, қажетіне жарату «адам жанының инженері» - жазушының шеберлігіне байланысты» - дейді Х. Қожахметова. Сондықтан да тұрақты тіркестерді қолдану қаламгер шеберлігіне тікелей байланысты. Жалпы қаламгер тіліндегі тұрақты тіркестерді зерттеу барысында әр қаламгердің фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қан-шалықты тергендігін және қаншалықты жаңа түрлерін ұсынғандығын сол арқылы әдеби тілге қосқан өзіндік үлесін айқындауға болады. Оралхан Бөкейде жаңа тіркестер жасап, жүйелі жолдарын көрсеткен. Өлеңдерін көркем суреттеу үшін, айтпақ ойын экспрессивті-эмоционалды мәнде бейнелеу мақсатында әдеби тілге жаңа тіркестер әкеледі.

Бұдан жазушының тұрақты тіркестерді өте шебер қолдана алатындығымен қатар, оқырманға түсінікті, әрі әсерлі болуы үшін де пайдаланған десе да болады. Қорытындылай келе, Оралхан Бөкей бейнелі тұрақты тіркестерді өз ойын, көзқарасы мен дүниетанымын, жағдайларды көркем түрде суреттеуде, шығармаға экспрессивті, эмо-ционалды реңк беру мақсатында молынан пайдаланды. Ақынның фразеологизмдерді көркем суреттеудің бір құралы ретінде ұтымды, айшықты түрде пайдаланған. Олар төмендегідей тәсілдер:

1. Жалпы халықтық қолданыстағы образды тұрақты тіркестер тұлғасын еш өзгертпей, сол қалпында молынан пайдаланған (теке тірес, келмеске кеткен, дәрмені кетіп, құрбандығына шалу, бел байлаған, тар жол, тайғақ кешу, қолтығынан демер, бір жұтым, жұбын жазбау, тәуекелге бел буу, иі қану, иін тірескен, наз қыла алмау, дес берді, оразасын ашу, жапа шегу, көзді ашып-жұмғанша, тас бауыр, жан ұшырды, аспан айналып жерге тскендей болды).

2. Суреттелетін оқиғаны қоюлату үшін жалпыхалықтық қолданыстағы тұрақты тіркестер тұлғалық құрылымын трансформациялап, оларды жаңғыртып жаңартқан;

3. Бейнелі тұрақты тіркестер жасап, өзінің қаламынан соны тіркестер тудырған. Сөйтіп, халқымыздың сөздік қорын байытқан.

4. Тың тұрақты тіркестер жасауда Оралхан Бөкей нақты зат пен дерексіз ұғымды тіркестірген.

Оралхан Бөкей тілдік құрамды пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетеді. Тілді байыту, көркемдеу тәсілі жалғастығын тауып отырғандығын Оралхан Бөкей шығармашылығындағы тұрақты тіркестер қолданысынан аңғаруға болады. Жазушы халқымыздың бай қорын жан-жақты игере отырып, халық тіліндегі сөз қолданыстарын өз мақсат-мүддесіне орай дамытып, дүниетанымдық лексика көркемдік құрал ретінде алынып айшықтандыра, жетілдіре қолданады. Бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге қалдыру мақсатында ұсынады. Шығармаларының тілдік қолданысы арқылы жалпы ұлттық тілді қолданушы ретіндегі ақынның стильдік даралығы, ақынның шеберлігі, ақынның тұлғасы сомдала түскен.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында ұлттық болмыстың, ұлттық дәстүрдің – ата-бабамыздың сонау заманнан ауыз әдебиетімен жетіп, жазба әдебиетімізде орын алған ұлттық ерекшелігіміз көрінеді.

Қорыта айтқанда ұлттың ұлт болып қалыптасуына тікелей байланысты әрі маңызды рөл атқаратын елдік негіздің басты нышаны ұлттық тіл деп айтуға болады. Ұлттық тіл ұлт болып қалыптасқан халықтың рухын, ділін, мәдениетін көрсететін қарым-қатынас құралы, ұлттық бірегейліктің қажетті де, ең маңызды нышаны. Өзінің даму дәрежесіне қарай тіл: ру тілі, тайпа тілі, ұлт тілі болып бөлінеді. Ұлттық тілдің жасалуының бір белгісі – жазба әдеби тілдің қалыптасуы. Ұлттық тіл қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайға байланысты өзгеріске ұшырап, дамып, түрленіп, жаңарып отырады.

Белгілі филология ғылымдарының докторы Б. Хасанұлы тіл жайында айтқан пікірі: «Табиғаттың ең қымбаттысы – адам, ал адамның ең қымбаттысы – оның тілі... Адам өмірі тілсіз болмақ емес, оның үштен бір бөлігі қоғамдық қатынаста жетілетін болса – сол ұлы мәртебелі ана тілі арқыы жүзеге асады. » Ұлттық тіл жойылса ұлт болып өмір сүрудің қажеті шамалы. Тіл – адамның ақыл-ой қабілетінің негізінде қалыптасқан күрделі құбылыс дейміз. Бүкіл тіршіліктің, өркениет, мәдениет, ғылымның негізі – тіл. Адамзат тарихында тілдің маңызы өлшеусіз. Қазақ үшін – қазақтың ұлттық тілі рухани мәдениеттің байлығы.

Мыңдаған ғасырлардан біздің осы күнімізге дейін, алдағы келер ғасырларға жететін қазақтың тарихы, өз ұлтының тілімен жетеді. Ұлттық тілді жетік біліп, қадірлеу сол ұлт азаматының әр қайсысының парызы деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Салғараұлы Қ. Ойлан, қазақ! – Астана: Фолиант, 2009. – 184 б.
- 2 Ахметов З., Шаңбай Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.
- 3 Әліпбек А.З. Этнопсихологиядағы этнос және ұлт мәселелерін зерттеудің кейбір жолдары // Білім-Образование. 2011. №4.
- 4 Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2011. – 624 б.
- 5 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. –Алматы, 2003. – 405-б.
- 6 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1972. –79 б.
- 7 Хамзина М. Қазақ повестеріндегі көркем уақыт пен кеңістік. (XX ғ. 70-80 ж.ж.). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2004. –127 б.
- 8 Таханов С. Принципы раскрытия художественного характера в современной казахской прозе. – Алматы, 1998.–207 б.
- 9 Орда Г. Әңгіме. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2005.–Т.9.–Б.241-242.
- 10 Жұмабаев М. Шығармалары. –Алматы: Білім, 1996.–Т.3. 289 б.
- 11 Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық.– Алматы, 1980. – 158 б.
- 12 Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Құраст.: Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 13 Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 14 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Оқулық. – Алматы: Санат, 2003. – 496 б.
- 15 Аманжолов С. Тіл және жазу. – Алматы: Арыс, 2005. – 111 бет.
- 16 Уалиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Ғылым, 1998. – 201 б.
- 17 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. –Алматы: Атамұра, 2003. -208 б.
- 18 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер . -Алматы: Ғылым, 1999. –361 б.
- 19 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілі стилистикасы . – Алматы: Ғылым, 1996. – 190 б.
- 20 Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10. 18-22-бб.
- 21 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: Фил. ғыл. докт. дисс. –Алматы, 2004.
- 22 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. 1994. 23 мамыр.
- 23 Сыздық Р. Сөз сазы. Сөздерді дұрыс айту нормалары. – Алматы: Ғылым, 1983. – 250 б.
- 24 Кеңесбаев С.К. К вопросу об экспрессивно-стилистических системах литературных языков народов. – Ашхабад: Наука, 1968. – 303 б.
- 25 Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабеков А. Философия және мәдениеттану. – Алматы: Ғылым, 1988. – 95 б.
- 26 Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің ғылыми теориялық негіздері: Филол. ғыл. докт... дисс. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2007. – 308 б.

- 27 Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 624 б.
- 28 Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы, 1992. – 398 б.
- 29 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1965. – 405 б.
- 30 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1983.
- 31 Таханов С. Принципы раскрытия художественного характера в современной казахской прозе. – Алматы, 1998.–207б.
- 32 Орда Г. Әңгіме. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2005.–Т.9.– Б.241-242.
- 33 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Білім, 1996.–Т.3. 289 б.
- 34 Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық.– Алматы, 1980. – 158 б.
- 35 Ергөбек Қ. Ұлтын сүйген жүрек үні. //Қазақ әдебиеті. 1992, №10.
- 36 Әмірхан М. Мәңгілікпен межеллеу. // Егемен Қазақстан. 1992, №7.
- 37 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. –328 б.
- 38 Жарылғапов Ж. 70-80-жылдардағы қазақ прозасындағы адам концепциясы. ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. –153-б.
- 39 Оралхан Бөкей. Таңдамалы.–Т.1 – Алматы: 1994. – 415 б.
- 40 Ғалымжан Сайлауов. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті. – Алматы, 2003. – 129 б.
- 41 Арықбаев Қ. Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 352 б
- 42 І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы, 1962. – 390 б.
- 43 К.Аханов. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1965.
- 44 М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев. Қазақ тілінің стилситикасы. – Алматы, 1966.
- 45 М. Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы, 1958.
- 46 Айтбаев Ө.А. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 227 б.
- 47 Боранбаева Г.С. XV-XVIII ғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер. Ф. ғ. к. дис. –Алматы, 1994. – 169 б.
- 48 Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.

НЕГМАНОВА КЫМБАТ КАИРГЕЛЬДИЕВНА

**«Ұлттық мінез көрінісі ретіндегі фразеқордағы тілдік бірліктер
(Оралхан Бөкей шығармалары бойынша)»**

6М020500– Филология мамандығы бойынша магистрі академиялық
дәрежесін алу үшін диссертацияға дайындалған

РЕФЕРАТ

Қазақстан Республикасы
Павлодар 2015

Магистрлік диссертация Инновациялық Еуразия университетінің
«Журналистика және филология» кафедрасында орындалды.

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор
Б. Сағындықұлы

Ресми оппоненттер: филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.С.Ерғалиев

Магистрлік диссертацияны қорғау «_____» жылдың «_____» айының «_____» күні сағат «_____» Инновациялық Еуразия университетінің «Журналистика және филология» кафедрасында (1400000, Павлодар қ., М.Горький көш. 102/4, №4 корпус) өткізіледі.

Инновациялық Еуразия университетінің кітапханасында диссертациямен танысуға болады.

МАК хатшысы

Айтмағамбетова М. Б.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ұлт ұлт болып қалыптасқаннан бастап пайда болатын ұлттық болмыс сол халықтың тұрмысында, тілінде, ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларында көрініс таппауы мүмкін емес. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізі ретінде алып, соған байланысты туындаған тақырыптардың бірі – ұлттық мінез көрінісіндегі фразеқордағы тілдік бірліктер. Негізінде қазақ ұлтының тарихы мен мәдениетіне ой жүгіртсек, ұлттық рухты ғасырлар бойы сақтап ұрпағына таныта білген. Ұлттық танымын, яғни рухани-мәдени құндылықтарын тіл арқылы да жеткізген. Көркем прозада осы ұлттық болмысты ашып көрсететін фразеологиялық бірліктерді анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстанымы болып табылады, әрі оның өзектілігін айқындайды.

Зерттеу нысаны: Ұлттық болмысты, ұлттық психологияны, ұлттық мінездің ерекшеліктерін, қазақ мәдениетін көркем шығармада тілдік бірліктер арқылы айқындау. Көркем шығармада орын тепкен фразеологиялық тіркестердің ұлттық мінезді ашатындығын, ұлттық болмыстың нышандарын танытатындығын дәлелдейтін деректерді, фразеқордағы тілдік бірліктерді зерделеу.

Зерттеу пәні: қазақ прозасының тілі.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Ұлттық мінездің ерекшеліктері шығармада тілінде фразеологиялық бірліктер арқылы көрінетінін зерттеу, соған байланысты тұрақты тіркестерді айқындау. Ұлттық болмысты сипаттайтын тілдік бірліктердің рөлі мен шығармадағы алатын орнын түсіндіру. Ұлт ұғымын ашу және оның елдік негіздерін анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Ұлттық мінездің ерекшеліктерін айқындау;
- Ұлттық мінездің, ұлттық психологияның шығарма тіліндегі көрінісін айқындау;
- Фразеологиялық бірліктердің шығармадағы рөлін түсіндіру;
- Фразеологиялық тіркестердің ұлттық сипатын көрсету;
- Көркем мәтінде ұлттық мінезді сипаттайтын деректерді, тұрақты тіркестерді жинақтау;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Жұмыста көркем прозадағы фразеологиялық бірліктер ұлттық мінез көрінісі ретінде қарастырылады.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Зерттеудің нәтижелері тіл білімінің фразеология аясында белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады. Зерттеу барысында талдау жасалынған тілдік деректерді қазақ тілінің түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерін құрастыруға пайдалануға болады.

Зерттеудің нәтижелері – этнос тарихын, ұлттық дүниетанымды, ұлт мәдениетін тіл арқылы танытуға арналған дәрістерде, көркем мәтінді фразеологиялық талдауға қатысты арнайы курстарды жүргізуде, «Этнолингвистика пәндерін» оқытуда тәжірибеде қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Бұл жұмысты жазу барысында ұлттық ұғымының мәнін ашуда Қ. Салғараұлының «Ойлан, қазақ!», Р. Сыздықованың «Сөз күдіреті» т.б. әдебиеттер негізге алынды. Теориялық тұжырымдар жасауда Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақ ұлттық энциклопедиясы, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары жинақталды. Ал фразеологиялық бірліктердің көркемдігін ашуда З. Ахметовтің, Қ. Жұмалиевтің, М. Базарбаевтың, З. Қабдоловтың, т.б еңбектерін негізге алдық.

Зерттеу әдістерінің жиынтығы. Ғылыми сипаттама, шолу, салыстырмалы әдеби талдау әдістері қолданылады.

Кілтті сөздер: Ұлт, ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық мүдде, ұлттық психология, ұлттық сана, этнопсихология, фразеологиялық тіркес, тілдік бірлік, тұрақты тіркес.

Жұмыстың дереккөзі. Жазушылардың көркем туындылары, фразеологиялық, энциклопедиялық түсіндірме сөздіктер, ғалымдардың еңбектері. Қ. Салғараұлының «Ойлан, қазақ!», Р. Сыздықованың «Сөз күдіреті» т.б. әдебиеттер негізге алынды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Ұлттың ерекшелігі, дүниетанымы, мінезі, тілдік көрінісі;
- Шығармадағы ұлттық сананы ашатын тілдік құралдар, яғни фразеологиялық тіркестер;
- Көркем мәтінде тілдік бірліктер арқылы көрінген ұлттық танымның рөлі, қызметі;

Жұмыстың жариялануы. Ғылыми басылымдарда, жинақтарда диссертация тақырыбына қатысты төрт мақала жарияланды.

Диссертациялық жұмыс келесідей публикация ретінде жарияланды:

- «Шығарма тіліндегі фразоқолданыс»// «С. Дөнентаев мұрасы: таным және тағылым» ғылыми-практикалық конференция. – Павлодар қ., 2014 ж. – 153-156 б.
- «Ұлт және оның елдік негіздері»// «Collegy.ucoz.ru» интернет-журналы. 15.02.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2)
- «Көркем шығармадағы ұлттық болмыс»// «Collegy.ucoz.ru» интернет-журналы. 10.04.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1)

Жұмыстың құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Еңбектің соңында пайдаланылған әдебиеттердің тізімі берілген.

ВВЕДЕНИЕ

Актуальность исследования. Актуальность магистерской диссертации определяется ее рассуждением идеи, творческих поисков, присущих казахской литературе, дифференциация тематических, познавательных направлений. Результаты исследования могут служить пособием для будущих соискателей.

Объект исследования. Определяет степень национально-культурных особенностей в тексте.

Предмет исследования. Фразеологизмы в виде национального характера.

Цель исследования. Целью данной работы является определение степени национально-культурных особенностей в прозе, в тексте.

Задачи исследования. Для достижения поставленной цели решаются следующие задачи:

- определить научно-теоретические основы настоящего диссертационного исследования;

- выявить понятие национальный характер в виде фразеологизмов.

Научная новизна диссертационного исследования состоит в определении и обосновании понятия национальный характер в виде фразеологизмов на языковом материале художественных произведений.

Теоретическая и практическая значимость. Теоретическая значимость магистерской диссертации определяется ее рассуждением идеи, творческих поисков, присущих казахской литературе, дифференциация тематических, познавательных направлений в годы независимости. Результаты исследования могут служить пособием для будущих соискателей.

Практическая значимость работы состоит в возможности использования ее материалов и результатов в практике, анализ произведений может найти применение на уроках казахской литературы

Ключевые слова: нация, национальный характер, национальные интересы, фразеологизм, фраза, этнопсихология, этнос, национальная культура и.т.д.

В качестве **источников** исследования выбраны оригинальные художественные произведения Оралхана Бокея. Материалом исследования послужили языковые единицы, фразеологизмы из текстов художественных произведений казахских писателей.

Основные положения, выносимые на защиту:

- определение степени национально-культурных особенностей в тексте;
- национальный характер.

Апробация работы. Основные положения исследования обсуждались во время научных стажировок на кафедре филологии Сибирской академии управления и массовых коммуникаций (Российская Федерация, 2014 год), также на филологическом факультете Алтайской государственной педагогической академии (Российская Федерация, 2015 год) под руководством доктора филологических наук, профессора К. И. Бринева.

По диссертационной работе опубликованы следующие статьи:

- «Шығарма тіліндегі фразоқолданыс»// «С. Дөнентаев мұрасы: таным және тағылым» ғылыми-практикалық конференция. – г. Павлодар, 2014 г. – 153-156 с.
- «Ұлт және оның елдік негіздері»// «Collegy.ucoz.ru» интернет-журнал. 15.02.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2)
- «Көркем шығармадағы ұлттық болмыс»// «Collegy.ucoz.ru» интернет-журнал. 10.04.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1)

Объем и структура работы

Диссертация состоит из введения, двух глав, заключения, списка использованной литературы.

INTRODUCTION

The relevance of the study. Relevance of the research topic nature traditions and national character that reveals itself linguistic features people are isolated concept of knowledge. The appearance of the national character of the nation, was the national character, national honor, interest, our consciousness, national spirit of knowledge that benefits the people, began to be clarified.

Nation is starting to use steel forms the national nature of life that the people, the language, the literature is not possible to find a catcher. We order that originated taking raze the foundations of our research work to communicate, to show the character of linguistic unity. basic credo of research work to identify the unity, which is a national nature reveals the artistic prose.

The subject of the research. The object of study especially the character of Kazakh culture, psychology, national nature in an artistic composition to find out thoroughly through linguistic unity

The object of study.

subject of study Kazakh language prose

The purpose of the study. purpose of the study investigate what national character traits are seen in the composition of the language through unity, constant communication to find a combination thoroughly.

Responsibilities of research work

- national character traits to figure out the ropes
- with a national character, the show works in the language of psychology to figure out the ropes
- explain the role of writing idiomatic units
- show guises national phrase logical units
- assemble stable expression and describes the nature of the information

Theoretical and practical significance. Scientific novelty of the research to raze the national character of the spectacle is considering artistic prose

practical and theoretical importance of the work. during the study data can be used for the construction of the Kazakh phrasebook.

Findings- as well as they can be used during the course of ethnological objects, on the history of ethnic and language.

Theoretical and methodological basis The theoretical basis of the dissertation during the writing of this work helped discover the meaning «Oylan Kazakh» of K. Salgarauly, «Soz kudyreti» of R. Sysdykov an so on. And open phraseological units contributed Z. Akhmetov, K. Zhumaliyev, M. Bazarbaev, Z. Kabdolov.

The amount of research method scientific description of methods of discussion, review of comparative literature apply

Key words: nation, national character, national psychology, ethno psychology, phrase logical expressions, stable expression protect the fundamental conclusions that provide

The following methods have been used in the study:

- National feature, character, language catcher

- phraseological expressions
- National role of knowledge, activities that could be seen through the language of unity in a literary text

The research work outs when scientific publications summarize, the dissertation topic related to four articles published

Approbation of the work. dissertation will be issued in the following publications

- «Шығарма тіліндегі фразоқолданыс»./ «С. Дөнентаев мұрасы: таным және тағылым» Donentaev`s publication, Pavlodar 2014, p153-154

- «Ұлт және оның елдік негіздері»./ «Collegu.ucoz.ru» [http:// Collegu.ucoz.ru/publ/1-1-0-2](http://Collegu.ucoz.ru/publ/1-1-0-2)

- «Көркем шығармадағы ұлттық болмыс»./ «Collegu.ucoz.ru» internet magazine 10.04.2015 [http:// Collegu.ucoz.ru/publ/1-0-0-1](http://Collegu.ucoz.ru/publ/1-0-0-1)

structure work The work consists of an introduction, two chapters and conclusion. Given at the end of the bibliography

The volume and structure of work. The dissertation consists of introduction, two chapters, conclusion, bibliography.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Диссертациялық жұмыстың **кіріспе** бөлімінде тақырыптың таңдалуы негізделіп, зерттеудің өзектілігі, нысаны, пәні, диссертациялық жұмыстың мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәні, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, кілтті сөздері, зерттеудің дереккөздері, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары, жұмыстың жариялануы мен зерттеу жұмысының құрылымы анықталады.

«Ұлттық мінез көрінісі ретіндегі фразеқордағы тілдік бірліктер» диссертациясының **бірінші** бөлімінде ұлттық болмыс, ұлттық ерекшелік, жалпы ұлт және оның елдік негіздері қарастырылған.

Ұлттық болмысты, ұлттық психологияны, ұлттық мінездің ерекшеліктерін, қазақ мәдениетін көркем шығармада тілдік бірліктер арқылы айқындау. Көркем шығармада орын тепкен фразеологиялық тіркестердің ұлттық мінезді ашатындығын, ұлттық болмыстың нышандарын танытатындығын дәлелдейтін деректерді, фразеқордағы тілдік бірліктерді зерделеу.

Жұмыстың **екінші** бөлігі фразеология аясына арналған. Жалпы, көркем әдебиет тілін зерттеудің қазақ филологиясындағы жайына келсек, оның жинақталған тәжірибесін көрсететін, біршама шешімін табатын құнды еңбектер баршылық. Профессор Р. Сыздық «Сөз құдіреті» атты еңбегінде қазақтың көркем сөзінің құдіретін танытқан қаламгерлер тілін талдаса, көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген профессор Б. Шалабай көркем шығарма тілін зерттеудің өзіндік қырларын ашып көрсетеді: 1) Таза тілдік қыр; 2) Стилистикалық қыр; 3) Көркем-эстетикалық қыр.

Қазақ прозасы ідеби тұрғыдан көптеген әдебиетші ғалымдардың зерттеу нысаны болғанымен, лингвистикалық тұрғыдан тілі әр қырынан кейбір ғалымдардың жеке мақсаттарына нысан болғанымен, проза тілінің көркемдік жүйесін құрайтын фразеологизмдер біртұтас зерттеуге негіз болған жоқ. Бұл ретте көз тоқтатар, көңілге түйер еңбектерден Б. Шалабаевтың «Көркемпроза тілі», Х. Кәрімовтың «Қанатты тіл» т.б. еңбектерін атауға болады.

Профессор Р. Сыздықова: «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол – жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын танып табу ерекше орын алады» - деп, ғалым өз зерттеуінің өзекті бөлігін фразеологияға арнайды. Көркем поэзия болсын, көркем проза болсын, ондағы халық тілінің басқа элементтерімен біте қайнасып жатқан фразеологизмдерді оқып, тану – оның тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсінуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында ұлттық болмыстың, ұлттық дәстүрдің – ата-бабамыздың сонау заманнан ауыз әдебиетімен жетіп, жазба әдебиетімізде орын алған ұлттық ерекшелігіміз көрінеді.

Қорыта айтқанда ұлттың ұлт болып қалыптасуына тікелей байланысты әрі маңызды рөл атқаратын елдік негіздің басты нышаны ұлттық тіл деп айтуға болады. Ұлттық тіл ұлт болып қалыптасқан халықтың рухын, ділін, мәдениетін көрсететін қарым-қатынас құралы, ұлттық бірегейліктің қажетті де, ең маңызды нышаны. Өзінің даму дәрежесіне қарай тіл: ру тілі, тайпа тілі, ұлт тілі болып бөлінеді. Ұлттық тілдің жасалуының бір белгісі – жазба әдеби тілдің қалыптасуы. Ұлттық тіл қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайға байланысты өзгеріске ұшырап, дамып, түрленіп, жаңарып отырады.

Белгілі филология ғылымдарының докторы Б.Хасанұлы тіл жайында айтқан пікірі: «Табиғаттың ең қымбаттысы – адам, ал адамның ең қымбаттысы – оның тілі... Адам өмірі тілсіз болмақ емес, оның үштен бір бөлігі қоғамдық қатынаста жетілетін болса – сол ұлы мәртебелі ана тілі арқыы жүзеге асады. » Ұлттық тіл жойылса ұлт болып өмір сүрудің қажеті шамалы. Тіл – адамның ақыл-ой қабілетінің негізінде қалыптасқан күрделі құбылыс дейміз. Бүкіл тіршіліктің, өркениет, мәдениет, ғылымның негізі – тіл. Адамзат тарихында тілдің маңызы өлшеусіз. Қазақ үшін – қазақтың ұлттық тілі рухани мәдениеттің байлығы.

Мындаған ғасырлардан біздің осы күнімізге дейін, алдағы келер ғасырларға жететін қазақтың тарихы, өз ұлтының тілімен жетеді. Ұлттық тілді жетік біліп, қадірлеу сол ұлт азаматының әр қайсысының парызы деп есептейміз.

Негманова Кымбат Каиргельдиевна

**«Ұлттық мінез көрінісіндегі фразеордағы тілдік бірліктер
(Оралхан Бөкей шығармалары негізінде)»**

6M020500 – Филология мамандығы бойынша магистрі академиялық
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

ТҮЙІНІ

Бұл магистрлік диссертацияда ұлттың елдік негіздері қарастырылып, ұлттық болмыстың тіл арқылы шығармадағы көрсеткіштері айқындалады. Яғни ұлттық болмыстың көркем мәтіндегі көрінісі фразеологизмдердің ерекше орын алуымен танылады.

Магистрлік жұмыстың өзектілігі зерттеу жұмысымыздың негізі – ұлттық мінез көрінісіндегі фразеордағы тілдік бірліктерді анықтау. Көркем прозада осы ұлттық болмысты ашып көрсететін фразеологиялық бірліктерді анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстанымы болып табылады, әрі оның өзектілігін айқындайды.

Магистрлік жұмыстың бірінші тарауында ұлт және оның елдік негіздері ашып көрсетіледі. Мұнда ұлттың ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілері қарастырылған.

Жұмыстың екінші тарауында ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінетін болғандықтан, сол тіліміздің байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдерді қарастырады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері тіл білімінің фразеология аясында белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады деп ойлаймыз. Зерттеу барысында талдау жасалынған тілдік деректерді қазақ тілінің түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерін құрастыруға пайдалануға болады деп есептейміз.

РЕЗЮМЕ

Реферата диссертации на соискание академической
степени магистра по специальности
6М020500 – Филология

Негманова Кымбат Каиргельдиевна

**«Фразеологические языковые единицы в виде национального характера
(В произведениях Оралхана Бокея)»**

Данная магистерская диссертация рассматривает нацию и ее национальные особенности.

Актуальность магистерской диссертации определяется тем, что национальный характер определяется в прозе в виде фразеологизмов.

В первой главе магистерской диссертации раскрывается понятия нации и характерные черты, особенности, интересы.

Вторая глава магистерской диссертации раскрывает фразеологизмы национального характера в произведениях, в прозе. Определяет степень национально-культурных особенностей в тексте.

Теоретическая значимость магистерской диссертации определяется ее рассуждением идеи, творческих поисков, присущих казахской литературе, дифференциация тематических, познавательных направлений в годы независимости. Результаты исследования могут служить пособием для будущих соискателей.

Практическая значимость работы состоит в возможности использования ее материалов и результатов в практике, анализ произведений может найти применение на уроках казахской литературы.

SUMMARY

of the paper of thesis for academic degree for humanitarian sciences, on specialty
6M020500 – Philology

Negmanova Kymbat Kairgeldievna
**«Linguistic unity on the background of the national character
(Based on the works of Oralkhan Bokei)»**

The Master's thesis examines the foundations of the state of people, as well as examines vernacular poetry. In folk idioms literatures occupy a significant role. The scientific work pays considerable attention to the idioms.

The relevance of master's work is the basis of scientific work. This is based on the background of the character of the people.

Calculate the data that describe information about the Kazakh people. Determine phrase logical unit that show the national life in the prose.

The fir chapter of master's work shows national and foundations of the state.

The second chapter covers the basics of national culture, the literary life, idioms that replenish and enrich native language.

During the study we examined the language data explain the Kazakh language that may be useful in the future.

НЕГМАНОВА КЫМБАТ КАИРГЕЛЬДИЕВНА

**«Ұлттық мінез көрінісі ретіндегі фразеқордағы тілдік бірліктер
(Оралхан Бөкей шығармалары бойынша)»**

6M020500– Филология мамандығы бойынша магистрі академиялық
дәрежесін алу үшін диссертацияға дайындалған

РЕФЕРАТ

Редакциялық-баспа бөлімі
Типографияда басылған